

**А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Ж.Н. Нұрлыбаева**

# **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

**Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық  
бағыттағы 11-сыныбына арналған оқулық**

Екі бөлімді

**1-бөлім**

**11**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді

Алматы «Атамұра» 2020










ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 84(5Қаз)я72

А 37

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:

	– сөздік		түсіну, жауап беру тапсырмалары
	– тірек сөздер		қолдану, талдау, жобалау тапсырмалары
	– ғалымдардың, қаламгерлердің автор шығармашылығы мен шығарма туралы түйінді пікірлері		жинақтау, салыстыру, зерделеу тапсырмалары
			бағалау, қорытындылау тапсырмалары
	– әдеби-теориялық ұғымдар		

**Ақтанова А.С. т.б.**

**А37 Қазақ әдебиеті: 1-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныбына арналған оқулық/Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Нұрлыбаева Ж.Н. Екі бөлімді. – Алматы: «Атамұра», 2020. – 144 бет.

ISBN 978-601-331-758-8

1-бөлім – 2020. – 144 б.

ISBN 978-601-331-759-5

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84(5Қаз)я72

ISBN 978-601-331-759-5 – (1-бөлім)

ISBN 978-601-331-758-8

© Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ.,  
Нұрлыбаева Ж.Н., 2020  
© «Атамұра», 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты жас дос, әдебиет әлеміне қош келдің! Сөздің қуаты мен қасиетін бағалаған қазақ халқы оны әрқашан қадірлеген. Асыл сөз, қазыналы сөз, атадан мирас болып қалған сөз деп асқақ ұстаған.

Замандар өзгереді, бірақ әдебиеттің адам өміріндегі басты мұраты өзгермейді. Әдебиет – тәрбие құралы. Әдебиет адамның көркем ойлау санасын және рухани жан дүниесін тәрбиелейді.

Ғасырлар қойнауынан жеткен қасиетті сөз өнерінің тәрбиесі ұрпақтың бойында ұлттық уыздың сіңуіне ықпал етеді. Қазақта уызынан жарыған деген сөз бар. Ол – халықтың ауызша тараған сөз мұрасынан бастап бүгінгі күнгі ақын-жазушылардың барлық шығармаларындағы көркем кестеленген сөз өрнегі. Әдебиет – ұлттың рухани келбетін сақтайтын болат өзегі.

Қазақ әдебиеті – өзінің қалыптасқан тарихы бар, әлем әдебиетінде орны айқындалған бай әдебиет. Әдебиет – көркемдік таным. Таным арқылы адам өзін қоршаған дүниені, өзінің ішкі әлемін таниды. Сол арқылы өзінің қоғамдық ортадағы орнын айқындайды.

«Қазақ әдебиеті» оқулығының бірінші кітабында «Тарихтың шертіп пернесін» және «Пайым мен парасат» бөлімдері қамтылған. Бұл бөлімдерде С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңін, І. Есенберлиннің «Қаһар» романын, А. Сүлейменовтің «Бесатар» повесін, Қ. Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңі мен С. Елубайдың «Жалған дүние» романын оқимыз. Туындылардағы уақыт пен кеңістіктің көрінуі, сол уақыт кесіміндегі ұлттық мүдденің асқақтауы мен адам жанының кейбір құлдыраушылық сәттерін де талдап, өз бағамызды береміз.

Қымбатты оқушы, әдебиеттің барлық мүмкіндігін барлап, көркем бейнелер әлеміне саяхаттау арқылы өзіміздің рухани зияткерлік жан дүниемізді байытып, ел игілігін еселейтін тұлғалы азамат болуға ұмтылайық!

Олай болса, іске сәт!


*Авторлар*

## ОҚУЛЫҚ КАРТАСЫ

Шығарма	Авторы	Жанры	Теория
Сыр сандық	Сәкен Сейфуллин	Өлең	аллегория, символ
Қаһар	Ілияс Есенберлин	Тарихи роман	тарихи роман, стиль, жинақтау, даралау
Бесатар	Асқар Сүлейменов	Повесть	ұлттық мінез
Өзім туралы	Қасым Аманжолов	Өлең	көркем қиял
Жалған дүние	Смағұл Елубай	Роман	экзистенциализм
Абай жолы	Мұхтар Әуезов	Роман-эпопея	эпопея, типтендіру, көркем бейне, көркемдік деталь, көркемдік уақыт, прототип
Бауырлар	Тұманбай Молдағалиев	Өлең	поэзиялық лексика
Бекторының қазынасы	Таласбек Өсемқұлов	Әңгіме	лирикалық шегініс
Шал мен теңіз	Эрнест Хемингуэй	Повесть	көркем аударма

## ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН\*

Әдебиет пен тарих қашан да бір-бірімен тығыз байланысты. Тарих өмірде болған оқиғалардың нақтылы уақыты мен нақты тарихи тұлғалар туралы ғылыми негізді тұжырымдар жасайды. Ал әдебиет халық санасындағы көркемдік әлемде өңделген тарихи оқиғаны көз алдымызға әкеледі. Әдебиеттің ерекшелігі де осы көркемдігінде. Жазушы мен ақынның жан дүниесінде көркемдік қиялмен өңделген тарихи оқиға әдебиет арқылы оқырмандарын табады. Бұл бөлімде өткен тарихымыздың беттерін тағы бір рет парақтап, автор дүниесімен үйлескен көркемдік шындықты саралаймыз.



\*Бөлімнің тақырыбы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес алынды.

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН (1894–1938)



Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин 1894 жылы Қарағанды облысының Ақадыр ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Алғашқы білімін ауыл молдасынан алған Сәкен Сейфуллинді әкесі 1905–1908 жылдары Нілді зауытындағы орыс-қазақ мектебінде оқытады. Ол 1908–1910 жылдары білімін Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласындағы приходская мектебінде жалғастырады. 1910–1913 қалалық училищеде оқиды. Ал 1913–1916 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған. Осы кездері ол «Бірлік» ұйымының жұмысына қатысып, қазақ жастарына сабақ берген. 1917–1918 жылдары «Жас қазақ» ұйымын құрып, «Тіршілік» деген газет шығарды. 1918 жылы атаман Анненковтың азап вагонында тұтқында болады. Жазушы өз өмірінің осы кезеңін «Тар жол, тайғақ кешу» романында суреттейді. 1920–1925 жылдары Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болып қызмет атқарған.

1925 жылы Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы болып тағайындалды. 1927 жылы шыққан «Жыл құсы» альманағына басшылық етті. «Жаңа әдебиет» журналын ашуға (1928) атсалысты. 1932 жылы «Әдебиет майданы» журналының редакторы қызметін атқарды. Басшылық жасаған жылдары ол өзі басқарған мекемедегі барлық ісқағаздарды қазақ тілінде жүргізуді жолға қойған.

С. Сейфуллиннің «Өткен күндер» деген алғашқы жыр жинағы 1914 жылы Қазан қаласында жарыққа шыққан. «Асығып тез аттандық», «Кел, жігіттер», «Жас қазақ марсельезасы» деген саяси тақырыптағы өлеңдерімен қатар «Туған жерім, өз елім», «Нұра», «Жайлауға көшу», «Қоштасқан жер», «Сағыну», «Далада», «Жазғы түнде» сияқты көптеген лирикалық өлеңдері халық арасында танымал. С. Сейфуллин – өз дәуірінде қазақ лирика жанрына жаңалық әкелген ақын. Өлең құрылысы мен тақырыптық ерекшеліктері жағынан да ақын лирикасында өзіндік қолтаңбасы айқын көрінеді.

С. Сейфуллин жан-жақты өнер адамы болған. Оның өлеңдерімен қатар өндері де («Көкшетау», «Біздің жақта», «Тау ішінде») халық арасында кеңінен тараған. С. Сейфуллиннің «Көкшетау», «Аққудың айырылуы», «Альбатрос», «Қызыл ат», «Социалистан», «Лашын әңгімесі», «Советстан» және тағы да бірнеше поэмасы бар. Ақын поэмаларында әртүрлі тақырыптарды көтерген. Жаңа мен ескінің күресі тақырыбындағы шығармалары өте жоғары бағаланған. «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесалары – алғашқы қазақ драматургиясы ретінде танылған туындылар. «Бақыт жолында» пьесасы жаңа өмірге қадам басқан жастардың жарқын болашағы туралы. «Қызыл сұңқарлар» пьесасында ел басына қиындық туғанда өз өмірлерін бостандық жолында құрбандыққа шалуға дайын жас қазақтар туралы айтылады. 1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи мемуарлық романы жарық көрді. Роман қазақ әдебиетіндегі алғашқы мемуар жанрындағы шығарма болуымен құнды. 1922 жылы жазылған «Айша» повесі 1935 жылы өңделіп, қайтадан жарыққа шықты. Повесте қазақ қызының ауыр тағдыры бейнеленеді. Айша – басына түскен қиындықты жұмысшылардың қолдауымен шешкен қазақ қызы. Бұл шығарма да жазушының өзі өмір сүріп отырған кезеңнің шындығын көрсетуімен ерекшеленеді. «Жер қазғандар» повесі 1928 жылы жазылған. Мұнда теміржол салушы жұмысшы қазақтардың тағдыры суреттеледі. Ауыр еңбек пен болашаққа деген үміт туралы шығарма тақырыбы да қазақ әдебиетінде өз кезінде тың жаңалық болды. «Бандыны қуған Хамит», «Жұбату», «Қыр балалары», «Сырын білмей – сыртына сенбе», «Екі кездесу», «Омар» т.б. әңгімелері бар. Жазушының көптеген публицистикалық мақалалары мен қазақ фольклоры тарихына арналған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Қазақ әдебиеті» (1932), «Батырлар» (1933) атты зерттеу кітаптары қазақ әдебиеті тарихындағы танымал ғылыми еңбектер ретінде бағаланады.

С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармалары туралы С. Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ. Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә. Тәжібаев, А. Тоқмағанбетов, Қ. Бекхожин тағы басқа ақындардың поэмалары, Е. Ысмайылов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев сияқты ғалымдардың әдеби зерттеулері, естеліктері жарық көрген. 1937 жылы «халық жауы» деген саяси жала жабылып, 1938 жылы ату жазасына кесілген. Сәкен Сейфуллин 1958 жылы ақталған.

### Қаламгер пікірі

Сәкен еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберсек, өзгеде жоқ екі түрлі қасиеті басымдап айқындала шығады. Мұның біріншісі – жалтағы жоқ шыншылдығы, екіншісі – ақындық төкапарлығы.

*Мұхтар Әуезов*

Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді «орда» жағында болды демесеңдер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді.

*Әлімхан Ермеков*

Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен – қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді.

*Ғабит Мүсірепов*

### Теория

**АЛЛЕГОРИЯ** (ежелгі грекше, аллегория – *пернелеп айту*), пернелеу – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Аллегорлау – көркемдік тәсілдердің ең көнесі. Мысалы: *тұлкі* – қулық, *арыстан* – зорлық, *қасқыр* – қастық, *қоян* – сужүректік, *есек* – ақымақтық, *аққу* – адалдық, махаббат т.б. түрінде бейнеленетін кейіпкерлерде адамдарға тән мінез пернелеп айтылса да, бірден санаға, қиялға әсер етіп, көз алдына елестейді.

**СИМВОЛ** – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Мысалы, *гүл* – жастықтың, ал *көгершін* бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ аллегорияға өте жақын келеді.

*Зәки Ахметов*



## СЫР САНДЫҚ

### **Оқу мақсаттары:**

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.



**Тірек сөздер:** достық, адалдық, тату достар, сыр, ішкі ой, пікір, сырлас достар.

### **Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ өлеңді сөз мағынасына мән бере отырып, толық оқып шығу;
- ✓ өлеңдегі негізгі идеяны анықтау;
- ✓ өлеңде көтерілген мәселені өмірмен байланыстыру;
- ✓ автор бейнесінің негізгі идеямен байланыстылығын анықтау;
- ✓ көркемдегіш құралдар қызметін талдау арқылы автор стилін анықтау;
- ✓ идеясы ұқсас басқа да шығармалармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Шырқ айналар, шіркін, тауық,  
 Жемің болса қолыңда,  
 Қайдағысы сені тауып,  
 Топырлайды жолыңда.  
 Досыңмын деп ант береді,  
 Жем іздеген жанама.  
 Жем таусылса, жалт береді,  
 Сенерлік дос санама.  
 Нағыз достар – бір-ақ қалып,  
 Шындап берік сүйіскен.  
 Бір-біріне сыр ақтарып,  
 Сыр түйінін түйіскен.  
 Өр адамның ішкі сыры –  
 Берік қойма сақталған.  
 Сол қойманың бір түкпірін  
 Достың досы-ақ ақтарған.  
 Кейде ашуға сол түкпірді  
 Іздейді жан жақынын.

Шертеді жан сырлы жырды,  
Сырлас жанын шақырып.  
Тыныс керек кейде жанға,  
Кейде жанға өн керек.  
Күй шертуге анда-санда,  
Сырласарлық жан керек.  
Ішкі сырды мысал етіп,  
Біраз ғана жырлайын.  
Суреттеуге тауға кетіп,  
Суретті ештеп сырлайын.  
Сарыарқаның бір тауы бар,  
Бір тауы бар сымбатты.  
Сол таудан сен сыр тауып ал,  
Сыр тауып ал, қымбаттым.  
Қалың зеңгер, құзды шаттар,  
Құзды шаттар – қалың ну,  
Сарқырайды мұз бұлақтар,  
Мұз бұлақтар уда-шу.  
Нуда бір шың тіп-тік сұңғақ.  
Тіп-тік сұңғақ бір биік.  
Шың суретті бейне жұмбақ,  
Тұрғандай көп сыр жиып.  
Шыңды айналған құзды шаттар,  
Құзды шаттар аққан су,  
Сылдырайды мұз бұлақтар,  
Мұз бұлақтар уда-шу.  
Сөзім мысал, достым, тыңда,  
Тыңда, достым, ойлап ал.  
Түрлі сыр бар сол бір шыңда,  
Сол бір шыңда қойма бар.  
Қойма шыңның нақ басында,  
Нақ басында қақпасы.  
Алтын жазу қақ басында,  
Қақпаның тас тақтасы.  
Сол қоймада қымбат жасау,  
Қымбат жасау сақталған.  
Текшелеген сымдап жасап,  
Сымдап жасап қақталған.  
Бір сандық бар емес түрде,  
Емес түрде көрнекті.

Бір түкпірде беті перде,  
Беті перде өрнекті.  
Бір сандық бар, ол сандықта,  
Ол сандықта бір сандық.  
Сырдың кілті қол сандықта,  
Қол сандықта сыр сандық.  
Сандық іші қызыл-жасыл,  
Жасыл жібек перделі.  
Толған қымбат сақтаулы асыл.  
Асыл сым бар пернелі.  
Сұлу жанды сұлу сүйген,  
Сұлу сүйген сыршылым.  
Жібек талдап түйін түйген,  
Түйін түйген, түршілім.  
Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара, жырласын!



Сұлу сымда перне әуені,  
 Перне әуені жыр айтар.  
 Көңіл ашар тербеу әні,  
 Тербеу әні сыр айтар.  
 Шыққанбыз, дос, шыңға талай,  
 Талай сырды ойланып,  
 Ақтарарлық алтын сарай,  
 Алтын сарай қойманы.



**Зеңгер** (зеңгір) – 1. Аспанмен таласқан биік; заңғар. 2. Аспан түстес, көк, көкшіл. Зеңгір сырмен сырланған үлкен терезелер. Зеңгір [аспан] – заңғар аспан, зәулім көк. Зеңгір құз [шың] – биік жартас, тұңғиық шыңырау. Зеңгір орман – мәңгі көгеріп тұратын қалың, ну орман.

**Шат** – тау қойнауындағы жіңішке терең сай; шатқал.

**Жібек** – жібек құрты ораған жіп, сол жіптен жасалған жылтыр мата.

**Перне** – домбыра, гитара сияқты ішекті аспаптарды ойнағанда дыбысты күшейту үшін саусақпен басатын тетік.

## ОЙТАЛҚЫ

1. Өлеңді мазмұнындағы ой жүйесіне қарай бөлімдерге бөліп, әр бөлімге ат қойыңдар.
2. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын, жанрын анықтаңдар.
3. Автор өлеңді неге «Сыр сандық» деп атаған? Өлең атауы саған қандай ой салды?
4. Достық дегенді қалай түсінесіңдер? Достықтың қандай түрлері болады?
5. Ақын нағыз досқа қандай қасиеттер тән деп есептейді?
6. Ақынның өлеңі:
  - «Шыққанбыз, дос, шыңға талай,  
 Талай сырды ойланып,  
 Ақтарарлық алтын сарай,  
 Алтын сарай қойманы», –
 деп аяқтауы неліктен деп ойлайсыңдар?
7. Өлеңнің негізгі идеясын Абайдың «Жаман дос көлеңке: басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың; күн шалса, қашып құтыла алмайсың» деген нақыл сөзімен қалай байланыстырар едіңдер?

## ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Лирикалық қаһарманның ішкі ойы өлең жолдарында қалай көрініс тапқанын жұптасып талқылап, өлеңнен мысал келтіріңдер.

2. Өлеңдегі ақын бейнесін айқындайтын жолдарды топпен бірге теріп жазыңдар. Ақын бейнесін сөзбен сомдаңдар. Ақынның тұлғалық болмысы туралы жоба жасаңдар.
3. Өлеңнен қандай құндылықтарды байқадыңдар? Жаңашылдығы неде деп ойлайсыңдар?

1-жұп:

Құндылық	Өлеңнен мысал

2-жұп:

Құндылық	Өлеңнен мысал

4. Өлеңдегі троп түрлерін тауып, автор стилін анықтаңдар. «Таңдау және зерделеу» кестесін топпен бірге толтырыңдар.

Өлеңнің негізінде жатқан идея, авторлық ой	Өлеңдегі негізгі ойды ашатын шумақтар, өлең жолдары	Көркемдегіш құралдар	Айшықтау амалдары	Ақын стилі

5. Берілген үзіндіні тыңдап, көркемдегіш құралдар мен айшықтауларды теріп жазыңдар. Уақыт – 15 минут.
6. Өлең үзіндісіне «Қос жазба күнделігін» толтыру арқылы түсініктеме беріңдер.

Өлеңнен үзінді	Түсіндірме
Тыныс керек кейде жанға, Кейде жанға өн керек. Күй шертуге анда-санда, Сырласарлық жан керек.	

**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. Берілген үзіндіні креативті ой қоса отырып, қайта өңдеп жазыңдар.

Өлеңнен үзінді	Үзіндінің өңделген нұсқасы
Сөзім мысал, достым, тыңда, Тыңда, достым, ойлап ал. Түрлі сыр бар сол бір шыңда, Сол бір шыңда қойма бар. Қойма шыңның нақ басында, Нақ басында қақпасы. Алтын жазу қақ басында, Қақпаның тас тақтасы.	

- Лирикалық кейіпкерге өздеріңнің сырларыңды, өзіндік ойларыңды айтып, «Ақынмен сырласу» хатын жазыңдар.
- «Досқа айтылар сыр» айдарымен ішкі толғаныстарыңды монолог ретінде жазыңдар.

**ОЙ ТҮЙІН**

«Сыр сандық» өлеңі мен Әйтiмбет шешен сөзінің идеялық үндестігі туралы әдеби сын жазыңдар.

«Сыр сандық» өлеңінен үзінді	Шешендік сөз үлгілерінен
Шырқ айналар, шіркін, тауық, Жемің болса қолыңда. Қайдағысы сені тауып, Топырлайды жолыңда. Досыңмын деп ант береді, Жем іздеген жанама. Жем таусылса, жалт береді, Сенерлік дос санама.	Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бірде замандастары шешеннен: – Достық нешеу? – деп сұрапты. Әйтiмбет: – Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық, – дейді. – Дұрыс-ақ, енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге шешен: – Адал достық – өмірлік нұсқа, амал достықтың өрісі қысқа, – деп жауап беріпті.
«Сыр сандық» өлеңі мен Әйтiмбет шешен сөзінің идеялық үндестігі: _____	
_____	
_____	

**Кері байланыс.** «Оқырман көзімен».

- ✓ *Жазушылар:* өлеңнен алған әсерлеріңді өңгімелеңдер.
- ✓ *Ақындар:* достық туралы 1–2 шумақ өлең жазыңдар.
- ✓ *Суретшілер:* өлең идеясы бойынша сурет салыңдар.

## ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН (1915–1983)

Илияс Есенберлин Ақмола облысындағы Атбасар қаласында дүниеге келген. 1940 жылы Қазақ тау-кен және металлургия институтын бітірген. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагер. Еліміздегі көптеген мәдени-ағарту мекемелерінде басшылық қызметте болған.

Жазушының шығармашылық еңбегі өлең жазудан басталды. Алғашқы дастандары – «Сұлтан», «Айша» 1945 жылы жарық көрді. Екі дастан да соғыс тақырыбына арналған. «Айша» дастанының бас кейіпкері батыр қызымыз Мәншүк Мәметова болса, «Сұлтан» дастаны да қазақтың батыр тұлғалы намысты ұлы туралы.

«Адамгершілік туралы жыр» өлеңдер жинағы 1949 жылы жарыққа шықты. «Біржан сал трагедиясы» дастаны (1959), «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965), «Адам туралы өн» (1957) повестері жарық көрді.

1975 жылдан бастап жазушы толық шығармашылық жұмысқа көшіп, 16 жылда 15 роман дүниеге әкеледі. Илияс Есенберлиннің орыс тілінде шыққан «Песня о человеке» (1956) романы 1958 жылы қытай тіліне аударылады. «Таудағы тартыс» (1962) пьесасы Алматыдағы Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды. М. Ерзинкянмен бірігіп жазған «Құйма» (1961) киносценарийі бойынша жасалған фильм бүкіл кеңес және венгр, поляк, болгар елдерінде көрсетілді. 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарын жазды. Бұл романдар қазақ тарихы суреттелген «Көшпенділер» трилогиясына біріктірілді. Осы трилогияның негізінде «Көшпенділер» атты тарихи көркем фильм түсірілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Илияс Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады»,



«Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» романдары – тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, әдебиетке серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар. Жазушы 1982–1983 жылдары «Алтын Орда» трилогиясын жазды. Бұл трилогия да ел тарихының ерекше беттерін көркем жеткізген шығарма ретінде жоғары бағаланған.

### Тарихи роман туралы

Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясының бір бөлімі. Трилогия «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» атты үш романнан тұрады. «Көшпенділер» трилогиясында қазақ халқының бес ғасырлық тарихы суреттеледі. XV–XIX ғасырлар аралығындағы ұзақ тарихи кезеңдегі Қазақ хандығының өмірі мен тарихи тұлғалар бейнесі сомдалған:

- «Алмас қылыш» романында Әбілқайыр хан, Жәнібек хан, Керей хандар арасындағы тартыс бейнеленеді. Алғашқы бөлімінде Әбілқайыр хан ұлысының екіге бөлінуін көрсетсе, екінші бөлімінде Қазақ хандығының ішкі, сыртқы жауларымен болған күрес үстінде қалыптасуы суреттеледі.
- «Жанталас» романында қазақ халқының басынан өткен жаугершілік замандар суреттеледі. Романда Қасым хан, Хақназар хан, Абылай хан, Бұқар жырау сияқты тарихи тұлғалар бейнеленген.
- «Қаһар» романында Кенесары хан, Наурызбай, Ағыбай, Иман, Төлебай, Басықара, Жанайдар, Бұхарбай батырлар бейнеленген. «Қаһар» романы – қазақ халқының еркіндігі үшін күресінің шежіресі. Кенесары хан бастаған азаттық үшін болған күрестің ірі кезеңін көркем бейнелеген тарихи шығарма.

#### Ғалым пікірі

Әдебиетіміздің арғы-бергі тарихында ұлы сахараның бірде құландай тулап, бірде ұлардай шулап қалған алмағайып тағдырын Ілияс Есенберлиндей азаматтық қажырмен, суреткерлік қуатпен толғаған жазушы болған жоқ. Егер шындыққа жүгінсек, жазушы ерлігіне берілген бағадан гөрі берілмек баға әлдеқайда салмақтырақ болуға тиісті.

*Рымғали Нұрғали*



## Теория

**СТИЛЬ** – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы. Көркемдік стиль жазушының өмірлік тәжірибесі негізінде, оның суреткерлік талантының табиғатына сәйкес қалыптасып дамыды. Стильді көбіне-көп сөз қолдану ерекшелігі, сөздік, тілдік ерекшеліктер деп қарау ара-тұра болса да бой көрсетеді. Жазушының стилі дегенде, біз оның өмір шындығын өзінше тани білу, сезіну, тақырыпты өзінше игеру, өзінше ой толғап, бейнелеп айту – міне, осындай маңызды сипаттар танытатын, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын айтамыз.

**ДАРЛАУ** – кейіпкердің өзіне ғана тән жеке мінез ерекшелігі. Кейіпкердің қимыл-әрекеті, сөйлеуі, киінуі, жүріп-тұруы даралауға жатады. Даралау арқылы кейіпкер мінезі жасалады. Даралау мінезге әкелсе, жинақтау арқылы типтік бейне жасалады. Екі категория – даралау мен жинақтау бірімен-бірі тығыз байланысты.

**ЖИНАҚТАУ** – көркем бейненің заманына, кәсібіне, атқарып отырған қызметіне сай іс-әрекет, мінез ерекшеліктерін беру. Кейіпкерлерді типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек, оқшау танытып тұратын, оның тек өзіне ғана тән, өзгелерде жоқ және қайталанбайтын психикалық ерекшеліктері болуы шарт. Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті әрқашан оның адам мінезін даралау әрекетімен ұласады.

*Зәки Ахметов*

## ҚАҒАР

*(романнан үзінді)*

### *Оқу мақсаттары:*

11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну.

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



**Тірек сөздер:** Кенесары хан, Алаша хан мазары, күрес жолы, орыс билігі, рулық қатынас.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ берілген үзінділерді толық оқып шығу;
- ✓ үзінділерге сюжеттік-композициялық талдау жасау;
- ✓ шығармада көтерілген ғаламдық мәселеге назар аудару;
- ✓ Кенесары хан құрған хандықтың болашағы туралы мәселені талдау;
- ✓ шығармада көтерілген ұлттық мүдде тақырыбын ашу, шығарма кейіпкерлерін анықтау;
- ✓ кейіпкер бейнелерінің жинақтау және даралау арқылы жасалуын талдау.

## БАТЫР КЕНЕ

Бұл – орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сүр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді, жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күңгірт сары. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған. Аяғында атқа мінуге ыңғайланып тігілген, орта қоныш, көк салмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтипаттық пен төкаппарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң, ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың.

Бұл – Абылай ханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы Кенесары еді.

Кенесары осы төбеге шыққалы едәуір мезгіл өткен. Ол қазір қалың ойда. Есіне кешегі Нысанбай жыршының сөзі түсе берді. Ел аралаған әрі сыншы, әрі жыршы Нысанбай ақын, ақ киізге малдасын құрып отырып ап, Қасым төренің алдында Шыңғыс шежіресінің біраз жерін қисса етіп айтып берген.

Ол моңғолдармен іргелес Керөлең, Онон өзендерінің бойында көшіп жүрген Керей руының қалайша Шыңғысханның алғашқы жемі болғанын күңірене жыр етті. Бір мезет Орхон, Ом, Ертіс өзендерінің жағасындағы Найман, одан төмен, осы күнгі Сарыарқаның солтүстігі мен батыс өңірін жайлаған Алшын, Қыпшақ руларының Шыңғысханға қалай бағынғанын

желдірте өтті. Содан кейін Арғын, Найман, Керей, Қыпшақ, Қоңырат, Алшын сияқты белді рулардың Шыңғысханның үлкен баласы Жошының ұлысына бағынып, Бату ханның Алтын Ордасының негізін қаласқанын, Сарыарқа мен Еділ, Жайық бойын еркін жайлағанын бір шолып кетті. Жетісудағы Үйсін, Дулат, Жалайыр руларының Жағатай ұрпақтарының иелігіне қалғанын да жыр етіп өтті.

Енді Нысанбай жыршы қарағайлы кәрі домбырасын екпіндете ұрып Жағатай мен Жошы ұрпақтары нешеме жүз жыл бойы осы ұшы-қиыры жоқ кең даланы билегенін мақтан етті. Алайда бірімен-бірі хандыққа, баққа, жерге таласып, рәсуа боп, Алтын Орда ыдырағаннан соң, Жошыдан шыққан Керей, Жәнібек сұлтандар Шу бойында әлімсақтан бері келе жатқан Арғын, Қыпшақ, Үйсін тәрізді көне тайпаларға бірте-бірте Уақ, Тарақты, Керей, Найман, Қоңырат, Дулат, Жалайыр, Бестаңбалы секілді түркі тілдес руларды қосып, Қазақ хандығын құрғанын мадақ етті. Содан кейін Жәнібектің баласы Қасым ханның кезінде қазақтың айбынды ел болғанын бір мақтаныш етіп берген. Нысанбай жыршы сәл дем алып, шежіреге қайта көшкен. Бұл жолы Қасым ханнан соң қазақтар аз уақ тағы да быж-тыж болып келіп, тек Хақназар кезінде ғана қайтадан бас қосып, іргелі ел болғанын, Тәуекел, Есім, өз Тәуке хандардың тұсында тасы өрге домалаған, сырт дұшпандар шеніне келе алмаған айбынды мемлекетке айналғанын көзі от шаша отырып жырға қосты. Кең-байтақ жерді алып жатқан үш жүзден құралған елдің ауызбірлігі күшті болғанын, үнемі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырғанын дәріптей келе:

– Арғын болсаң, Алтай бол,  
Найман болсаң, Матай бол,  
Алшын болсаң, Адай бол,  
Бұл үшеуі болмасаң,  
Қайсысы болсаң, сонысы бол,  
Мейлің құдай бол! –

деп қазақ елінің ең жауынгер руларын шашпауларын көкке көтере бір шырқап, осы бірлестік Тәуке хан өлісімен тағы бұзылғанын, әр тайпа сұлтандары хандыққа таласып, елдің шырқын кетіргенін айтып берді.

Содан кейін Нысанбай жыршы қарағайлы кәрі домбырасын еңкілдете жылатып, іле-шала Қаратау мен Шу, Сарысу мен Сыр бойын жайлаған қалың қазақты қалай Жоңғар ханы Сыбан Раптан шауып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырағанын мақам етті. Ұлы жүз бен Кіші жүздің көп ауылдарының Арал мен Атырау теңізінің жағасына, ал Орта жүздің Есіл, Нұра, Тобыл өзендерінің жоғарғы саласына көшкенін әдейі тоқтай айтып кетті.

Алдымен Кіші жүздің ханы Өбілқайырдың, бір жылдан кейін Орта жүздің ханы Сәмекеңің Ресей патшасына бағынғанын, сонан «Ақтабан шұбырындыдан» отыз үш жыл өткеннен кейін Қытай патшасы бір миллионға таяу қалмақты қырып, Жоңғар хандығын құртқанын бір мәлім етті. Осы шақта Найман, Керей рулары бұрынғы өзінің атамекен жері Тарбағатай тауы мен Қара Ертіс бойына көшіп кеткенін мақұм әуеніне сала зарлана қалды.

Осыдан соң Нысанбай жыршы әр жүздің әйгілі хандары Өбілмәмбет, Барақ, Нұралыларға қысқа-қысқа сөз тастап, үш жүздің басын қосу жолында күрескен, кейін Абылай деген атпен хан болған Өбілмансұрға тоқтаған.

Өбілмансұрға келгенде Нысанбай жыршының екі көзі оттай жайнап, күре тамыры білеудей боп, кең тамағы торғай жұтқан құрай жыланның көмейіндей ісініп кетті. Домбырасын бөйге атына шапқандай сабалай ұрып, жыр шумағын құшақ-құшақ лақтырды. Енді Нысанбай домбырасын лақтыра ойнатып, Абылайдың Қоқанға қарсы шыққанын, Сайрам, Өзірет, Шымкент, Созақ секілді жеті қаласын алып, Ташкентті қалай бағындырғанын, өзіне сес көрсеткен қырғыздың қалың қолды



манаптарын Қызылсу, Шәмсі өзендерінің Шуға құятын сағасында кездесіп, «Жәйіл қырғыны» деп аталатын ұрыста қалай жеңгенін айтқанда екі көзі қанталап, қоянға түскен бүркіттей шаңқылдай серпіп, тіпті долданып кетті. Әбілмәмбет сұлтанның есігінде жүргеннен бастап, торғауытқа көрсеткен ерлігі мен ел басқарар ақылдылығы арқасында Орта жүзге хан атағына ие болғанын жыр еткенінде шабар бурадай тіпті құтырынып алды. Ақын енді алпысқа келген Абылайды үш жүзден шыққан өңшең қасқа мен жайсаңдарының шешімі бойынша Телікөлдің жағасында жұрт ақ киізге көтеріп, Үлкен хан сайлағанын толғағанда төбесі көкке тигендей екі көзі жайнап кетті. Бірақ Ресей қатын патшасы қазақ елінің басын біріктірудің қауіпті екенін ойлап тек өлерінен екі жыл бұрын ғана оны Орта жүзге хан етіп указ бергеніне бір тоқтап, сол Абылайдың жетпіске келгенше ыңғайына қарай біресе Ресей патшасына, біресе Қытай боғдыханына икем көрсетіп, Түркістаннан бастап Есіл, Нұра бойына дейін көшкен қалың қазақтың еркінділігін жоғалттырмай ел ғып сақтап өткенін тағы да бір алуан жыр ғып шырқатты.

Бәйгеге шапқан жүйріктей, жыр желісінен маңдай тері бұршақтап аққан Нысанбай ақын, бір мезет Абылайға Атығай–Қарауыл рулары алты қызын беріп, оның үстіне Абылай қарақалпақтан бір, қалмақтан бір қыз алып, олардан отыз бір ұл, қырық қыз көргенін аса бір асқан жыр етіп толғатты.

Дауысы қарлығып болдыруға айналған Нысанбай тек ел жатарда ғана Абылайдың қарақалпақ әйелінен туған Уәлидің Ресейге қолшоқпар болып кеткенін, қалмақ қатынынан туған Қасым төренің өке жолын қуып, қазақтың басын қосамын деп бәйек болып жүргенін мадақтай келіп, кенет оқшау отырған Кенесарыға қарай:

– Абылай жолы – ауыр жол:  
Батыр Кене, біліп қой.  
Абылайдай берік бол,  
Алам десең абырой, –

деп ұзақ жырын бітірген.

Үйдегі жұрт жетпіске жуықтаған Қасым төренің бетіне қарап, тына қалған. Өйткені мұндай сөз төре бар жерде дәстүр бойынша тек қолбасшыға ғана айтылатын. Ал Қасым төренің соңынан ерген әскердің қолбасшысы Саржан сұлтан, Кенесарының ерлігі мен айлакерлігі жұртқа қанша аян болса да, даңқымен әзірге ол тек батыр деген атқа ғана ие еді. Алдында ағалары болғандықтан, өзі де «қолды мен басқарайын» деген ойдан аулақ-ты. Нысанбай – жұрттан асқан сыншы. Бұны осы отырғандардың бәрі де біледі, Нысанбай қасиеті Қасымға да аян...

Қасым төре жолды өзiрге Саржан мен Есенгелдiге бергенмен, түбi Абылай жолын алып жүрер ортаншы ұлы Кенесары мен кiшi баласы Наурызбай болар деп те үмiттенетiн. Нысанбай сөзiнiң өз ойынан шыққанына ол iштей «қателеспеген екем, мен аңғарғанды сыншы ақын да аңғарған екен» деп ойлады. Бiрақ өзiне самсай қараған көздi байқамағандай, домбырасын қасына қойып, терiн сүртiп жатқан Нысанбайға:

– Көп жаса, ақсандақ жүйрiгiм, – дедi, – көңiлiмiздi бiр көтерiп тастадың ғой.

Қасым төре Есенгелдi менен Саржаннан бiр айдан берi хабар ала алмай iшi бiтеу жараға толы едi. Суық хабар сумаңдап әп-сәтте-ақ тарайды ғой. Еш жаманаттың естiлмеуi Саржан мен Есенгелдi сау дегендей жұбаныш беретiн. Қасым төренiң оқыс аталған Кенесарының атын хош көргендей болуы ортаншы ұлына үлкен сенiм артатынын танытты. Жүрт та мұны аңғарса керек. Қазiр Кенесары осы жайларды әлсiн-әлсiн таразыға салуда. Әрине, қазiр атасы Абылай ханның заманы емес. Ол кезде Ресей патшасының әскерi де Ақ Жайықтың арғы бетiнде болатын. Қарт Қожақ шежiрешiнiң бала күнiнде, Абылай атаң хан болар жылы Қызылжар қорғаны, одан жиырма бес жыл бұрын Ескi Семей, сол жылдары Қараөткел, Баянауыл, Қарқаралы бекiнiстерi салынды деп отыратыны әлi есiнде.

Кенесары батыр қазақтардың өз тәуелсiздiгiнен айырылуының ең басты себебi – «ортақ өгiзден оңаша бұзау артық» деп қарайтын ел ағаларының ауыз бiрлiгi жоқтығынан деп бiлетiн. «Сол қазақтың басын қосуға бола ма?» деген сұраққа өзi де жауап бере алмайтын.

Тек соңғы кезде ғана бiр жауаптың ұшығын тапқан тәрiздi.

Ол ұшық Абылай атасының заманы мен қазiргi ел жағдайында жатқан секiлдi.

Абылайдың тұсында Ресей патшасы Сарыарқаны төңiректеп бекiнiс салғаны болмаса, бөлендей iшiне кiре қоймаған-ды. Сондықтан атасы Абылай бiресе Ресейдi емiндiрiп, бiресе Қытайды дәмелендiрiп, екi ортада бостандығын сақтап жүре берген. Абылай кезiндегiден қазiр қазақ елiнiң басын қосудың қиындығы да, жеңiлдiгi де осында деп түсiнедi Кенесары.

Ашынған жолбарыс ажалдан шошынбайды. Қазiр қазақтың қалың бұқарасы осы ашынған жолбарыс тәрiздi. Үш жақтан бiрдей қадалған найза қазақты да оятқандай. Кеше сонау Ұлытаудан Құдаймендi батыр келген. Ол Жоламан мен Иман батырдың сәлемдемесiн әкелiп, қазiр Сарыарқаның қай қиырында болса да, ақ патшаға қарсы шығатын жүрттың көп екенiн айтқан. Бастайтын жан болса еретiн жүрт бар деген.

Ал Сарысу, Шу, Сыр бойы қазақтарының да күйі белгілі, ұран салып, ту көтерсең, соңыңнан еруге дайын. Хиуа ханының қиянатына шыдамаған Адай, Тама, Табын, Шөмекей, Жаппас, Шекті рулары найзаларын жалаңдатып, қан жұтып ол отыр.

Қазір бас көтеруге ең бір қолайлы кез. Қиянат жанын жеген бұқара қураған шөп тәрізді, от тисе болды-ақ лап етіп бүкіл Сарыарқаны, Сыр бойын, Жайық, Маңғыстау, Үстірт даласын алып кетуі ғажап емес.

Кенесарының соғысты, ең алдымен, Ресей патшалығымен бастауды қалап алуына басқа да себептері жоқ емес. Патша солдаттарының бекініс, зеңбірек, карабин штуцерлері болса, қазақтың далиған жалпақ даласы бар. Егер тығылар жыңғыл, жықпыл сайы көп болса, қыр қоянын арлан тазы да ұстай алмайды. Арқаның жері мол, бір шеті Қарқаралыдан Ақ Жайыққа, екінші шеті Қызылжардан Бетпақдалаға дейін созылып жатыр. Қалай ойыссаң да, жер жетеді, тек үзеңгің берік, қайтпас қажырың болсын. Ал зеңбірек сүйреткен патша әскерінің мұндай мүмкіншілігі жоқ. Оның үстіне Орта жүз – көп ел. Бәрін бірдей көтере алмасаң да, соңыңнан еретіндер табылады. Өлің жетпей қуғынға түсер күн туса, батырлықты құрмет тұта білетін қазақ, кейбір ішіндегі өзәзілі болмаса, көрер көзге ұстап бермейді. Ең болмаса, Абылай ханның аруағын сыйлайды. Ал Қоқан мен Хиуа жерінде бұндай жағдай жоқ. Сыр бойы, Үстірт, Маңғыстау, Арал маңындағы көшіп жүрген қазақтардың шынтуайтқа келгенде басын қосу оңай іс емес. Қоқан, Хиуа хандарын жеңу үшін Жетісу, Алатау, Қарақалпақ өңіріндегі ағайындардың да бас көтеруі керек. Оған сену қиын.

Үйсін, Дулат, Алатауды жайлаған көп қырғыз, Арал бойын мекен еткен Қарақалпақ сенің сөзіңді сөйлеп, жоғыңды жоқтай ма? Өз ошағының басы аман болса, сенің қан төккеніңде несі бар?! Қоқан, Хиуа хандарының да күштілігі осында жатқан жоқ па, олар кімнің жүрегінің қалай соғатынын біледі. Қырғыз, қазақ, қарақалпақ бірігіп бас қоспайтынын сезеді.

Бірақ олар Кенесарыға оңайлықпен бой бере ме? Олардың да соңынан ерген қыруар ел бар. Қолдарында қару-жарақты жүздеген жасағы, сарбаздары тұр. Оның үстіне қол ұстасқан ақ патша әскерлері де қастарында.

Кенесарының бір тірелгені – ең алдымен, осы аға сұлтандар мен патша әскерінің арасына ши жүгіртіп көру. Шамасы келсе, Сібір мен Орынбор губернаторларын өзімен санасатын етіп алу.

Ол үшін Кенесары барысымен соғыс ашпайды. Алдымен губернаторлармен тіл табу жолын іздейді. Өзінің бірнеше тілегін қағаз жүзінде алдарына қояды. Егер губернаторлар сол тілектерді қабылдаса,

Қоңырқұлжа, Ахмет, Жамантайлардың соңынан ерген жұрт та бұнымен санасатын болады. Ондай жағдайда, алты басты айдаһар болса да, Қоңырқұлжа, Ахметтерден өш алу оңайға түседі.

Әрине, онымен Кенесары сүйек тиген төбеттей ұпайым түгел деп өз бетіне кетпейді. Абылай атасының жолын қуып үш жүздің ханы атанбай тоқтамайды. Ең болмаған күнде ата тағын алып, Орта жүзді билейді. Сондықтан бір тілектен кейін бір тілек талап етіледі, бәрібір өз дегеніне жетпей қоймайды.

Ал генерал-губернаторлар алғашқы қойған тілектерін қабыл етпесе не істейді? Онда шешінген судан тайынбайды, соғыс ашады. Және ол соғысты ең қас жауы Қоңырқұлжаның ауылын шабудан, Қоңырқұлжа приказы Қараөткел бекінісін алудан бастайды.

Абылайдың алдында ғана Орта жүз хан көтерген қырық мың жылқы айдаған Сөмекенің ұрпақтары Құдайменді балалары десе, Кенесары ұйқысынан шошып оянады. Аға сұлтан Қоңырқұлжа мен Кенесары арасында тек қана ежелден келе жатқан ел билеу, қоныс тебуден туған ата дауы емес, бастары көрге кіргенше кешірілмейтін уыты қанға сіңген өшпендік бар. Сол өшпендік, кешірілмес қастықтың енді ақ патша мен қазақ елінің арасындағы үлкен саясатқа да ықпалы тимек. Кенесары орнынан түрегеліп, сәл ерсілі-қарсылы жүрді де, қайтадан ой шумағын тізе берді.

«Хандыққа таласудың екі жолы бар. Оны сан айқастан өткен Кенесары жақсы біледі. Бірі – саған хан билігін әперем деген халықтың артында тұрып басқара білу. Екіншісі – соңынан ерген қолдың алдында жүріп ерлігіңмен өзіңе тартып алу.

Хандыққа жүз бен жүз, ру мен ру таласса, жұрттың арт жағында тұрып елді қырғынға айдап салып, ақыл-айламен, зұлымдық-жауыздықпен мұратқа жетуге болады. Ал бүгінгі таластай, қалың бұқараның тәуелсіздігін қорғау арманы мен сенің жұрт билігін қолға алам деген көкейкесті тілегің ұштасып жатқанда, соңыңнан ерген қолдың артында емес, алдына шығу қажет. Сонда ғана саған қара халық сенеді, соңыңнан ереді. Бұқара өз басыңның қамы үшін емес, халқың үшін алысып жүргеніңді көзбен көргені жөн. Сөйткен күнде ғана, арманыңа жетесің. Халық өзі арманыңа жеткізеді».

Осындай шешімге келген Кенесары кенет тізесін бүгіп, беліндегі Исфаған шебері соққан наркескенін суырып алып, қылшылдаған суық жүзінен сүйді. – Анадан қорқақ болып тумап едім, – деді кенет дауысы дірілдеп кетіп, – арманыма жеткенше қорқақтық білдірсем, өз қанымды өзім ішейін, осы сертіме, түсі суық наркескен, сен куә бол!





**Мақұм әуені** – әуен түрі.

**Указ** – Ресей империясының құқықтық-нормативтік құжаты.

**Боғдыхан** – император деген мағынада.

**Ақсаңдақ** – аты шулы, атақты деген мағынада айтылған сөз.

**Наркескен** – екі жүзі бірдей өткір қылыш түрі.

**Ши жүгірту** – бір-біріне айдап салып, араздастыру.

## ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіні түсініп оқыңдар. «Қаһар» дегенді қалай түсінесіңдер? Неліктен роман «Қаһар» деп аталған?
2. I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының бірінші, екінші кітаптары қалай аталады?
2. Тарихи роман дегеніміз не? Қандай тарихи романдарды білесіңдер?
3. Романға арқау болған тарихи тұлғалар туралы не білесіңдер? Үзінді оқиғасын қазақ тарихындағы қай тарихи кезеңмен байланыстырар едің?
4. Романның негізгі идеясы мен тақырыбына сипаттама беріп, өз талдауларыңды дәптерлеріңе жазыңдар.
5. Кенесарының портретін жазушы қалай суреттеген?
6. Нысанбай ақынның Қасым төреге Шыңғыс шежіресін қисса етіп айтып беруі Кенесарыны неге ойға батырады?
7. Қасым төре неліктен түбі Абылайдың жолын қуған ұрпақтары ортаншы ұлы Кенесары мен кіші баласы Наурызбай болар деп үміттенеді?
8. Кенесарыны қандай ойлар мазалайды? Кенесарының ойынша, қазақтардың өз тәуелсіздігінен айырылуының ең басты себебі неде?

## ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «...Ал бүгінгі таластай, қалың бұқараның тәуелсіздігін қорғау арманы мен сенің жұрт билігін қолға алам деген көкейкесті тілегің ұштасып жатқанда, соңыңнан ерген қолдың артында емес, алдына шығу қажет. Сонда ғана саған қара халық сенеді, соңыңнан ереді. Бұқара өз басыңның қамы үшін емес, халқың үшін алысып жүргеніңді көзбен көргені жөн. Сөйткен күнде ғана, арманыңа жетесің. Халық өзі арманыңа жеткізеді» деген Кенесарының ойын тарқатып, топта талдап, ортақ пікір білдіріңдер.
2. Топпен бірге үзінді кейіпкерлерін тану (Қасым хан, Нысанбай ақын, Кенесары) тапсырмалары бойынша жұмыс жасаңдар:
  - Жазушының кейіпкерлерді суреттеуі, портреттері;
  - Кейіпкерлердің іс-әрекеттері, сөз саптауы, ойлау ерекшеліктері;
  - Кейіпкер мінезін ерекшелеп тұрған сөздер мен суреттеулер;
  - Кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, диалогі, қоршаған ортаға қарым-қатынасы;
  - Кейіпкерлер бойындағы ізгі қасиеттер тізбесі.

3. Үзіндіден қандай құндылықтарды байқадыңдар? Кестеге толтырыңдар.

1-жұп:

Құндылық	Үзіндіден мысал

2-жұп:

Құндылық	Үзіндіден мысал

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- «РАФТ» стратегиясы бойынша үзіндінің өздеріңе ұнаған бөліктерін таңдап алып, қайта өңдеп, өздерің қалаған кейіпкер атынан монолог жазыңдар.  
**Рөл** – кез келген рөлге ену.  
**Аудитория** – тыңдарман, оқырман, қауым.  
**Форма** – монолог.  
**Тақырып** – «Қаһар» романы.
- «ПОПС формуласы» арқылы үзіндінің тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

### ОЙ ТҮЙІН

- «Қаһар» романы – Кенесары қозғалысының көркем шежіресі» тақырыбында эссе жазыңдар.

**Кері байланыс.** «Үш минуттық эссе».

Үзіндіден түсінгендеріңнің ішінде ең маңыздысы не?

Қай сұрақ есінде қалды?

Сен үшін ең қиын, түсініксіз болған не?

### Тұлғаны танып біл

**КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМУЛЫ (1802–1847)** есімі тарихта атасы Абылай ханның ісін жалғастырушы ретінде қалған. Көтеріліске шыққан сұлтанның басты мақсаты айырылып қалған қазақ жерлерін қайтару, сонымен қатар әкесі мен атасынан мұраға қалған Қазақ хандығын іс жүзінде және заңды түрде қалпына келтіру болды.

Патша үкіметіне қарсы тұрған он жыл ішінде Кенесары империямен арадағы қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу үшін бірнеше рет әрекет жасады. Орынбор әкімшілігінің өкілдеріне тұрақты түрде хат жазып, өзінің бейбіт пиғылына олардың көзін жеткізуге күш салады.

**НЫСАНБАЙ ЖАМАНҚҰЛҰЛЫ (1822–1883)** – жырау, ақын. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққошқар елді мекенінде туып-өскен. «Кенесары–Наурызбай» дастанын жырлаған.

## **НАУРЫЗБАЙ**

*(жалғасы)*

### **Оқу мақсаттары:**

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану.

11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру.



**Тірек сөздер:** Наурызбай, алғашқы құрбан, жоқтау айту, намыс, ерлікке бастау.

### **Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ үзіндіні оқып, кейіпкерлері туралы айту;
- ✓ даралау мен жинақтау тәсілдері арқылы жасалған кейіпкерлер мінезін ашу;
- ✓ үзіндідегі ғаламдық тақырыптарды анықтау;
- ✓ автор қолданған көркем сөз кестесінен тұрақты оралымдар мен фразалық тіркестерді есте сақтау.

Дәл осы кезде бұлардың жанына Наурызбай келді. Бұл – жиырма екіге жаңа шыққан келбетті жігіт. Бір әке, бір шешеден туса да, бітімі Кенесарыға мүлде ұқсамайды. Сұңғақ бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей құлаш жауырын, тіп-тік келген, ат жақты, екі бетінен қаны тамған аққұба түсті. Мұрын, көз, қас-қабақтары қазақ жігіттерінікінен көрі мол пішілген, танадай жалтыраған сопақтау келген үлкен қоңыр көздері адамға ілтипатпен қарайды. Қызылды-жасылды меруерт өрілген айдары самай тұсынан салбырап түсіп тұр. Жаңа тебіндеп келе жатқан қоңыр мұртты. Басында қызыл барқытпен тыстаған құндыз бөркі, үстінде құйыршықтары мен тырнақты аяқтары салбыраған қара қасқа күзен ішік. Ішігінің жағасына, жеңіне, шетіне қара қоңыр құндыз ұстаған. Беліндегі күміс белбеуіне былғары қынды селебе таққан.



Наурызбай ұрысқа да осы киімімен шығатын. Білегіне дейін сыбанып түріп алған оң қолында бауыры қорғасын, бес батпан зілдей ауыр қара найзасын тудай көтере ұстап, астындағы сарғылт қылшықты ақбоз атын ойнақтата «Абылайлап!» шапқанда, жан қарсы келе алмайтын. Және зілдей қара найзамен ешкімді қос қолдап шаншып көрген емес. Оң қолында төрт жігіттің күші бар дейтін жұрт. Наурызбай асқан найзагер, заманында бұл соғыс қаруынан өзіне пара-пар келетін жан кездестірмеген. Және жауға шапқанда қабағы қарс жабылып, жүзінде ерекше қаһар пайда болатын. Ал жайшылықта Наурызбайдан ақ жарқын жан жоқ. Ол мұндайда әрі өнші, әрі өзілқой. Ал қазір Наурызбайдың қалың қабағынан қынжылған рең байқалады. Көзі тереңдей, қас-қабағы кіртіе қалған.

Оған себебі де бар еді. Наурызбай соңғы кезде өзі туып-өскен Көкшетау туралы көп ойлайтын болған. Мұндай кездерінде Арқаның жасыл шалғынды, көк майсалы даласы, жақпар-жақпар құз тасты, өн бойы өрби біткен қалың қарағай басқан түйе өркеш шағын таулары, көк толқыны жар кемерін тынбай соғып жатқан шалқар көлдері, мол сулы өзендері оның көз алдында елестейтін. Кенет Бұрабайдың көз жасындай

көгілдір толқыны шулағандай, кереге қанат қыран бүркіт қалықтай ұшқан Оқжетпестің басында ойнаған ерке жел жылағандай, дымқыл иісі аңқыған Кенесары үңгірі күңіренгендей құлағына бір қайғылы үн келетін. Сол үн өзін шақырғандай болатын. Наурызбай мұндай кезінде көктем сөнін, жұбайы өнін аңсаған жыл құсындай, іші-бауыры елжірей, туып-өскен Көкшетауын сағынатын. Өйткені асыр салған балалық шағы, жігіт болып махаббат дегеннің не екенін білген алғашқы бақытты түні, бәрі де осы Көкшенің көгілдір құшағында өткен. Наурызбайға Көкше деген құрғана туған жер емес. Ол кейде өзінің жыл құсы болып жаратылмағанына өкінетін. Егер жылқұсы болса сол Көкшені әр көктемде бір шарлап ұшпа па еді! Мұндайда Наурызбайдың жүрегі удай ашып, жанын қоярға жер таба алмайды. Сол бақыттан, сол қуанышынан айырған сонау темір киген дұшпандарымен алыса түскісі келеді. Өттең не керек, Наурызбай да бір, тұғырда тұрған бала бүркіт те бір, ұшарға қанаты бар, бірақ аяғындағы жібек бау жібермейді, құр қайрат мезеп шаңқ-шаңқ шақыруға ғана дәрмені келеді.

Қаратаудың жыңғылы мен баялышы Көкшенің тобылғысы мен қарағанына жетпес, бозы менен көдесі, жұпар аңқыған көк шалғынына пара-пар келмес. Сонда неге жүр бұлар Сырдың сұрғылт даласында? Жан сақтау ма, әлде хандық па көксегендері? Егер жер кегі болса, таласпай ма сол жер үшін сол туған жердің өзінде? Сырда жүріп Арқаны қалай алмақ? Наурызбай осы жәйттерді ойласа, ештеңеге түсінбейді. Өкесі Қасым төре, ағалары Есенгелді, Саржанның бұл жөнінде ұстаған жолы оған жұмбақ.

Наурызбайға мың Қоқан хандығынан Сарыарқасының бір жайлауы артық. Осы қайғы кеше Құдайменді батыр келгеннен бері тіпті үдей түсті. Қазіргі қабағының қатуына да себеп осы. Аға, жеңгесінің төбе үстінде оңаша тұрғанын көріп, сөйлесуге әдейі келген. Наурызбайдың реңінен көңілінің қапалы екенін аңғарған Күнімжан оған күле қарап:

– Кіші төрем, неден жүдей қалғансың? – деді, – бір жерің ауырғаннан саумысың?

Наурызбай қапалана жауап қайырды.

– Ауру екенім рас, жеңеше... Жаным ауырады, көкірегім ауырады, жүрегім ауырады...

Інісінің немен дертті екенін көптен бері сезетін Кенесары үндеген жоқ. Күнімжан енді жігер бере сөйледі.

– Қара бұлттан күн де шығар, бұл аурулардан айығар заманың да келер.

– Қашан?!

– Оны жүйрік аттың шабысы, ер жігіттің намысы біледі.

– Намысқа шабар алысымыз болып тұр ма? Біз қазір апан-апанға келіп тығылған бөрі тәріздіміз. Қанша бөрі болсаң да, тығылған жерің құр түкпір...

Кенесары кенет інісіне қарады.

– Апаннан атылған бөрі жауына қауіпті екенін білмейтін бе едің? Қол-аяғыңды бауырыңа жинап атылуға дайындала бер, Науанжан...

– Жоқ, Кене аға, апанынан бөрі тек ажалына ғана атылады.

– Кейде жауын да мерт етпей ме?

– Маған ондай итжығыстың керегі жоқ, – Наурызбай ағасына кішілік мінез көрсете ақырын сөйледі, – маған жауымды аңдып басар Көкшенің ыңғыл-жыңғыл жартасы, соңымнан жел де қуып жете алмас ұшы-қиыры жоқ Арқаның кең даласы керек.

Кенесары інісінің өзімен пікірлес екенін бұрын да білетін, бұ жолы да ойлаған жерінен шыққан соң, іштей қуанып қалды. Сөйтсе де қатты мінезіне салып:

– Ұясынан ерте ұшқан қыран тез қартаяды, – деді, – алдыңда ағаларың барда жол таңдамай тұра тұр.

Наурызбай Кенесарыны өзге ағаларынан артық сыйлайтын, сондықтан қарсы сөзге келмей:

– Құба-құп, – деп төмен қарады.

Дәл осы кезде күншығыс тұстағы белестен ойдағы ауылға қарай көтерілген шаң көрінді. Өрі-беріден соң тау ішінен екі салт атты сытылып шықты.

Қырағы көз Кенесары тесіле қарады да:

– Ойпырм-ай, мынау Ағыбай болмаса етті, – деді кенет қобалжи, – астындағысы Ақылақ тәрізді... – Наурызбай да тесіле қарады.

– Иә, Ағыбай көкем! Ал жанындағысы кім? Ат жалына жабысқан түрі Ержанға ұқсайды.

– Иә, солар.

Сөйткенше құйындата шапқан екі атты жетіп те қалды. Енді олардың «ой бауырымдаған» айғайы да естілді.

Кенесары сазарған қалпынан қозғалған жоқ. Наурызбай мен Күнімжан шыдай алмай келе жатқандарға қарсы жүгірді.

Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғып түсіп, белбеуін мойнына салып, қазақтың жамандықты естіретін көне дәстүрі бойынша, екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып, ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті.

– Батыр Кене, қос боздағымыздан айырылды, он сегіз асылдан айырылды. Ташкент күшбегі қолынан Есенгелді, Саржан ағаларың қаза тапты. Қыршын жігіттерімізді де тегіс бауыздады.

Кенесарының түрі күреңітіп, ерні бозарып кетті.

– Қашан? Қалайша?

Ағыбай бетінен сорғалаған жасын сұртпестен, ауызы кемсеңдей:

– Осыдан екі күн бұрын. Жауыз құшбегі бізді алдап шақырған екен. Мәделіхан келген күні түнде Есенгелді мен Саржан сұлтанды диуан сарайына шақыртып алды. Сендердің Қоқан хандығына қарсы шығатын ойларың бар екен деп бастарын алдыртыпты. Ержан екеуіміз төрелердің жарлығы бойынша керуен сарай ауласындағы аттарды қарауға кеткенімізде рабатта ұйықтап жатқан өзге жігіттерді жеңдеттері келіп бауыздапты. Біз өзер құтылдық.

Өлсіреп қалған Ержанды Наурызбай мен Күнімжан сүйеп тұрған. Суық хабарды естісімен Күнімжан басындағы үкілі сәукелесі мен күлгін торғын шәлісін жұлып алып, қара шашын жая, екі белін таянып жоқтау айта жөнелді:

– Қашыда кетті қос арлан,  
Жау сөзіне бос нанып.  
Аямады қас дұшпан  
Батырып қанға кек алып...

Жамандық хабар соққан желмен бірдей, іп-лезде бұл сұмдықты барлық ауылдар да естіді. Шаштарын жұлып, беттерін тырнап боздаған ана, егіл-тегіл еңіреген бала, үй-үйдің қасында жоқтау айтып топтанған қатын-қалаш, көзінің жасын сұртіп күрсінген шалдар, ашулы көздері оттай жайнап кіжінген жігіттер. Ойпатта отырған бар ауыл көл үстінде тып-тыныш жүзіп жүрген қаз-үйрекке ителгі тигендей әп-сәтте азан-қазан болды да қалды.

Қанды уақиға әбігері тек ертеңіне таң атып келе жатқанда ғана басылды. Ағыбайдан Есенгелді, Саржан қалай қаза тапқанын толық естіген Қасым төре бір түннің ішінде у ішкендей боп жүдеп шықты. Үлкен мұрынды сарғылт жүзі көгілдір тартып, қою қызғылт сақалы қырау басқандай бозарып, жайшылықта қанды балақ қасқырдың көзіндей білеулене қызарып тұратын шегір көздері кенет жасып ағара түскен. Жетпіске келсе де, тіп-тік қапсағай денесі айдалада жел өтінде өскен жалғыз ағаштай тез-ақ бүкірейе қалған.

Ол сөске көтеріле Кенесары, Наурызбай, Ағыбайды және ауылында қонып жатқан Құдайменді батырды шақырып алды.

Аз уақыт үндемей отырып, басын көтерді.

– Жас кезімде, есер кезімде Көкшетауды мекендеген тағы ақ бураны садақпен атып өлтіріп едім. Бұл қылығымды естіген аузы дуалы ақсақалдар «Шырағым, Абылайдың ақ бурасы Көкшетаудың иесі еді, киесі ұрып жүрмесе нетсін!» – деп еді. Көкшетауымнан айырылғаным-

ды сол қылығымнан көруші едім. Есенгелдім мен Саржанымды да сол ақ бураның киесі атты ма? Олай болса, Алла Тағала жолыңа ақсарбас айтып, мойныма бұршақ салып тілеймін: қаһарыңды өзге балаларымнан аулақ ет!..



**Рабат** – ортағасырлық қалалардың қарапайым халық тұратын шеткі бөлігі. Араб тілінде «бекет», «қала» деген мағына береді. Елді мекен атауы. **Рабат** – Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы ауыл.

### ОЙТАЛҚЫ

1. Үзінді мазмұнымен танысып, оқиғалар тізбегін «Хикая картасына» түсіріңдер.
2. Наурызбайдың қынжылу себебі неде?
3. Шығармадан табиғатты суреттейтін тұстарын тауып, кейіпкерге қандай қатысы бар екенін анықтаңдар.
4. Наурызбай мен Кенесары диалогін рөлге бөліп оқыңдар.
5. Шығарманың осы бөлігінде халқымыздың қандай әдет-ғұрыптары көрініс тапқан?
6. Шығармадан кейіпкерлердің қатты күйзелген тұстарын тауып, оған қандай оқиғалар себеп болғанын айтыңдар.

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Әдебиет лотосы» әдісімен үзінді кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Шығарма атауы	Авторы	Кейіпкері	Қандай?	Қандай жақсы қасиеттері ұнайды?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір.

2. «Балық қаңқасы» әдісі арқылы 1-жүп үзіндідегі жазушы қолданған көркемдегіш құралдарды, 2-жүп айшықтау амалдарын тауып, мағынасын анықтаңдар. **Орындалу барысы:** *басы* – жазушы стилі, *үстіңгі сүйектері* – көркемдегіш құрал түрлері, айшықтау амалдары, *астыңғы сүйектері* – үзіндіден мысалдар, *құйрығы* – үзінді туралы оқушы ойы.
3. Үзіндіден көрінетін құндылықтарды кейіпкер табиғаты арқылы бағалап, салыстырыңдар.



**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. «Вени диаграммасы» арқылы «Қаһар» романындағы Наурызбай бейнесі мен Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» дастанындағы Наурызбай бейнесін салыстырыңдар.
2. Үзіндіден алған әсерлеріңді «1 тезис, 3 дәлел» кестесімен білдіріңдер.

Тезис:	Дәлелдер		
	1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел

**ОЙ ТҮЙІН**

Үзіндідегі автор ұстанымы мен көтерген мәселесін қорытындылап, сыни пікір жазыңдар.

**Кері байланыс.** Жұптық жұмыс.

Тақырып бойынша менің ойларым	Тақырып бойынша сыныптасымның пікірі

**КЕНЕСАРЫ ХАН**

(жалғасы)

**Оқу мақсаттары:**

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.

11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



**Тірек сөздер:** Кенесары мен Жүсіптің кеңесі, Жүсіп ойы, Кенесарының мақсаты, хандық.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ үзіндіні толық оқып, жанрлық ерекшелігіне сай композициялық құрылымын талдау;

- ✓ үзіндіде берілген уақыт пен кеңістікті анықтау;
- ✓ автор бейнесін, ойын білдіретін сөздерді тауып, саралау;
- ✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын талдау;
- ✓ автор стиліне сай оралымдар мен сөздерді анықтау.

Бір мың сегіз жүз қырық бірінші, қазақша Сиыр жылы, қыргүйектің жетісі күні Алаша ханның бейітінің басында үш жүздің ақсақал, билері жиналып, Кенесарыны ақ киізге салып, хан көтерді. Бұл кезде Иосиф Гербурт-Жүсіп Торғайда еді. Кенесары хан болды дегенді естігеннен-ақ Жүсіп қатты ренжіді. Қазақ елінің патша отаршылық саясатына қарсы күресін Кенесары өз арманына жетуге пайдаланғанын енді түсініп, көтерілістің келешегіне қауіптеніп қарады. «Кенесарының хан болуы – оның өз арманына жеткен жері, бірақ бұл халық ереуілінің біткен жері. Енді жұрт өзінің бостандығы, жері үшін емес, Кенесары көтерген жасыл тулы хандықты қорғаймын деп алысуға мәжбүр болады. Бұдан әрі соңынан ерген ел күннен-күнге азая түседі. Ақырында көкейкесті тілегіне жете алмайтынын ұққан халық одан біржолата безеді. Бұқара жұртқа бұдан былай қарай Кенесарыға еріп қырылғанша, жан сақтау үшін Ресей империясының қол астына кірген жөн. Бәрібір Ресей империясы Кенесарыны хан етіп қоймайды. Ертең қалың қолмен шабады. Халық мұны неғұрлым тез түсінсе, оған Ресей патшалығына соғұрлым бағыну тиімді. Бірақ осыны халық тез түсінер ме?». Халық көтерілісінің түбі барып феодалдық, хандық тартысқа айналғанын көрген Иосиф Гербурт-Жүсіп енді Кенесары ордасынан кетпек болды. Бірақ он жыл өмірі өткен, жанындай жақсы көрген қазақ елін басына қатерлі күн туған кезде тастап кетудің ретін таба алмады. «Хан болып шыққан биігі – құлаған құзы екенін Кенесарының өзі түсінбеген күнде де оның жанында Таймас, Сидак қожа секілді ақылды адамдар бар емес пе, олар неге түсінбейді? Ең болмаса, солармен сөйлесейін, сондарынан елін, жерін қорғап ерген қалың бұқара Кенесарының алдағанына көзі жеткенде бұлардан қол үзетінін айтайын. Мүмкін ақыл айтар төреге», – деді ол ішінен.

Бірақ Жүсіп екі жағдайды еске алмады. Бірі – Кенесары бес жыл ұрыс-айқастың ішінде, өз маңына тар жол, тайғақ кешу күн туса тастап кетпейтін, әйгілі батырлардан, төре тұқымы туған-туысқандарынан табанды серіктер жинап, оларды жұмылған жудырықтай, тастай етіп ұстай білді. Бұл батыр, сұлтан, билердің әрқайсысының соңында аз болсын, көп болсын жеке ауылы, руы бар. Рушылдық әбден қанына сіңген қазақ батыры, биі қайда бастаса, сонда барады. Кенесарының қасында

мұндай серіктері бар деген сөз – елі бар деген сөзбен теңдес. Хандыққа, мансапқа, баққа таласатын адамдардың, ең алдымен, маңайына өзін сатпайтын табанды кісілерді жинап алуы – ежелгі әдеттері. Мұндай тіректерсіз қандай ақылды қайраткер болса да, ойлаған мақсатына жете алмайды. Кенесары да бұл әдісті жақсы пайдалана білген адам. Оның бір мықтылығының өзі де осында еді. «Тек Байтабын батыр ғана ши шығарғалы жүр ме, қалай дейді ішінен сұлтан, егер көзім шын жетсе...». Екіншісі: бұрын басқа үлгіде мемлекет болып көрмеген, әлі де феодалдық, рушылдық сатыда жүрген қазақ еліне хандық деген ұғым – жеке ел болып, өзінің жерін, еркіндігін сақтау деген ұғыммен бір. Қалың бұқараға хан сайлау деген ұғым, оның жеке ел болып көсемімізді сайладық деген ұғыммен ұштасып жатады. Осындай түсініктегі қалың бұқара, алғашқы кезде өзінің Ресей патшасының отаршылдық саясатына қарсы бас көтерген қимылын ақырында кеп бостандықтары үшін емес, Кенесарының хандығы үшін күресіне айналып кеткенін аңғармады. Шынында да, Ресей патшалығына бағындым деп бітім істей тұрып Кенесарының өзін хан көтертуі, ел қамын емес, өз қамын ойлауы еді. Бұл баққұмар сұлтанның ғана трагедиясы емес, бостандықты көксіп алданған халықтың да трагедиясы еді. Осы трагедиясын түсінбеген ел Кенесарының соңына еріп тағы да бес жыл күресті, ақырында қанға батып қырылды...

Бірақ Гербурт-Жүсіп Таймаспен де, Әбілғазымен де, Сидак қожамен де тез кездесе алмады. Жоқ жерден Кенесарының өзімен сөйлесуге мәжбүр болды. Бұлар бір мың сегіз жүз қырық екінші, барыс жылының көктемінде кездесті. Кенесары өткен жылғы қара суық күзде Перовскийдің жарлығы бойынша Қоқан жерінен қайтып келген соң, жылдағы әдеті бойынша қалың әскерін елді-еліне таратты. Өзі азғантай Төлеңгіт ауылы мен төрт жылдан бері бауыр басқан Торғай өзенінің жоғарғы сағасындағы қыстауында қысты тыныш өткізіп шықты. Перовский мен Генске өкпелегендіктен, қыс ішінде олармен хабарласа қоюды да жөн көрмеген. Бірақ осы барыс жылының басында Орынборда Генстің үйінде жетім балаларға тәрбиеші болып жүрген Алтыншашқа жолығып қайтқан Байтабын суық хабар әкелді. Патша ағзам жақында Перовскийді орнынан алып, Орынбор әскери губернаторы етіп генерал Обручевті тағайындапты-мыс. Байтабын: «Сірә, Генсті де босататын көрінеді, ісін тексеруге жіберіпті», – деп келген. Бұл хабарды естісімен қыстан тыныш шығуға айналған Кенесары түсінен шошып оянған адамдай қобалжи бастаған. Қарамағындағы рулардың басшыларына ат шаптырып: «Әскерлерін жылдағыдан гөрі ертерек, қар кетісімен, көк шығуға қарамай-ақ, Қаракеңгірдегі Алаша хан моласының жанына

жеткізсін», – деп хабарландырған. Өзі де сұрапыл соғарын сезген шағаладай әлденеге мазасы кетіп, біртүрлі тынышсыздана түскен. Өйткені бұлармен тіл тауып, бітімге келгелі отырған Перовскийді патша ағзамның тегін түсірмегенін сезген... Және астыртын Орынборға жіберген кісі арқылы Генстің үйінде анда-санда бас қосатын офицерлердің сөздерінен «Обручевтің Кенесарыға сенбейтінін» Алтыншаш та хабарлаған. Бұрын Перовскийдің төктөгімен әзер жүрген Горчаковтың енді бұған шабуыл жасайтынын Кенесары бірден ұққан.

Осындай қобалжуда көкек айы өте бастаған кезде, Кенесары азырақ бой сергітіп қайтайын деп, қасына өзінің батырларын ертіп, Ақсақалтөбедегі тоқал әйелі қыстауының маңындағы қалың жыңғылды қыратқа аң аулауға шыққан. Бұлар жоқта, Батыс Сібір генерал-губернаторы жіберген есауыл Сотников басқарған әскер Қараторғайда отырған Күнімжан ауылын шабады. Біраз малы мен екі баласын қоса, Күнімжанның өзін бас етіп, он адамды ұстап алып кетеді.

Бұны естіген сұлтан аңнан қайтып келіп, Күнімжанның ауылын кім шапқанын біле алмай әуре болып жүргенде, арасында он күн салмай,



есауыл Сотников енді Ақсақалтөбедегі Кенесары тоқалы мен Есенгелді, Саржан ауылдарына тиеді. Абайсыз отырған елді қанға бояп, жүзге таяу адамды шауып өлтіріп, мың түйе, үш мың бес жүз жылқы, он мың қоймен бірге жиырма бес адамды тұтқын етіп айдап өкетеді.

Горчаковтың бұл қылығына Кенесары бұлқан-талқан болып ашуланады, өзіңе кісі қыру керек болса, мен де көрсетейін деп атқа мінеді. Міне, осылай ызаға өзгер шыдап жүрген күндердің бірінде, ордада қағаз жазып отырған Жүсіпке:

– Ертең сарбаздарымыз бас қосамыз деп уәделескен Алаша ханның моласына жүреміз, барасың ба? – деді.

– Барамын, – деп жауап берді қанды оқиғалардың таяп келе жатқанын онсыз да сезіп жүрген Жүсіп ойланбастан.

Ертеңіне өзін қорғайтын Батырмұрат басқарған жасағымен Кенесары Алаша хан зираты тұрған Қаракеңгірге бет алды. Өзге батырларына да тез жетсін деп хабар берді. Бұл көкек айының аяқ кезі еді. Жер жаңа кеуіп, көгал шөп жылдағысынан ерте ду ете қалған. Арқадағы әлі бекініс салынып, мылтық дауысы аң-құсын үркітпеген Арғанаты, Ұлытау, Кішітау, Айыртаулар алыстан мұнарлана көрініп, қиялыңды тербеткендей. Оның үстіне кең дала биыл өте-мөте көркем еді. Жел соқса құлпыра түскен шалғын иісі жұпардай аңқиды. Бетіңнен сүйген көктем желі. Ойында да, қырында да, көлінде де, шөлінде де сыңсыған құс... Табиғаттың осыншама сұлу суретін көріп, мас болғандайсың. Қиялың көктем желіндей сары далаңды шарлай кезеді.

Кенесары осы ғаламат жерден расымен айырылам ба дегендей жан-жағына қайғыра қарап келе жатты. Екі баласы мен Күнімжаннан айырылғаннан бері тіпті өзгеріп кеткен. Белтіріктерінен айырылған бөрідей әбден қанкөзденіп алған. Жұртпен де тіс жарып сөйлеспейді. Бар зәрін ішіне сақтап, бетінен қан-сөлі қашып, ақ сары жүзі сұрлана түскен. Қимылы, жан-жағына қадала көз тастаған келбеті, қайғыдан гөрі Кенесарының жүрегін ашу-ыза, кек билегендей.

Кенесарының жанындай жақсы көретін әйелі мен балаларынан айырылғанынан да басқа жүрегін өртеген күйігі бар. Жүсіп оны да біледі. Ол күйік – сұлтанның Арқа мен Кіші жүздің ел билеген кейбір би, ақсақалдарын өзіне ерте алмағанынан туған күйік...



**Бейіт** – қайтыс болған адам жерленген қабір, мола, зират.

**Көкек айы** – жазғытұрым кезіне сай келетін төртінші айдың арабша аты (сәуір).

**ОЙТАЛҚЫ**

1. Үзіндіні түсініп оқып, тезистік жоспар құрыңдар.
2. Кенесарының хан болғанын естігенде Гербурт-Жүсіп неге ренжіді деп ойлайсыңдар?
3. Шын мәнінде, Кенесарының өзін хан көтертуінің астарында не жатыр еді?
4. Гербурт-Жүсіп неліктен Кенесары ордасынан кете алмады?
5. Перовскийдің орнынан алынғаны Кенесарыны неге қатты қобалжытты?
6. Кенесарының әйелі мен балаларынан айырылғанынан да басқа жүрегін өртеген қандай күйігі бар еді?
7. Үзіндідегі көркем образдар галереясын топтастырыңдар.

**ОЙ БЕЙНЕЛЕУ**

1. Роман үзіндісін топпен бірге талдап, сюжеттік желісі бойынша «Интеллект картасын» құрастырыңдар.
2. Романның үзіндісіне сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар. Тарихи шығарманың көркемдік ерекшелігі туралы өз ойларыңды айтып беріңдер. Негізгі кейіпкерлерін белгілеңдер.
3. Жұптағы бір оқушы – Кенесарының, екінші оқушы – Гербурт-Жүсіптің бейнесіне жинақтау және даралау арқылы талдау жасаңдар. Екі кейіпкердің арасындағы қарым-қатынасты өз сөздеріңмен қорытындылап жазыңдар.

Кейіпкер	Үзіндідегі портреті, мінездемесі	Кейіпкердің ең маңызды әрекеттері	Кейіпкер образына қатысты менің көзқарасым

4. Үзіндіні тыңдап, көркемдегіш құралдары мен айшықтауларды теріп жазып, автор стилін анықтаңдар. Уақыт – 15 минут.

**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

Үзіндідегі жалпыадамзаттық құндылықтар туралы жазушы ойын өз көзқарастарыңмен сабақтастырып, пайымдауларыңды жазыңдар.

Үлгі:

Тақырыптық 2 сөйлем: .....

Қолдаушы 3 сөйлем: .....

Қорытынды 1 сөйлем: .....

**ОЙ ТҮЙІН**

Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

**Кері байланыс.** «3-2-1».

Сабақтағы 3 маңызды ақпарат.

Қиындық келтірген 2 мәселе.

Сабақта ұнаған 1 аспект.

**Тұлғаны танып біл**

**АЛАША ХАН** – халық аңызы бойынша, «Алты алашты» құрған тайпалардың түп атасы. Қазақ шежіресінде Алаша ханның шыққан тегі қарапайым кісі болған делінеді. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын ең көне аңыздарда кездеседі. Сондықтан кейбір ежелгі деректерде «Алаш» этнонимінің шығуы осы Алаша хан атымен байланыстырылады.

**КЕНЕСАРЫ ХАН МЕН ГЕРБУРТ-ЖҮСІП**

(жалғасы)

**Оқу мақсаттары:**

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма*) жазу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру.



**Тірек сөздер:** Сұлтанның ашуы, Гербурт-Жүсіп, туған ел, халық тағдыры, ел билеу, азаттық ойлары.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ үзіндіні толық оқып, шығармашылық жұмыс жазу үшін керекті мәліметтерді теріп алу;
- ✓ үзіндідегі ғаламдық тақырыпты анықтау, өз ойыңмен саралау;
- ✓ әдеби ағым мен бағыт туралы теориялық ұғымдарды қайталау;
- ✓ үзіндіде берілген жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау.

Бұлар Алаша хан моласы тұрған Кеңгір өзенінің жазық беткейіне жеткенде, басқа жақтың батырлары әлі келмеген екен. Кенесары шатырларын тігіп, сарбаздарды осы жерде күтпек болды. Арада үш-төрт күн өтті. Азық-түлігін түйеге теңдеп, әскерлерін соңдарынан шұбатып батырлар да келе бастады. Торғайдан Иман батыр, Елек пен Ырғыздың ортасын жайлаған Табыннан Жоламан батыр, өзінің үзеңгілес серіктері Ағыбай, Бұқарбай, Жеке батыр, Құдайменді батырлар алдымен жетті. Көп кешікпей Жанайдар мен Бопай да келді. Бірақ Кенесары әлі ешкіммен тіс жарып сөйлескен емес. Жайшылықтағы ақылгөйлері, соғыс ісінде кеңес беретін қандыкөйлек серіктері Таймас пен Әбілғазы да тіл қатпай қойды. Екі көзі қанталап, жұқа ернін тістеніп, жалғыз сергелдеңге түсуіне қарағанда, ол енді бір батыл шешімге келген жан секілді. Сол шешімін орындауға тек ыңғайын күтіп іштен тынғандай...

Кенесары қазір осы бейіттердің күнгей жағымен келе жатыр. Соңынан ерген ит тәрізді анандай жерден Қараүлектің салбыр бейнесі көрінеді. Сұлтан ашулы. Қайда бара жатқанын өзі де аңғармайтындай, қабағын қарс жауып, сылбыр аяңдайды. Кенесарының қазіргі ашуының себебі бар. Осыдан он күн бұрын «Кенесары көкиығы» деп аталатын биіктің Қостанай жағындағы көл жағасындағы жайлауға көшкен Балғожа бидің ауылына бір топ орыс балықшылары шықты дегенді естіген. Орынбор губернаторын Балғожа биге өшіктіру үшін, «жансыз барып балықшы орыстарды қырып келіндер» деп бір топ жігітпен Байтабынды жіберген. Бүгін сол Байтабын қайтып келген.

– Жарлықты орындадың ба? – деген Кенесарының сұрағына Байтабын сазара тұрып, «жоқ» деп жауап қайырған.

– Неге? – деп Кенесары қайта сұраған.

– Хан ием, – деген Байтабын тізе бүгіп, – Балғожа биге жала жабу үшін жазықсыз балықшыларды бостан-бос қыруға дөтім бармады, кешіріңіз.

Соңғы жылдары Байтабынның өзгере бастағанын Кенесары аңғарып қалған. Батырдың өзі де мұнысын жасырмаған. Дегеніне көнбеген бір ауылды шапқаннан кейін сұлтанның өзіне де орынсыз қан төгудің керексіздігін айтқан. Кенесары іштей кектенсе де, «өз еліне жаны ашығаны-ау» деген де қойған. «Ал бұл жолғысы не? Кімге жаны ашығаны?». Бағана көп жылдан бері еңбегі сіңген батырына «бұйрығымды орындамағаныңды бір жолға кешірдім» деп сыр бермесе де, қазір оңашада ашуға шыдай алмай келе жатыр. «Жоқ, жоқ, – деді ол бір кезде, – тағы да бір сынап көрем. Егер Кіші жүзім деп жауымды наркескендей алып түспесең, өз обалың өзіңе». Осындай шешімге тоқтаған Кенесары сөл басылайын деді. Ол енді жан-жағына ойлана қарады. «Бағана осы



жаққа Жүсіп кетіп бара жатыр еді ғой? Қайда екен?». Сұлтан енді кілт бұрылып теріскей жаққа қарай аяңдады.

Ал Гербурт-Жүсіп қолы бос уақытта осы Алаша ханның моласының жанына келіп отыруды жақсы көретін. Оған осы айбарлы мола бір ғажайып асыл мүлік болып көрінетін. Моланың оқ-дәрі бұза алмайтын кірпіштерінің қандай құмтопырақтан құйылғанын, бес жүз жылдан бері алғашқы күндегісіндей түсін әлі жоғалтпай тұрған күмбез сырының неден жасалғанын түсіне алмай таңғалатын. Көшпелі елдің жүздеген жылдар бойы сары даланың желі мен жаңбырына шыдап келген осындай әсем ескерткіштер жасағанына мәз болатын.

Жүсіп бүгін де осы мазарға келген. Бір төбешіктің басына отырып алып, өлең жазуға кірісті. Тағдыр жазып, сонау қадірлі Польшасына қайтар болса, Алаша хан моласы да есте қалсын...

Көз жетпейтін жасыл дала,  
Көргені азап, қиянат...  
Ортасында ақ шағала,  
Түр күмбезді бір зират...

Өлең шумақтары асау өзеннің көк толқынындай бірінен соң бірі туып, бірін-бірі баса-көктей, жер кемеріне сыймаған дариядай Жүсіптің де тар кеудесіне сыяр емес. Біресе қиял оны үшқыр қанатына отырғызып алып, ақша бұлттар жүзген көгілдір аспаннан да жоғары ала жөнеледі. Біресе тынық су бетінде ақырын тербелген қайықтай жан сезімі сәл тыныштала қалады да, кенет дауыл ұрғандай астан-кестен боп жүрегін ашу кернейді. Жүсіп бар әлемді ұмытқан: өзінің қайғылы халін де, Кенесары ереуілін де, қымбатты Польшасын да, тек өлең дүниесіне, шабыт дүниесіне кіріп кеткен. Осындай халде отырғанында кенет біреу иығына қолын салды. Жалт қараса, Кенесары екен. Анандай жерде Қараүлек тұр. Жүсіп шошынайын деді. «Не жазып қалдым?». Енді өлең дүниесі де, қиял, шабыт, әсем сәнді сезім әлемі де бірден ғайып болды.

– Қорықпай-ақ қой, – деді оның ойын түсіне қалған Кенесары, – сенің еш кінәң жоқ, – сөйтті де Қараүлекке «кет» дегендей қолымен ишарат етті. Анау бөтен жаққа көңілі ауған жайылып жүрген атан түйедей аспай-саспай бұрылып, шатырға қарай балпаң-балпаң басып жүре берді. – Сені көрген соң, әдейі бұрылдым. Сөйлесейін деп едім... Шыныңды айтшы, туған еліңді сағындың ба?

Жүсіп шынын айтты:

– Сағындым. Өттең алыс, қашып кетер едім...

– Қашып кетер едім? Бұрын бұндай сөз айтпайтын едің ғой, әлде біздің көтерілісіміз сені қызықтырмайын деді ме? Өзімнің туған жерім-



де қалған арманымды сендерден таптым деп едің ғой. Сол сөзің өлі есімде.

– Ол сөзді мен қазақ елі өзінің еркіндігі үшін күресіп жүрген кезде айтқам. Польша бұқарасы Ресей патшасының отаршылдық ісіне қандай қарсы болса, мен келіп қосылған шақта қазақ халқы да сондай қарсы еді. Сендердің күрестерің маған ұнаған. Польшада қалған арманымды, осында тапқандай болғам. Ал қазір...

– Иә, қазір?.. Әлде сен бізді түскен жолымыздан адасты деп ойлайсың ба?

Жүсіп не болса да, шынын айтуды мақұл көрді. «Мүмкін, менің сөзім ой салар», – деді ол ішінен.

– Иә, Кенеке, – деді Жүсіп тікелей қарап, – сен өзіңді хан етіп ақ киізге көтерткізгеннен бері, ұстаған жолың да, алдағы мақсатың да басқаша... Сенің күресің енді байлардың үстемдігін қорғайтын хандықты сақтау күресіне айналып барады. Бұдан қалың бұқараға келер қандай пайда бар? Кедей жұртқа өз ханына бағынды не, орыс патшасына бағынды не, бәрібір емес пе? Бұрын өзінің күнкөрісі болған шұрайлы жерін,

балықты көлін орыстың князь, генерал, графтарынан қорғап, қолына сойыл алған ереуіл бір басқа да, Абылай заманын көксеп, қазақты орыстан бөліп алып, қанын жеке сорамыз деген сұлтан, би, ақсақал, хан үшін күресу бір басқа. Бұл күрес тіпті зиянды, ол орыс пен қазақ халқының жақындасуына бөгет болады! Ал екі бейнетқор халықтың бірігуінде, жақындасуында олардың бар болашағы, бар алдағы жарық күні тұр.

Жайшылықта сөзге сараң, ұстамды Кенесары кенет бұлқан-талқан боп ашулана қалды.

– Қаны басқаның – жаны басқа деген осы. Абылай атамның жолын қуып арпалысқа шыққанымда орыс пен қазақты біріктіру үшін шықты дейсің бе? Жоқ, Жүсіп, Ресей – дария, біз кішкентай ғана мөлдір бұлақпыз. Мөлдір бұлақ суы дарияға құйғанда несі қалады? Дария суы ащы болса, бұлақ суы да ащы болады, дария суы тұщы болса, бұлақ суы да тұщы болады. Бұлақтың бар болашағы тек дарияның ғана еркінде қалады. Менің күткенім сондай өмір ме? Жоқ, бұлақ дария болмай-ақ өз бетімен аға берсін дедім. Біз Ресей патшасына бағынсақ, ел деген аттан айырыламыз. Жоқ, қазақ бұрын Абылай ханға бағынса, енді оның немересі Кене ханға бағынады. Өзім билеймін...

– Қалай билейсің? Жерінен, суынан айырылған жұрт ертең қайтара алмайтынына көзі анық жеткен күні, сенің соңыңнан еруді қояды, Кенесарының хандығын сақтаймын деп бостан-бос қырыла бере ме?

Кенесары кенет шабатын барыстай жиырыла қалды, шегір көздері қанталап, оң қолы беліндегі наркескеннің сабын кенет қыса ұстады.

– Сенің дос екеніңді білмесем... – деді ол ендіге сөйлеп, сөйтті де, қолын наркескеннің сабынан қайта алды. – Еліңді қалай билейсің дейсің бе? Ресей патшасы бізді қалай билемек болды? Зеңбіректің оғыменен, жалаңаш қылыштың жүзімен емес пе? Мен де сөйтем. Дегеніме көнбеген елді аттың сауырына, қамшының бауырына аламын. Кімдекім айтқаным көнбейді екен, Кенесарының жасыл туының астында жүргісі келмейді екен – ол менің жауым. Ресей губернаторы қандай қасым болса, о да менің сондай қасым. Не оларды өз дегеніме жүргізем, не біржолата қырып, жоқ етем. Екі шешім болуы мүмкін емес. Жауын аяған өзі мерт болады. Бұрын жұртты жер-суыңды алып беремін деп ертсем, енді хандығыңды қорғаймын деп ертемін. Күшпенен қорқытып ертемін! Дәл осы айтқанымды ертең Жаппас руынан бастаймын. Бір үйін бос тастамай түндігін қылышпен турап, тайлы-таяғына дейін қалдырмай айдап алам!

Қыс Сырды мекендеп, жаз Торғай бойын жайлап көшіп жүретін Жаппас руының билері Көбектің Алтыбайы мен Төлегеннің Жаңғабылы

көптен бері Кенесарыға екіжүзділік көрсетіп келген. Қолдан келер қуат жоқ, іш қазандай қайнайды, сондықтан амалсыз жүрген. Доспыз деп ауыздары айтқанмен, іс жүзінде қастықтарын көрсете берген. Ел басын біріктірем деген Кенесары бұл билердің өз руларында ықпалды екенін еске алып, жеңіл-желпі күнәларын кеше салатын. Ал бұл билер ауылдары Сыр бойын жайлап, Торғайды қыстайтын. Жылқысын Мұғажар тауының ығына тебінге айдап, қойларын Орынбор шегарасында казак-орыс жерінде ұстайтын. Кенесары Торғайға көшіп келгелі, жайылымымыз тарылды деп екеуі бірдей наразы болатын. Кейде зекет те төлемей қоятын. Осыдан барып, Кенесары мен билер арасында қырбайлық күшейе түскен еді. Оның үстіне биыл Торғайды қыстап қалған Алтыбай ауылының он шақты жігіті жер білмейтін Сотников жасағына жол көрсетіп, Күнімжан мен Ақсақалтөбедегі Кенесары ауылдарын шабуға қатынасқан. Бұны естіген Кенесары билерге өшігуде. Сұлтанның қазіргі кіжінуі – сол өштіктің салдары...

Кенесары кенет тұнжырап кетті. Шықшыттағы күре тамыры бұлкілдей ойнап, демін өзер-өзер алды.



**Мазар** – қайтыс болған адамның денесі жерленетін және оның атын есте қалдыру үшін салынған сәулет ғимараты.

**Отаршылдық** – отар етіп, билеушілік, тәуелді етушілік, бостандығынан айыру. Отаршылдық іс көбіне жергілікті тұрғындарды күшпен бағындыру және ығыстыру саясатымен (кейде қырып-жоюмен) ұштасады және басқа аумақтарды тартып алу үшін қолданылады.

**Шықшыт** – жақтың жоғары тұсындағы сүйек.

### ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіні оқып, сюжеттегі негізгі оқиғаларды айтып беріңдер.
2. Не себепті Кенесары Алаша хан моласының жанында әскерін күтті?
3. Кенесарының ашулануы қандай оқиғадан басталды?
4. Кенесары мен Жүсіптің диалогі не туралы болды?
5. Қартаны пайдаланып, үзіндіде аталған жер-су атауларын табыңдар. Кенесары ханның иелік еткен жерлерін белгілеңдер.
6. Кенесары хан өз көтерілісінің мәнін қалай бағалаған?

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Оқиға картасы» әдісі бойынша берілген үзіндінің сюжетін композициялық жүйесі бойынша құрастырып шығыңдар.
2. Үзіндіде кездесетін 3 кейіпкерді атап, байқалған басты құндылықтарды анықтаңдар.

Үзінді кейіпкерлері	Кейіпкерлер өміріндегі құндылықтар	Менің ойым

3. Үзіндідегі көркемдегіш құралдардың қолданысына талдау жасаңдар. Көркемдегіш сөздерді бірінші жұпта табыңдар, екінші басқа жұптармен ой бөлісіңдер, үшінші топта үзіндіден мысалдар келтіре отырып, кестеге толтырып жазыңдар.

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. «...Абылай атамның жолын қуып арпалысқа шыққанымда орыс пен қазақты біріктіру үшін шықты дейсің бе? Жоқ, Жүсіп, Ресей – дария, біз кішкентай ғана мөлдір бұлақпыз. Мөлдір бұлақ суы дарияға құйғанда несі қалады? Дария суы ащы болса, бұлақ суы да ащы болады, дария суы тұщы болса, бұлақ суы да тұщы болады. Бұлақтың бар болашағы тек дарияның ғана еркінде қалады. Менің күткенім сондай өмір ме? Жоқ, бұлақ дария болмай-ақ өз бетімен аға берсін дедім. Біз Ресей патшасына бағынсақ, ел деген аттан айырыламыз...» деген үзіндідегі Кенесарының ойын дамыта отырып, өз пікірлеріңді білдіріңдер. Шынайы өмірмен байланыстырыңдар.
2. Үзіндіні тыңдап, Жүсіптің Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс пен хандық туралы пікіріне өз сыни бағаларыңды беріңдер. Өз ойларыңды шағын талдау түрінде жазыңдар. Уақыт – 15 минут.

### ОЙ ТҮЙІН

Тарихтағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі мен романды салыстыра отырып, сыни хабарлама жазыңдар.

#### Кері байланыс.

- ✓ Қандай ақпаратпен жұмыс жасадық?
- ✓ Жұмысты қалай жоспарладық?
- ✓ Уақытты тиімді қолдана алдық па?
- ✓ Қандай жаңа мәлімет алдық?
- ✓ Нені үйрендік?
- ✓ Не нәрсе сәтті болды? Сәтсіз тұсымыз қандай?
- ✓ Нені өлі де жақсарту керек?

## ЖҮСІПТІҢ АҚЫЛЫ

(жалғасы)

### Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



**Тірек сөздер:** Жүсіптің ойы, Кенесарының мақсаты, кепілдер, орыс билігі, отбасы құндылықтары.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, көтерілген мәселелерді анықтау;
- ✓ шығармадағы автор бейнесі мен идеясын табу;
- ✓ көркемдік-эстетикалық тұрғыда әдеби эссе жазу.

Жүсіп енді Кенесарыдан шын шошынды. Кенет оның көз алдына осыдан үш жыл бұрын Сыздықты қалай сынағаны елестеп кетті. Жүсіп балажан болатын. Бірақ о жолы Сыздықты пышаққа түседі деп аяған жоқ. Аяған болса, бұлай сынамаңыз деп Кенесарыға жалынар еді. Жүсіп оны істемеді ғой. Өзінің осы қылығын ол артынан сан рет ойлады. «Неге мен сонда Сыздыққа ара түспедім, әлде Сыздықты мен бірдеңеден жек көрдім бе немесе онда адамның ішін жылытпас бір мінез бар ма еді?» – деп шешуін таба алмай, сан басы қатқан. Сол сұрағына кенет Жүсіп шешім тапқандай. «Ие, ие, дүниеде осы сұлтандар тәрізді қасқыр тектес жандар аз емес шығар. Адам олардың тірі жүргенінен өлгенін тілейтін болар. Жұрт тегі қасқырды немесе бөлтірігін өлтірдім деп опық жемейді. Менің де жүрегімді төре тұқымына деген өзім әлі аңғара қоймаған сондай бір сезім билеген екен... Сол күні Сыздық туралы соншалық қиналмауыма әлгі жасырын сезім себепкер болғандай ғой. Ал қасқыр тектес тұқымның Кенесары – шын арланы. Арланы болмаса, әлгі жантүршігерлік сөздерді айтар ма еді?».

Кенесарының әйелі мен балаларын қаншалықты жақсы көретінін Жүсіп есіне түсіріп, ызаланған сұлтанды орынсыз қантөгіске барғызбас үшін тағы ақыл берді.

– Күнімжан ханшаны балаларымен қазір Ордан Орынборға әкелді деген сыбыс бар, қолымыздағы тұтқын орыс офицерлерімен айырбастайық деп әскери губернаторға хат жазсақ қайтеді?

Кенесары кенет елең ете қалды.

– Бұл – табылған ақыл. Барон Уйлер мен есауыл Лебедевті былай қойғанда, біздің қолымызда жиырмаға тарта есірей орыс офицерлері бар. Соның бәрін, Күнімжанды бас етіп біздің ауылдан алып кеткен отыз бес адамға айырбастасын. Солай деп хат жаз. Және... – Кенесары ойлана қалды.

– Тағы не айтпақ едіңіз?..

– Жанарал Обырш келгелі арамыз шиеленіп бара жатыр-ау... Орынбор әскері шықпағанмен Омбы солдаттары қояр емес. Өрине, мұның бәрі Аршабоқ пен Обыршсіз болып жатқан жоқ. Орынбор бізбен өзир жауласпай отырса, ол ана Кеністің шаруасы. Ертең Кеніс кете қалса, басымызға әңгір-таяқ ойнайтыны даусыз. Сондықтан күні бұрын Обырштің өзіне тағы бір хат жазайық. Ақырғы рет алдынан өтейік...

– Хатты не деп жазамыз?

– «Алдыңғы жылы Орынбордың әскери губернаторы мен жанарал Кеніс құрметті патша ағзамның атынан бізге мәнәпес жариялап, бар күнәмізді кешкен. Мұндай қадірлі адамдардың сөзіне сеніп, біз ақ патшаға қарсы мылтық ату мен қылыш жұмсауды тоқтатқан едік... Ал биыл наурыздың жиырма бірінде, өзіміз аңға шығып кеткенде, Омбы қаласынан шыққан Сотников жасауыл басқарған жасақ ауылымызды шауып, мал-мүлкімізді талап, Күнімжан сұлтаншаны бас етіп, бірнеше адамды ұстап алып кетті... Бұндай жағдайда жақсылықты бір Құдайдан болмаса, орыс бастықтарынан күтуге болмайтынына көзімді жеткізді» де. Және жалынған адам секілді көрінбей, әлі де болса тігім-бітімге келейік деген көңіл білдір...

– Мақұл.

– Оған көнбесе, өз обалы өзіне. Болса да бізді аямайды екен, біз де оларды аямаймыз.

– Түсінікті.

– Және осы уақытқа дейін бұлаңқұйрыққа салып, бізге қосылмай алдап жүрген билердің бәріне де хат жазыңдар. Өсіресе Назар руының ақсақалдары Байтөре мен Қарақұшікке...

– Хатты не деп жазайық?

– «Мені ханымыз деп ұқсын. Айтқаныма көнсін, айдауыма жүрсін. Сөйтсе біз де оған қорғанбыз. Бұрынғы күнәларының бәрін кешеміз. Ал бұны істемесе... Отыз жыл жауабын күтемін, жауап ала алмасам, қалған отыз жылда өздерін жазалаумен өтемін» де... Осындай хатты бізге теріс қарап жүрген Жаппас руларының билері секілді өзге билерге де жазыңдар.

– Жақсы...

– Білемін. Білгесін айтып тұрмын. Қиындықта жол таба алмайды десек, хан етіп көтермес едік. «Ашу – жау, ақыл – дос». Бұны қазақ білмей

айтқан ба? Көтерілісіміз шаңқай түсіміз еді десек, хандығымыз екіндіміз тәрізді, енді біржолата жер астына күндей батып кетіп жүрмейік, әлі де ойланалық...

– Жарайды, ойланайық. Тағы нең бар?

– Батырмұраттың жасағындағы Гаврилов деген қашқын сыпай... осында келіп жүрген саудагерлер арқылы сенің басыңды алуға Орынборға уәде берген көрінеді. Мұны қыстыгүні істеу жеңіл депті. Обырш егер Гаврилов бұны істесе, оның солдаттықтан қашқан күнәсін кешіртемін деп Петерборға қағаз жазыпты. Балалар осы сыпайдан сақ болсын депті.

Кенесары түнеріп кетті. Бағанадан бері үндемей тұрған Жүсіп:

– Гавриловтың өзінің басын алу керек, – деді кенет қатуланып кетіп, – және өзгелерге сабақ болсын, бұл үкімді осындағы қашқын солдаттардың көзінше орындаған дұрыс.

Кенесары ойлана жауап берді.

– Алдымен тексерген жөн... Арам ойы анықталса, Қараулекке тапсырармыз... Жұрттың бөріне сенбегендей, оның ажалын өзгелерге үлгі етудің керегі қанша?..

«Дегенмен бұл ақылды адам, – деді Жүсіп ішінен, – менікі ағаттық болды. Бір шіріген жұмыртқа үшін өзгелерге де байқа деп сенімсіздік көрсетудің, әрине, қажеті жоқ...»

Таймас тағы да бірдеме айтқысы келгендей Кенесарыға қарады. Сұлтан оның ойын түсініп:

– Айта бер, – деді енжар, – тағы қандай сұмдығың бар...

– Дәулетші құйып болған зеңбірегін кеше сынаған екен... Заводтағыдай жасау қиын ғой... Өлде салған оқ-дөрі артық болды ма, от қойып атқан шақта күл-талқан бопты. Жанында тұрған Дәулетшінің өзін де мерт етіпті... – Кенесары тұнжырап кетті. Құйылып жатқан зеңбіректерден үлкен үмітті еді. Бұл үміт те құр дәмелендірді де, жоқ болды. Ол:

– Топырағы торқа болсын, – деді күрсініп, – жақсы шебер еді, ардақтап көмілсін...

Бұдан кейін үн-түнсіз үшеуі қостарына қайтты.



**Обырш** – В.А. Обручев деген орыс генералы тегінің қазақ тілі ыңғайына келтіріліп айтылуы. В.А. Обручев 1842–1851 жылдар аралығында Орынбор генерал-губернаторы қызметін атқарған.

**Жанарал** – орыс тіліндегі «генерал» сөзінің қазақ тілінің ыңғайына келтіріліп айтылуы. Генерал – әскери лауазымдағы ең жоғарғы шен.

**Мәнәпөс** – орыс тілі арқылы келген «манифест» сөзінің қазақ тілінің ыңғайына келтіріліп, ауызекі тілде айтылуы. Манифест – қандай да бір саяси оқиғаға байланысты халыққа жолдау нысанындағы жоғарғы биліктің үндеуі.



**Есаул** – патша әскеріндегі капитан шеніне тең әскери атақ.  
**Сыпай** – жалдамалы атты әскер (жауынгер).

### ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіні оқып, негізгі деп санайтын бөліктерге бөліп, бөлікке атау беріңдер.
2. Үзінді бөліктерінің мазмұнын ашатын сұрақтар құрастырыңдар.
3. Үзіндінің идеясын үш сөйлем арқылы тұжырымдап, тірек сызба арқылы көрсетіңдер.
4. «Көтерілісіміз шаңқай түсіміз еді десек, хандығымыз екіндіміз тәрізді, енді біржолата жер астына күндей батып кетіп жүрмейік, әлі де ойланалық...» деген Кенесары сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?
5. Үзіндіде көтерілген мәселелерді анықтап, кестені толтырыңдар.

Үзіндіде қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселелер байқадым?	Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын?

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Көркем әдебиеттердегі Кенесары бейнесінің үндестігін топпен бірге талдаңдар.

Үзіндідегі Кенесары	Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» дастанындағы Кенесары	Үндестік

2. Үзіндідегі автор бейнесі мен шығарманың негізгі идеясының байланысы бойынша жұптасып 3 ашық сұрақ құрастырыңдар. Жұбыңның сұрақтарына өз пікірлеріңді білдіре отырып, жауап беріңдер.
3. Үзіндіні тыңдап, көркемдегіш құралдар мен айшықтауларды теріп жазып, автор стилін анықтаңдар. Уақыт – 15 минут.

Көріктеу құралдары мен айшықтаулар кездесетін үзінділер	Көріктеу құралдары мен айшықтаулар түрі	Автор стилі

**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. «Көршінің сұрағына жауап» әдісімен ақ параққа үзіндідегі Кенесары мен Гербурт-Жүсіп диалогі бойынша бір сұрақ жазып, сағат тілі бойынша жылжытып, сол жақтарындағы парталастарыңа беріңдер. Олар сұрақ жазылған парақты алып, сол сұраққа жазбаша жауап береді. Жазып болған соң, сұрақтар мен жауаптарды жұптасып оқыңдар, талқылаңдар.
2. I. Есенберлиннің «Қаһар» романы туралы сыныптан тыс зерттеу мәліметтерін жинақтап, ақпараттар негізінде кестені толтырыңдар.

Дереккөзден алынған ақпарат	Ақпарат қаншалықты шынайы? Тағы нені білуім керек?	Тағы қайдан іздеу керек? Галамтордан ба? Сарапшыға жүгіну керек пе?

**ОЙ ТҮЙІН**

«Қаһар» романының идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңдар.

- Кері байланыс.** «Жинақтау парақшасының индексі».  
*(Екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар парақтар таратылады).*  
 1-беті: өткен тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шық.  
 2-беті: өткен тақырыптан нені түсінбегеніңді анықта.

## ХАНДЫҚ КЕҢЕС

(жалғасы)

**Оқу мақсаттары:**

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.4.1 көркем шығармадағы галамдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма*) жазу.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.



**Тірек сөздер:** Хандық Кеңес, билер мен сұлтандар, шешім, хандық ережесі, соғыс.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ шығарманың негізгі идеясын анықтау;
- ✓ көркемдік-эстетикалық сипатына талдау жасау;
- ✓ әдеби эссе жазу үшін негізгі құндылықтарды анықтау;
- ✓ әдеби сын жазу үшін идеясын басқа да шығармалармен салыстыру.

Үш күн бойы батырлар, сұлтандар, ақсақал, билер жаңа хандықтың қандай болуын талқылап, төрт мәселе қарап, мынандай қорытындыға келді:

Бірінші шешкендері – әскер мәселесі. Бұрын Кенесарының қарамағында сегіз мың атты әскер болатын. Және бұлар жаз жиналып, қыс тарқайтын. Сұлтан маңында қорған боп қыстыгүні бес жүздей ғана сарбаз қалатын. Кеңес енді әскер санын жиырма мыңға жеткізуді жөн деп тапты. Және бұл әскердің бес мыңы қысы-жазы хан ордасының маңында болады. Өр жүзбасы, мыңбасы өздерінің қарамағындағы әскеріне осы жаздан бастап орыс әскерлерінің тәртібімен соғысу әдістерін үйретеді. Мылтық атуды, найза, сойыл пайдалануды, жаяу соғысуды тегіс өтеді. Жүзбасылардан төменгі жауынгерлер кеудесіне үш қатар жасыл жуан жіп іліп, иығына тілдей жіңішке жасыл шүберек тағатын болады. Жүзбасылардан бастап одан жоғарғылары мұндай белгіні қызыл шұғадан етеді. Ал ең жоғарғы қолбасшы Кенесарының өзі үстіне көгілдір шапан киіп, иығына орыс полковнигінің эполетін тағады. Мыңбасына әйгілі батырлар мен атақты сұлтандар тағайындалады. Өзіне сенімді адамдардан мыңбасылар тағайындау ханның өзіне тапсырылады. Бұлардан бөтен жеке мың адамнан мергендер тобы құрылсын делінді. Оған мыңбасы етіп Байтабын белгіленді.

Әскерде бұдан былай қарай мықты тәртіп орналсын деп шешті жиналғандар. Тәртіп бұзушыларға Кенесары «шық» деп аталатын жаңа жазаны қолдануға рұқсат етті. «Шық» – тәртіп бұзған адамның бетіне қылышпен не найзамен белгі салу. Мұндай белгісі бар жауынгер өзінің айыбын ерлікпен немесе адалдығымен ғана жууға тиісті. Екі рет «шық» белгісі салынған адам – билер сотына түседі, малмен не басқа ауыр шарамен жазаланады (үй ішінен бір жыл бөлек ұстау, не болмаса қой бақтыру тәрізді). Үш рет «шық» белгісін алған адам Кенесары тобынан қуылады, ал жазығы ауыр болса, өлім жазасына бұйырылады. Жаңа хандыққа осындай тәртібі күшті әскердің керектігін айта келіп, Кенесары: «Қазақтың атақты ханының бірі Қасым соғысты жақсы көрмесе де, қарамағындағы бір миллион жанның төрттен бірін атқа қондырып, найза ұстаттырған екен. Екі жүз елу мың әскері бар Қасым ханның айбарынан сескеніп, еш жауы оған қарсы соғыс аша алмаған. Ал біздің заман ондай

заман емес, үш жағыңнан бірдей қаптаған жау. Оларға жем болмау үшін бізге айбарлы қол керек. Қазір қарамағымызда бала-шағаны қосқанда бір миллиондай адам бар. Бүгінгі бала – ертең жауынгер. Миллионға таяу жаннан жиырма мың сарбаз шығар деп сенемін, – деп сөзін бітірген. Ру басшылары, батырлары Кенесарының бұл ойын мақұлдаған. Және уәделерінде де тұрды. Келесі жазда Кенесарының қарамағында жиырма мың әскер болды.

Екінші қаралған – қалың әскер жинаумен байланысты оны жабдықтау мәселесі еді. Кеңес бір ауыздан хандыққа жататын елден салық алынсын деп шешті. Салық екі түрлі болсын делінді. Бірі – «зекет» мал салығы. Екіншісі – «үшір» егін салығы. Зекеттің мөлшері: қырық қараға дейін салық салынбасын, қырықтан жүзге дейін малы бар адам бір қара, ал жүзден артық малы бар адам, жүзден артық әр қырық қарасынан бір бас беретін болды. Ал «үшір» салығы жайында, осыншама әскерді асырау үшін әр егіншінің жылда алатын бидайының оннан бірі хандықтың қоймасына құйылсын деп шешті жиналғандар. Егін салығына келгенде Кеңесте бірталай сөз көтерілді. Кенесары қарамағындағы Торғай, Ырғыз, Сырдария, Іле өзендерінің бойы мен көптеген көлдердің жағасын жайлайтын елдерден бұдан былай қарай егіншаруашылығымен қатты шұғылдануын талап етті. Өйткені Орынбор әскери губернаторына қарайтын қазақ ауылдары көптен бері-ақ егін салуға құмарланған-ды. Бірақ бұған Перовский де, одан бұрынғы Орынбор әскери губернаторы граф Сухателен де қарсы болып келген. Екеуі де қазақтың тек мал-шаруашылығынан аумағанын жақсы көрген. Сухателен: «Қазақтар еш уақытта да астық екпеулері керек, ешбір ғылым түгіл, тіпті бірде-бір кәсіп білмей, өмірбақи мал бағып қана көшіп жүрулерін бар жан-тәніммен тілер едім», – деген пікірді мақұлдаса, ал Перовский егінді тек казак-орыстарға салдыртып, қазақтарды астықты солардан қымбат бағамен сатып алып тұруға мәжбүр етуді дұрыс көрген. Бұл туралы генерал Обручев өзінің соғыс министріне жазған баяндамасында: «Бұрын менің орнымда болған генерал-адъютант граф Перовский қазақтардың егін егіп, отырықшылыққа айналуына өте-мөте қарсы болып келген. Оның бүйтуіне қазақтар өздері екеннен гөрі, астықты бізден сатып алып, Ресейге байлаулы бұзаудай тырп ете алмасын деген ой себеп болған», – деп Перовскийдің ойын дұрыс жазған.

Сондықтан Орынбор шегарасында отырықшы қазақ поселкелері пайда бола қалса, оларды алдыменен граф Сухателен, одан кейін генерал-адъютант Перовский жойып отырған.

Өшпес барымта, жұт, оның үстіне Ресей солдаттары мен өзінің сарбаздарының шабуылынан қарамағындағы елдің тіпті жүдеп кеткенін

Кенесары жақсы білетін. Сол себепті кей қазақ ауылдарының егін егумен шұғылдануы олардың өз шаруасын көтерумен қатар, болашақ қалың әскерді астықпен қамтамасыз ететін ең тиімді жол деп тапты.

Бұл мәселені қарағанда тағы бір ойланатын жағдай туды. Ол – салықтарды кім жинайды және қалай жинайды деген мәселе еді. Бұрын патша салығы болсын, Қоқан хандығы салығы болсын, әр рудың, әр ауылдың басты адамдары жинайтын. Кеңес Кенесарының өтініші бойынша бұл тәртіпті де өзгертті. Зекет, үшір бұдан былай қарай әр ауылдан, әр рудан Кенесары өзі белгілеген жасауыл арқылы жиналсын делінді. Кенесарының бұндағы ойы, қазақ жеріндегі жоғарғы үкімет – ханның дәрежесін көтеру еді. Жиналғандар бұған да көнді.

Үшінші әңгіме – ел билеу, әкімдік жүргізу, билік айту жайында болды. Бұрын ел арасының дау-жанжалдарын, барымта, жесір дауын ру билері, ақсақалдары шешетін. Осы Кеңестен бастап мұның бәрін әр рудан Кенесарының өзі тағайындаған билер шешсін десті. Бұндағы саясат тағы да хандықтың дәрежесін көтеру еді. Екі рудың болмашы таласы, жесір ісі, яки шабындық дауы секілді жеңіл шешілер жанжалды да, осы Кенесары бекіткен билер қарайды. Ал кісі өлімді барымта, ел шабу тәрізді ауыр қылмысты істі ханның өзі шешеді. Кенесары қарамағындағы ел мен Ресей империясына жататын рулар арасындағы таласты аға сұлтандар қарайтын болады. Ал кейбір асқынып кеткен іс болса, Орынбор шегара комиссиясына хат жазылып, екі жақ бірдей шешімге келуді дұрыс тапты. Кенесары қарамағына жатпайтын рулардың таласы, егер екі жақ бірдей келісіп ханға жүгінісе келсе, хан жарлығымен тағайындалған билер кеңесіп, үкім айтулары мүмкін деп табылды. Осы мәжілісте Кенесары қазақ елінің бірлігін бұзады деп ру арасындағы барымтаны тыйдыру ісін әдейілеп: «Бұрын есікте жүрген құл өлсе, қожасы құн төлемейтін. Құл да ел қорғауға жарайтын жан» деп өлген құлға құн төлететін еткізді.

Төртінші және ең ақырғы мәселе – сауда-саттық жайында еді. Бұрын Кенесары қазақ жерін Ресей патшасына Шығыспен сауда-саттық жүргізу үшін керек деп қана ойласа, енді салынып жатқан бекіністерге, көшіп келіп орналасып жатқан казак-орыстарға қарап бұның бәрі отарландыру саясаты екенін түсінген. Бұрын керуендерді тонап, Ресей мен Орта Азия хандықтарының сауда-саттық байланыстарын бұзып келсе, енді бұл саясатынан қайтты. Керуенді өткізбеудің орнына салық салынсын делінді. Бұл салық әртүрлі болуға тиісті. Өзіне дұрыс қарай бастаған елдерден, рулардан аз, ал теріс қарайтын жұрттан көп алынады. Мысалы, Жаппас руының әр қосынан үш түйе, жиырма төрт зат, татар саудагерлерінің қосынан бір ат, сегіз зат алса, бұқар саудагерлерінің қосынан тоғыз зат

қана салық алынылып, ал Арғын руларының керуендері тіпті тегін өтетін болсын деп бекітті.

Бұнымен қатар мәжіліс шегара орыс поселкелерімен орынсыз жанжалды тоқтатып, олардан астық сатып алу ісін жөнге қойсын деді. Сонымен қатар әскерге керек қару-жарақ, қорғасын, оқ-дәрімен қамтамасыз ету үшін Хиуа, Бұқарлармен де сауда-саттық қарым-қатынасының күшейтілуін талап етті.

Осындай шешімге келген рубасылары батыр, сұлтан, би ақсақалдардан Кенесары тағы да бір өзіне өте керекті билік алды. Ол Хандық Кеңесі жайында еді. Әбілқайыр баласы Нұралы кезінде Абылай тұсында жойылып кеткен хан жанындағы Хандық Кеңес қайтадан құрылған. Бірақ ол Хандық Кеңестің хақы үлкен болатын. Хан күрделі мәселені Хандық Кеңессіз шешуге тиіс емес-ті. Егер Хандық Кеңес дұрыс көрмесе, хан қандай ойлаған іс болса да, бас тартуы керек-ті. Кенесары жанынан да осындай Хандық Кеңес құрылды. Бірақ бұл Хандық Кеңес ақылшы ретінде ғана тағайындалып, барлық билік ханның өз қолында қалды. Оның шешімі кімге болса да заң, Хандық Кеңесте қолбасшы батырлар да, қарамағындағы ел де хан шешімін бұлжытпай орындауға тиісті делінді.

Көздеген арманына жеткен Кенесары, мәжіліс біткеннен кейін ең жақын серіктерімен тағы да біраз ақылдасып, кейбір әскер тобының ойын-өнерін көріп, бір жетіден кейін Қараторғайдағы өз ордасына қайтты. Көп кешікпей хан төңірегіндегі жайылымға жасақтарын ертіп өзге батырлары да жинала бастады. Жаңа алған тұжырым бойынша әскери ойын қыза түсті.

Биліктің бәрін қолына алған Кенесары енді хандық өмірін жүргізіп, кектескен руларынан, тіпті кейбір жеке адамдардан өшін алуға кірісті. Ол Орынбор әскери губернаторына жататын орыс поселке, бекіністеріне тимей, бұл ісін Батыс Сібір генерал-губернаторының шегарасындағы бекіністер мен өзіне бағынғысы келмеген қазақ ауылдарын шабуылдаудан бастады... Енді екі жақтан бірдей қантөгіс күшейе түсті.



**Мыңбасы** – мың сарбаздан тұратын қолды басқарушы, мыңбегі.

**Салық** – белгілі бір мерзімде және белгілі бір көлемде алынатын, заң бойынша қарастырылған міндетті төлемдер.

**Үшір** (онның бір бөлігін көрсететін сан) – онның бір мөлшеріндегідей көлемде алынған салық. Жерден өндірілетін өнімге, саудадан түскен пайдаға салынған.

**Зекет** – қоғамдағы кедейлерге берілетін міндетті садақа. Шарифат бойынша көмелетке толған ауқатты мұсылмандар ғана жылына бір рет малының, дүние-мүлкінің, дәулетінің қырықтан бір бөлігін зекет ретінде беруге міндетті болған.

**ОЙТАЛҚЫ**

1. Үзіндіні оқып, тарихи оқиғалар тізбегін жасаңдар.
2. Жүсіптің Кенесары туралы ойларынан нені аңғардыңдар?
3. Ақсақалдар, билер жаңа хандыққа байланысты қандай төрт мәселені шешті?
4. Хан Кенесары бұрынғы тәртіптерге қандай өзгерістер енгізді? Оның астарында Кенесарының қандай мақсаты жатты?
5. Кенесарының Хандық Кеңес құрып, барлық билікті өз қолына алуының себебі не деп ойлайсыңдар?

**ОЙ БЕЙНЕЛЕУ**

1. «Блум түймедағы» әдісімен үзінді бойынша топпен бірге 6 сұрақ құрастырып, жауап беріңдер. Жауаптарыңды салыстырыңдар.
  1. Анықтауыш сұрақ.
  2. Тәжірибелік сұрақ.
  3. Бағалау сұрағы.
  4. Шығармашылық сұрақ.
  5. Интерпретациялық сұрақ.
  6. Қарапайым сұрақ.
2. Үзіндіні жалғастырып, хандық қандай болу керек деген талап-мақсаттарды топпен бірге талдап, өз ойларыңмен қорытып, сыни пікір айтыңдар.

Үш күн бойы батырлар, сұлтандар, ақсақал, билер жаңа хандықтың қандай болуын талқылап, төрт мәселе қарап, мынандай қорытындыға келді:

Біріншіден, ...	Екіншіден, ...	Үшіншіден, ...	Төртіншіден, ...

Түйінді ой:

3. Қосымша дереккөздер негізінде Кенесары Қасымұлының тарихтағы және әдебиеттегі бейнесін кестеге түсіріңдер. Тарихи шындық пен көркемдік шешім туралы көзқарастарыңды білдіріңдер.

Кенесары Қасымұлының тарихтағы бейнесі	Кенесары Қасымұлының әдебиеттегі бейнесі

4. Романда автор көтерген мәселені анықтаңдар. Қазіргі кездегі бұл мәселенің өзектілігіне пікірлеріңді білдіріңдер.

## ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

I. Есенберлиннің «Қаһар» романы мен Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» дастанын салыстырып, екі туындының тарихи және көркемдік құндылығы туралы көзқарастарыңды білдіріңдер.



## ОЙ ТҮЙІН

1. «Атадан туған ұл – ата жолын қуған ұл» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
2. Романдағы негізгі ойды «Мәңгілік ел» идеясындағы «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығымен салыстырып, әдеби сын жазыңдар.

Кері байланыс. Кестені толтыр.

Шығарма несімен ұнады?	Романнан алған әсерің қандай?	Түйінді ой

## АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ (1938–1992)



Жазушы, әдебиет сыншысы, драматург Асқар Сүлейменов 1938 жылы 29 желтоқсанда қазіргі Түркістан облысындағы Шорнақ деген жерде дүниеге келген.

Жазушы балалық шағында кітап оқуға өте құмар болған. Асқар Сүлейменовтің ауылдастары оның кітапханадағы барлық кітапты оқып бітіргені туралы айтады. Бала кезінен ғылым мен білімнің әр саласындағы кітаптарды оқып, түйсінген жазушының ой-танымы өз замандастарынан оқ бойы озық тұрған.



Жазушы драматургия саласында өнімді еңбек етті. Оның шығармаларында жеке адамдардың тағдыры арқылы қоғам өмірі, қоғамның бет алған бағыты суреттеледі. Жазушының аяқталмай қалған «Мінәжат» («Мухаммед») драма-диалогінде ұлттың тағдыры, жалпы адамзат мәселелері терең мағыналы философиямен бейнеленген.

1996 жылы «Ситуациялар» ұштаған кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. «Жетінші палата», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта жайнамаз» драма-диалогтері М. Өуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылды (*режиссері Ө. Рахимов*).

Асқар Сүлейменов проза, сын, драматургия саласымен қатар, кинодраматургия бағытында да көп еңбек еткен. Ол «Арғымақтар мен адамдар» деректі фильмінің, «Ас» («Құлагер»), «Баян-ел» («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») көркем фильмдерінің сценарийін жазған. С. Ахмадтың «Келіндер көтерілісі», М. Булгаковтың «Жендеттер», Б. Брехттің «Сычуанның мейірі», Э. Хемингуэйдің «Бесінші колонна», Т. Уильямстің «Өйнек айуанхана» т.б. пьесаларын қазақ тіліне аударған.

Жазушы ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің модернизм бағытында шығармалар тудырған қаламгер ретінде танылған. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбындағы «Бесатар» повесі стилі және суреттеу, баяндау, оқиғалар желісінің түзілуі жағынан ерекше туынды ретінде бағаланған.

Асқар Сүлейменов шығармашылығы туралы Ө. Қырғызбаев «Асқар ұшқан ұя» деректі повесін, «Парасат падишасы» естеліктер кітабын, Д. Тұрантегі «Асқар әлемі» зерттеуін, Т. Өсемқұлов «Кемеңгер өмірінен бір үзік сыр» эссесін, А. Қалшабек «А. Сүлейменов шығармашылығындағы рухани-көркемдік ізденістер» зерттеулерін жазған.

### Ғалым пікірі

«Бесатар» – ұлт әдебиетіндегі Ж. Аймауытовтың «Ақбілегінің», М. Жұмабаевтың «Жүсіпханының», М. Өуезовтің «Қорғансыздың күнінің» жалғасы. Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Өуезов ұстанған концепцияны аяғынан тұрғызған жазушы осы Асқар Сүлейменов деп айтуға болады. Яғни ешбір асыра сілтеусіз айтар болсақ, «Бесатар» кезеңдік туынды еді. Еуропалық әдебиетте жаңа ағым еді, оны жаңғыртып қана қойған жоқ, жаңа ағымның негізін қалады деп айтуға болады.

*Мәмбет Қойгелдиев*

## Теория

**ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ** – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық мінез – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы – қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Өр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды.

*Төрегелді Бекниязов*

## БЕСАТАР

(повестен үзінді)

**Оқу мақсаттары:**

11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру.



**Тірек сөздер:** бесатар, қарсыластар, 1916 жыл, қазақ ауылдары.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ үзіндіні толық оқып, сюжетіндегі негізгі оқиғаны анықтау;
- ✓ композициялық құрылымын талдау;
- ✓ үзіндіде көтерілген негізгі мәселені саралау;
- ✓ үзінді оқиғасындағы мәселенің ғаламдық мағынасын табу.

*...Қаталап жылда келгенде шөлін басып, атойлаған ашу өрлігі боп аспан тепкен Қазығұрттың ұшар басындағы азғана қарды тілшелеп қана тыншитын ұлы шілде;*

*сол бір жылы,*

*Көгем таудың тусыраған көк жоталарына, мол сулы Келестің момын ірімдеріне қырыс қабақ танытып, кісәпір мінез көрсетті;*

*сол бір жылы, ...*

*сол бір жылғы шілдеде: ...*

*Түркістанның босағасын ... 16-жылдың шілдесі аттады.*

**ИНОЗЕМЦЕВ, 1916 ЖЫЛ, 7 ШІЛДЕ, СӘСКЕ**

Қорқыныштың көзі ала деген рас-ау.

Кеше ме, әлде алдыңғы күні ме екен, жердің астынан шыққандай боп қапыда кезіккен қазақтар кезеніп келе жатқан бердеңкенің шүріппесін басуға мұрша бермей тым-тырақай қуғанда, өлген жерім осы шығар деп еді. Солдаттарға бұйрық беріп те үлгерген жоқ; есінде бар қалғаны: Сарапхананың Ташкент жақ қапталындағы жайдақ сайдың ішінен ат ойнатып шыға келген жасыл шапан, ақ қалпақтарды көргенде астындағы айғырдың жалт бергені. Тізгін сол қолда, құлыбы қайырулы мылтықты аш мықынынан оң қолына ұстап келе жатыр еді; өкініш пен қорқыныш лүпілдеп жүрегін қабат кеп сыққан ендігі бір сәтте ақжал айғырдың танауы парылдап тауға қарай салып келе жатқанын байқады. Тықыр шым бүркенген төскейден ағаштың түбіріндей дөңбек-дөңбек тас көрді. Арыны қатты ақжал айғыр біріне болмаса, біріне соғып мұрттай ұша ма деп тіксінген Иноземцев атының басын оңға, бекініске қарай бұрғысы кеп жалғыз қолмен тізгін тартты. Сыңар езу тың айғыр алайда қалтылдаған жалғыз қолдың қимыл бұйрығына құлақ асқан жоқ. Иноземцев сонсоң қызыл дүм бердеңкені тастай беріп тізгінге қос қолдап жабысты да, оқыс оңға, еңіске қарай бұра шапты. Рабат пен екі ортадағы бөкене қырқаның алқымына тырмысып қалған шағын топ қолды сонда көрді. Көрген сәт екі ұрты айқай-боқтыққа толып қалды – осы жаңа ғана құрдай жорғалаған солдаттардың, мынандай пышақ үсті қатер сәтте, тобын жазбай түріле қашқанына боқтық түгіл оқ арнауға болғандай еді. Сондарында бірақ қуғын жоқ екен.

Ойдан өрге лекіп соққан самал ендігі сәтте ақжалдың құлағын көтерді, жасыл шапандар бірақ осы бойы қарсы алдында жарты шеңбер боп жазылып қадау-қадау қақшиып қалыпты. Арты тау, алды қазақ; бесатардың қай қойтастың түбінде қалғанын білмейді, Иноземцев сонсоң ақжал айғырды езулеп барып өрге қайта салды да, аяңға түсірді. Каратель отрядты қылыш тағынып, мылтық асынып бастап жүрген апта жарымнан бері сағынған жауымен қоян-қолтық беттескені осы еді. Ол жаумен бірақ жыраға тығылып тас жастанып, эскадронға үйреткендей ат шөкелетіп атыса да, аңдыса да алған жоқ. Ақжалдың езуінен сабын көбікті бір-бір тамызып, жасыл шапандардың қолына түсті. Өлген жерім осы болардың екінші оянғаны да сол, етекке қарай ақжалды жетектеген еді. Ташкенттегі маузер байланған көп офицердің ішінде қазақшаға жүйрігі Крейгель екеуі болатын. Бұл жақындаған сайын жарты шеңберді бүтін шеңбер ғып жазып ап, мұны қоршалап келген он шапанға алайда дым тауып айта алмады. Бұлардың сәлемқұмар жұрт екенін білуші еді, бірақ тұтқын сөз – тұзсыз дәм: он аттылы ат тұмсығын тірердей



боп түйіліп келгенше сәлемге құлқы шаппай-ақ қойды. Қазақ атаулыны ылғи да табанында тауып үйренген ақ патшаның жас офицері және де погонын көргесін, көп шапан қалайша дір етпес екен деген күшікей үмітке малданды. Алайда шапандар тарапынан тілге келген ешкім болған жоқ, сонсоң әлгі үміттің орнын мыналар қамшы үйіріп кете ме деген қауіп басты – Иноземцев екі иығын құлағына дейін көтеріп ұялып алды, қамшы бірақ ысқырынған жоқ. Қарсы алдынан түйе жүн ақ шекпен киіп, Қарала мінген аққұба шалды көрді. Иноземцев сосын иығын түсіріп бір қадам алға шықты да:

– Ассалаумағалайкүм, – деді.

Тізгінді қоя беріп, қос қолын қабат ұсынды да, Қараланың үстіндегі құндыз бөрік шал мұның алақанына екі бүктеген қамшысын сұқты. Қазақтардың сәлем үстінде сілкілеспесін білетін Иноземцев қамшыны жеңіл ғана қысты да, қоя бере салды. Ақ сары шал сосын иегін көтеріп атыңа мін дегендей ым жасады, шөңге саусақ біреуі сап-салқын шүберекпен, жібек-ау шамасы, көзін таңды. Қатты тартып еді, собака – құлағымнан миым шығып кете ме деп тіксінгені де есінде. Көз байланған сол сәттен бері жарық атаулыны көрген жоқ. Ақжалдың үстінде кеңсірігі

майысып келе жатып тағалы аттың тасқа тиген тақ-тақ тұяқ тасырын, «пысқыртпа», «оңға-оңға қарай», «кісінеп жүрмесін» сияқты шолақ бұйрықтар естіп еді. Сонан бері мал-жанның дауысымен де біржола қош айтысқандай. Тас метім суға тізесін көмдіріп сарқырама өзеннен өткен бір түс есінде қапты; өзеннен кейін де шамасы алты-жеті шақырым аяңдаған шығар. Көзін сонсоң шешіскен, алайда түк көрген жоқ. Алғашында ұзақ таңылған көзге осылай қара бояу құйылатын шығар деп еді, кейін білді – әкеліп үңгірге қамаған екен. Бір замандары су ағып шыққан ба – табаны жарма бидайдай қиыршық тас. Тау суы сүйек-сүйегіне өтіп кетті. Ағараңдап келген көлеңке киіз бергенше тісі тісіне тимей қойды. Жаны киізбен тыншыды. Сонан бері уілдеген қарынға ұйқыдан басқа ас таппай бір оянып, бір қалғи беріп еді; мана тағы да ұйықтап кеткен екен – содан оянып отырғаны осы.

Өлдеқайда төбеден тас жақпарлаған қайланың дауысын естіді. Әрі өзегі талып, әрі ұйқы өтіп мәңгіріп қапты – қайланың дыбысына елтіген жоқ. Осы сәт ағараңдаған көлеңке қайтадан көрінді.



**Бесатар** – 7,62 мм калибрлі винтовка. Оқсауытына 5 патрон салына-тындықтан, «бесатар» аталып кеткен.

**Кісәпір** – өз құлқынын ғана көздейтін, арам пиғылды адам.

**Бердеңке** – оқпаны қырлы ұңғылы, қазынадан оқталып, бір зарядты унитарлық патронмен ататын мылтық түрі.

**Бөкене** – аласа, тапал деген мағынада.

**Каратель отряд** – орыс-казактардан құралған жазалаушы отряд.

**Тас метім** – артық қимыл жасай алмайтындай, қатты.

## ОЙТАЛҚЫ

1. Жазушы, сыншы, драматург Асқар Сүлейменовтің қандай шығармалары бар?
2. Асқар Сүлейменов не себепті повесті «Бесатар» деп атаған?
3. «Түркістанның босағасын ... 16-жылдың шілдесі аттады» деген сөздің астарында қандай тарихи шындық жатыр? Шығармаға арқау болған тарихи оқиғалар туралы не білесің?
4. Шығарманың тақырыптық-идеялық тұтастығы неде?
5. Повесть құрылымында қандай ерекшелік бар?
6. Иноземцев кім? Ол қолға түскенде қандай соңғы үмітке сенді?

## ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Шығарманың композициялық ерекшеліктерін топпен бірге талдаңдар.

Шығарма	Стиль	Жанр	Идея	Тілі

2. Үзіндідегі кейіпкерлер бейнесін анықтаңдар.

Үзінді кейіпкерлері	Үзіндідегі бейнесі	Эпизодтардан мысал

3. 1-жүп шығарманың көркемдік жүйесі (*монолог, диалог, пейзаж, көркем деталь*), ал 2-жүп шығарманың тілдік-стильдік ерекшелігі туралы бір-біріңе екі сұрақ қойыңдар. Жауаптарың дәлелді болсын.

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Жүсіпбек Қорғасбек жүргізген «Кітапхана» бағдарламасын (<https://www.youtube.com/watch?v=PciAzDMd0Iw>) көріп, бағдарламаға арқау болған Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» повесі туралы пікірлерді зерделеңдер.
2. «Бесатар» повесінің құндылығы туралы зерттеушілер пікірлерін жинақтап, ерекше ұнаған бір пікірге дәлелдеріңді ұсыныңдар.

Үлгі:

Өзіндік пікір:

Дәлел:

Өз пікіріңді айғақтайтын мысал:

Өз пікіріңе қарсы дәлел:

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал:

Қорытынды:

### ОЙ ТҮЙІН

«Бесатар» повесі қазақ әдебиетінде қай шығармаға ұқсас болып келеді? Өздерің білетін шығармалармен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазыңдар.

**Кері байланыс.** «3-2-1».

Тақырыптан түйген 3 ой.

Осыған дейін таныс болған 2 ақпарат.

Түсініксіз 1 сұрақ.

**Тарихыңды зерделей біл**

1916 жылғы 25 маусымда 19–43 жас аралығындағы барлық бұратана халықтың ер адамдарын тыл жұмыстары мен әскер үшін қорғаныс құрылыстарын салу жұмыстарына шақырған патша үкіметінің Жарлығы шықты. Тыл жұмысына алу қазақ және Орта Азияның басқа халықтарының Ресей отаршылдығына қарсы қуатты қозғалысының басталуына түрткі болды. Қозғалыс стихиялы түрде басталып, 1916 жылғы шілденің аяғы мен тамыз айының басында барлық Қазақстанды қамтыған көтеріліске ұласты.

**КРЕЙГЕЛЬ***(жалғасы)***Оқу мақсаттары:**

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



**Тірек сөздер:** бесатар, қарсыластар, 1916 жыл, қазақ ауылдары.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ үзіндіні толық оқып, сюжетіндегі негізгі оқиғаны анықтау;
- ✓ композициялық құрылымын талдау;
- ✓ үзіндіде көтерілген негізгі мәселені өмірмен байланыстырып саралау;
- ✓ үзіндіде көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан талдау.

Қылшатас төбенің басында шоқиғанына екі сағаттан асып кеткен Крейгель френчинің етегімен шынысын сүртіп ап, Қазығұрттың асуына дүрбі салды. Сағым буа бастаған қара көк жота қылт еткен қарадан ада екен. Көңіліне маналы бері ін аузындағы суырдай қылт-қылттап отырған күдік кеп кірді. Қатер болмаса игі еді деп отыр. Қазір сәске, отряд кеше құптаннның қарасын жамылып аттанған, содан әлі жоқ. Бес қаруы түгел отрядтың құр қол ауылға қона жатып аялдағанын түсіну қиынға түсті.

Крейгель темекі тұтатты. Аяғының асты папирос тұқылына онсыз да толып қалған екен. Портсигарда жұмсақ жұпар «Дукаттың» екеуі-ақ қалыпты. Қайтеді, азар болса Голоножкиннің махоркасына жалынады дағы.

Аш қарынға сорғылай бергесін бе, жүрегі лоблыды. Сәрі аста шеңбер атып үйренген кінәмшіл құрсақ майлы ас қарпымай қыңқылын тыймас-тай көрінді.

Етектен кеңсірігін қытықтап семіз құйқаның қою иісі келді, іле жылқы оқыранды. Еркелігінен жаңылып, жалынуға әлі үйрене алмаған жылқының дауысындай. Дәу де болсаң Қарала шығарсың деп отыр.

– Ох, өзін Ташкентке жөнелту керек екен, – деп қалды Крейгель, марқа қозының қуырдағы мен құйқасына көңілі әбден ауған ендігі сәтте.

Кенет келген шешіміне қуанып та қалып еді. Қуырдақ пен құйқа бар, таң асқан сары қымыз бар, қолына Құдайдың өзі айдап әкеп ұстатқан Қарала бар – отряд күтіп алақтаған Крейгельдің көңілі енді қазір мәйектеніп қалды. Осы түс отрядтың кешігуіне басқадай себептер де табылды. Казарманың сасық борщынан жаңадан құтылған солдаттардың ең еттің ортасына түскенде нәпсі тыйып қалуы, әй, неғайбыл-ау... Тойып жеген еттен кейін, қанып ішкен қымыздан кейін, үріккен құстың үйіріндей шылаған ақ бұғақ, қаракөз сұқсырлар тұрса, қаратаяқ солдат түгіл, Витька Софронов та қалғи қоймас.

Крейгель жерде жатқан маузерді кекілік ықылық атқан тасқа көздемей кезеп, қатарынан бес рет басып-басып жіберді.

Дәрінің иісі құйқаның иісіндей екен.

Жылқы етектен тағы оқыранды. Қырық шақты түп қарағаш, сол қарайлас жиде мүлгіген қыстаудың ашық алаңқай, қылта бұрылыстарын сүзіп, тінтіп шықты – Қарала көрінген жоқ.

Сауысқандай сақ Голоножкин ат қораға тыққан шығар деп отыр.

Ипподромға бармағанына да көп болыпты. Крейгель қара болат маузердің қозы аузындай қорапшасына оқ ытқытып отырып, ипподромға бармаған апталарын санады. Бүгін шілденің жетісі болса, аттай алты апта өткен екен.

Дегенде ат таниды өздері. Бұлардың жылқысы желіске жоқ демесең, қан жоса шабысқа келгенде дес берместің өзі. Қос танауын анар сыярдай ғып айналдырып ап емінгенде Орлов пен Ростовтан қолқалап әкелген ұзын сирақ арғымақтардың шаң қауып қалғанын жексенбі жарыстарда талай көрген. Құлағына губернатор Фольбаумның өзі қазақы атқа ықыласты деген қауесет шалынып еді.

Қараланың қызығы мен қылығын генералға жеткізетін адамның ретін ойлап қалғанда, Крейгельдің есіне Иноземцев түсті. Бір-екі рет Иноземцевтің қасынан Фольбаумның адъютантын көргені бар-ды.

Крейгель орнынан тұрды.

Мына шоқыға мана оңай-ақ көтерілген сияқты еді. Енді байқады – оқ жетпес дерліктей құзар құз екен. Сонау етегіндегі жылан бел күміс бұлақтан бастап ұшар басына дейін қанқызыл итмұрынға тұнып қапты.

Крейгель көк шатқалдың қыр жағына, ту жусан тұнған бөкен жон адырға бұрылды. Көк жазық едіске, бітік өскен тарыдай сағағынан





иілген қалың жусанды борт-борт сындырып малтығып түсті. Артында ит жасырардай ор боп, бұлтағы жоқ қасқарған із қапты.

Петр Иванович мырс етті.

Кекесіннің еншісі саналатын мырсылды өзінше мүсіндеу бұ кісінің қашаннан дағдысы болатын. Істеген ісіне көңілі толғанда мырс етер еді – адырдың бөкен жонынан тура түскен із көрді. Төтеден бас тартып ұзаққа салғанның өзінде бұралаң-бұлтаққа алым бермеген екен.

Крейгель сонсоң Қазығұрт жаққа тағы дүрбі салды. Елең-алаң қара түгіл асудың өзі жоғалып кеткендей; лапылдаған қою сары сағымнан жоғын іздеп таба алған жоқ.

Міне, бұлардың жері – осы. Қусаң жетіп, қашсаң құтқармайды, тығылсаң адырайтып аспанға көтереді. Иноземцев ұрланған үш күннен бері Рабат пен Черняевканың арасын жылға-жылға, сай, жақпар тасына дейін дерліктей адалап шықты. Бүгіндері жиырма кісінің бесеуін оң жағына көлденең сап отырған жайы бар. Бесеуінің де түбіне жеткен тапа тал түсте жай түскендей тарс ете қалатын құлдырау қараның жалғыз оғы. Бір жағың – ат шаптырым көк жазық, бір жағың – табан асты аспандаған ақбас тау. Құлдырау қара тарс етеді де, шекелеп, ылғи да шекелеп тиеді, шекелеп тиіп, ат жалын құштырып кетеді.

Табан жолын осы өлкеде танып, нәпсі солығын алғаш осы өлкеде басса да, қойын-қойнауынан жыл он екі ай ақ тұманы сейіліп, мамық бұлты арылмайтын Қазығұрттың осынау аспаншыл биіктеріне, мынау тақтай төскейлеріне Крейгельдің іші қашаннан жылып көрген емес. Қайта қай күні бір ойға қалғанда байқап еді – Ташкенттің бұлтағы көп көшелерінің бұрыш-бұрышынан бақырып-шақырып шығып атылы қазақтың атын үркіту парыз саналған бала кезінен бастап самайына сынап тұнған бүгініне дейін, осы атырапқа сыбағадай арнайы сақтап айта алмай жүрген бір сөзі, ата алмай жүрген бір оғы бардай. Қай жылы – ах, да, үш-ақ жыл өткен екен-ау – әкесіне еріп династияның салтанатына Петербург барғанда қайтар жолда Сычевкаға, атамекен топырағына соғып қайтқан. Өлгі атылмаған оқ пен айтылмаған сөзге алғаш сонда кептеліп еді.

Түркістанға 61-жылдың реформасынан кейін жалғыз шобырдың құйрығына байланып кеп, бүгіндері Шымкент кетіп, рудник иеленіп отырған әкесінің араққа тойып алғанда, «қайран Сычевкалап» маңдай соққанын талай көрген. Өлгі жұрт көп айтатын қан дабысы ма, әлде бүкіл Түркістан өлкесіндегі мұрнын жүз соммен сүртеді дейтін қалталылардың санатында санала бастаған дардай кісінің парлаған көз жасынан шіміріккені ме, әкесі «қайран Сычевкалап» маңдайын төпелегенде мұның да жүрегі лүпілдеп кетер еді. Барғанда көрді: ақ теңбіл қайың орманы, сақинасын жоғалтқандай өзеннің жағасында шашын жайып жылап-жылап отыратын құба талынан басқа өрекіп келген көңілдің межесінен табылар бөлекше бір қылық, көрініс-сурет, кескін-мінез көрсеткен жоқ. Күндізінде жалғыз сиырға соқа жегіп, былқылдақ жердің арқасын қасып отыратын қалың мұжық, мұңлы мұжықтың аза бойыңды қаза тұрғызар зарын естігенде әкесі айтқан, сасық қазақтың мақалын көрдің бе деп кекетіп айтқан бес сөз есіне түсті: ит тойған, ер туған жеріне.

Пар ат жеккен солқылдақ фазтонмен Мәскеу қайтқанда осы мақалды әкесіне қайырып айтып та беріп еді. Етжең бет-аузы ұйқы қақты боп бір, арақ өтіп екі домбыққан батькасы Ташкенттен шығарда бөдене құйрықтатып күзеп тастаған сақалын иегімен қосып уыстағаннан басқа қайрат қылған жоқ-ты. Сөскеде қадаған кетпенсап бесінге жетпей бұршік жаратын, қазынаға күпті өлкенің алтын буынан мәйектеніп алған көрікөз банкирдің өлгі мақалдағы туған мен тойғанның орнын бейне шот қаққандай, сарт-сұрт қайта ауыстырғанын қатты жиреніп, тітіреп сезініп еді. Бірақ сәлден кейін, әкесіне деген жиреніші суынар-суынбаста байқады: туған мен тойған жайлы өз ұғымы да әке ұғымынан қара үзіп кетпеген екен. «Қайран Сычевка!» деп бұрылып артқа қарардай күре

тамыры солқылдап, кіндігі бүлкілдеген жоқ. Сонсоң Мәскеуге жеткенше әкесінің қасынан кетіп көшірдің жанына отырғаны; бетіне сыңсыған қайың орманымен сыр айтысқан өң жапсырғаны; сауық құрып, қазақтан мал тартып ап жүріп неше дүркін аралаған Қазығұрттың қойнауларын, жайлауларын жол бойымен ойша салыстырғаны бар еді. Салыстырған, шағыстырған сайын сауыры төңкерілген ту бие мен ыңыршағы айналған ала бүйір көк сиыр, құндыз бөркін шекелеткен қазақ пен шөжім дамбал мұжық көз алдына жағаласып қабат кеп, пысылдақ сиырдың танауын иіскелердей боп, ал ту биеге пышақ пен бұғалықты кезек ұсына бергені де есінде. Сол сапардан бері Ташкентке шаруа жөнімен анда-санда келіп-кетіп жүретін әкесін көрсе болды, қылмыс үстінде танысқан бастасымен табысқандай сынып қалады. Қан шеңгелден ештеңелері жоқ сияқты еді. Ау, сондағылары, қылмыс па екен сондай-ақ? Крейгель осы бір сөзді – қылмыс, әсіресе жек көреді. Себебі мұның кеудесін сол сапарда қапқан сасық балшықтың иісіндей қолқа суырап жиреніш түйсікті басқадай ұғым-сөздің ауқымына сыйдыра алмап еді. Небір таскешті заманның қансоқта төңкеріс-қырғындарына тірсегін қиғызбай атадан балаға мирас боп келе жатқан сенім мен сезімге аталы-балалы екеуі көнігі қарақшылардай қабақ астынан ұғысып ап, жарысып, тас атқандай ма? Құлқын мен нәпсі сынды ылғи да мансап деп, ылғи да жемтік деп терсінетін дойыр қамшының ыңғайымен қайқаңдағанда жолай кезіккен жалаң аяқ, ақ шашты ананы кеудесінен итеріп кеткендей ме? Крейгельдің әйтеуір сол жолғы көкірегін білек сыбанып аршуға жетер шыдамы да, шабар құлқы да жоқ. Беті аулақ деп іштей қашқақтағанмен солқылдақ фаэтонның түкпірінде қасқыр ішік жамылып дөңкиген әкесінің – бұл қазақ мақалын кенет кіжініп бетіне басқанда, дағдыдағы сарт та сұрт шапшаңдығынан айырылып қап, бетін бейне ызғар қарығандай бұрып өкеткені осындай оңаша қалған сәт-тұстарда төтеден кезігіп, бетіне от шығарады. Ес жиғызбай тұқыңдатып, тұқырып кетеді. Сондағы Крейгельдің бар жасайтын әрекеті, бар сілтейтін қаруы: осы өлкеге, осы өлкенің момындық пен ашу өрлігі боп айрықша бір келісіммен бірігіп-кірігіп жататын жазықтары мен тау-тасына, қараңағы қарқ, сағанағы сарқ еліне, Сычевкадан емге табылмайтын арқары мен бөкеніне деген мұздай бір кекке кептеле беретіні. Бұлардың жазығы не, тентіреп келген әкем мен әкемдейлерді сауырлап айдап тастамағанына кінәлі ме деп дағдарған да емес. Верныйдағы, Ташкенттегі өзі білетін тектілердің ішінен бұратанаға іші бұратын әлдекімді кездестірсе, мысық көрген иттей ырылдап қоя берер еді. Құнығып бір оқитын кітабы «Идиоттың» авторының көксау бір қазаққа жазған хатын оқып, бұлан-талан болғаны да бар-ды. Осылардың әйтеуір марқасқа болмысын, екі иығына екі кісі

мінгендей едгезерлігін жаратпайды; елінен өзі қол үзіп, елімен өзі ат құйрығын ойға қалмай оп-оңай, оңай, оңай, оңай кесісіп кеткесін бе, осылардың әлгіндей мақалкештігін жаратпайды. Крейгель осы себепті де Петербург барып қайтқан үш жылдан бері, өлке жұртына аты өйдік, қолы кобура іздегіш тергеуші боп алған. Ал мына тағы қазақты солдаттыққа міндеттейтін указ шыққалы бері ұйғырдың қамырындай қалай созса да, кере құлаш боп кете беретін заң-закон атымен керексіз боп қалды. Оққа жалынып, оққа бағынар күндердің туар-тумасына нәргүмән боп жүрген Крейгель жер-жерден бунт деген хабар бүрқ-бүрқ ете қалғанда, қатты толқып еді. Сырттағы соғыстың, іштегі большевизмнің бар қатер-қаупін таразыға сап отырған губернатор Фольбаумның етек-жеңі жиыңқы екен. Бас-аяғы апта жарымның ішінде жазалаушы отрядтар құрылғанда, Петр Иванович Крейгель жиырма солдатты өзі екшеп ап, ат ойнатып шықты...

– Ваше благородие...

Крейгель селк ете қалды. Өзі «Үкі» деп ат қойған, жапалақ сары Голоножкин – атұстары екен.

– Кешіріңіз, Ваше благородие. Өрі қарай жүргеніңіз қауіпті болар.

– Сен қашан келіп қалдың?

– Біраз болды, Ваше благородие.

Крейгель төңірегіне қарады: қыстауға бұрылмай, бөкен адырдың таңын қуалап ұзап кетіпті.

– Қарала қайда?

– Ат қорада, Ваше благородие.

– Менің ерімді сал, – деді Крейгель.



**Френч** – етегі тізеден жоғары тұратын әскери киім.

**Маузер** – «Маузер» компаниясында ағайынды Фидель, Фридрих және Йозеф Федерлерлер құрастырған тапанша. 1895 жылы тапанша Германияда Пауль Маузердің атына патенттелген.

**Адъютант** (лат. adjutans) – көмектесуші. 1. Әскери бастықтардың, қолбасшылардың түрлі тапсырмаларын орындайтын немесе штаб қызметін атқаратын офицер. 2. Жеке әскери бөлімдердің жасақтау жағын басқаратын офицер.

**Адыр** – берік тау жыныстарынан құралған мұқыл аласа тау. Көпшілігі төңірегіндегі жазық өңірлерден 100–400 м көтеріңкі тұрады.

**Қан дабысы** – құр дақпырт.

**Фазтон** – күймелі жеңіл арба.

**Шобыр** – мініске, күш-көлікке өте мықты шабан ат.

**Нәргүмән** – дүдәмал болу, бір нәрсеге күдіктену.

**ОЙТАЛҚЫ**

1. Крейгель кім? Оның мазасыздануының себебі не?
2. Үзіндіден Крейгельдің қандай жан екендігі туралы қандай мәліметтер алуға болады?
3. Автор Крейгельді неліктен қазақы танымды қазақтың өзінен де терең білетіндей етіп бейнелеген?
4. Голоножкин кім? Крейгель оған қандай ат қойған?
5. Шығарма бөлімдері неге кейіпкерлер атымен аталған деп ойлайсыңдар?
6. Автор кейіпкерлеріне ат бергенде қандай да бір мағынаға мән берген бе?
7. Автор неге әр кейіпкерін жеке сөйлеткен деп ойлайсыңдар?

**ОЙ БЕЙНЕЛЕУ**

1. Бөлім атауларына назар аударып, жазушының повесті осы бөлімдерге бөлу мақсатын топпен бірге анықтаңдар.

Бөлім атаулары	Басты оқиғалар	Автор мақсаты

2. Крейгельдің жылқы туралы, қазақ жері туралы пікірлерін теріп жазыңдар. Крейгельдің жылқы туралы ойы, қазақ жылқысының желіске жоқтығы, шабысқа, яғни ашық күрес, тікелей тайталасқа бейімдігі неге айтылып отыр деп ойлайсыңдар? Ойларыңды жүйелеп жеткізіңдер.
3. Үзіндіні негізге ала отырып, Крейгельге сипаттама беріңдер.

Түр-келбеті	
Мінез-машығы	
Өскен ортасы, тәлім-тәрбиесі	
Іс-әрекеті, сөйлеу мәнері	

4. Үзіндіден бейнелеу, суреттеу құралдарын табыңдар. Олардың қандай көркемдегіш құрал түрі екенін ажыратыңдар. Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдаңдар.

Бейнелеу, суреттеу құралдары кездесетін сөйлемдер	Қай кейіпкерге тән?	Көркемдегіш құрал түрі	Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысы

**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. Үзіндідегі өздеріңе ұнаған мәселе мазмұнына шығармашылық жолмен қорытынды жасаңдар.
2. «Бесатар» повесінде дәріптелетін құндылықтарды анықтаңдар.

**ОЙ ТҮЙІН**

«Бесатар» повесі – өз заманындағы өзекті тақырыптарды көтере алған туынды» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

**Кері байланыс.** Жұптасып толтырыңдар.

Тақырып бойынша менің ойларым	Тақырып бойынша сыныптасымның пікірі

**СӘРУАР, ТӨРЕХАН**

(жалғасы)

**Оқу мақсаттары:**

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма*) жазу.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру.



**Тірек сөздер:** әке мен бала, тұтқындар, еркін ой, негізгі мәселе.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ үзінді кейіпкерлеріне мінездеме беру;
- ✓ жинақтау мен даралау тәсілдері арқылы жасалған бейнелерді анықтау;
- ✓ автордың идеясын табу;
- ✓ үзіндіде көтерілген ғаламдық тақырыпты анықтау;
- ✓ шығармашылық жұмыста пайдаланатын оралымдарды теру.

Қарала тағы оқыранды. Санап отыр – мынау үшінші берген дабысы. Кешелі бері бөтен ауыл, бөтен иіске үйрену керек еді, бұ жолы бірақ ышқынып оқыранды. Қолтығына жат қол жүгіріп, күлте кекілін жат

саусақ уыстағандай екен. Сонсоң көкпар түскендей дүңк етіп мақау дыбыс шықты да, іле үзеңгінің шыңылы естілді. Сәруардың шекесі сақина бұғандай сырқырап жүре берді. Қараланың ерін ауыстырып жатқандарын жұқана орыс үзеңгінің шіңкілдек дауысынан оңай түсініп еді. Балажандылық пен атжандылық арасынан айырым белгі іздеп көрмеген жас жігіт есектің арқасына арнап соққандай саяз алқым орыс ер Қараланың төрт елі шоқтығын алып қала ма деп тағы да қорқып отыр. Оның үстіне үйірден жаңадан ұсталған құр айғырдың өткен түні таң асқан-аспағанынан хабарсыз. Кеше апақ-сапақта қансорпасын шығарып жеткен. Іркілдек сары бетін шешек шұқыған кексе солдат түсер-түспесте жетелеп кетіп еді, барған бойда отқа қойса қызылмай боп та қалған шығар. Жалғыз жұбанышы, әйтеуір Қараланың үні таза екен. Оқыранғанда барлыққан жылқы боп жөткірінген жоқ.

Қос аттың тұяқ дүбірі естілді.

Сәруар өзіміз қолды боп отырғанда мінген төрені ауылға алып қаша ма деп тағы да тіксініп еді.

Тұяқ дүбірі алыстап кеткен ендігі сәтте Сәруар тамағын қырнады.

Қырым мәсінің қоныш әжіміне бейне ата кегі кеткендей шүйліккен Төрехан басын тағы көтерген жоқ. Бірақ ұзап бара жатқан тұяқ дүбірге құлағын төсеген ыңғай білдірді.

Осы өткен түні қой кенесі жыртылып айырылатын ат қора абақтыда әңгімеге тартып көп күңкілдегенде, таңды шарт жүгінген бойы көзімен атырған Төрекең кеттім-бардым үш-төрт ауыз сөзден асып жарытқан жоқ-ты. Сәруар сонсоң Қарала айғыр сәт-сәт абдырап оқыранғанда төтесі сәл-пәл тілге келе ме деген үмітке елігіп еді. Ол үміті де, міне, лезде суалып қалды.

Қайта Қараланы мініп бой жаза кеткен төренің алдына сауалға келген мына тұста Төрехан түндегісін – түлкі мезіретін де қойыпты. Сөзге бірақ пәлендей қытымырлығы да жоқ еді. Ақты-азалы жиындар түгіл ошақ қасы, отбасының өзінде келін-кепшік, бала-шаға деп саралап жатпай-ақ, жұртқа өзі тиісіп, қамшыны алдымен өзі басып отыратындай төтесі, қазір мейлінше тұйық. Жай түйіліп емес, әлденеге күпті боп түйілгендей. Ашу қысып тұтыққанда шеке тамырлары андыздап шыға келуге керекті, Сәруардың жұбанып бір отырғаны – өкесінің ақ сары шекесі әлі бүліне қоймаған екен.

– Мұныңыз бекер, төте, – деді Сәруар сонсоң, – мұныңыз бекер. Құдай басқа салмасын ғой, бірақ жаман айтпай, жақсы жоқ. Оқ алдында иман шақырып алдансаңыз бір сәрі. Көп мәсіңіздің бірі шығар. Жаңада көрген жоқсыз ғой.

Ағжиып бір қараған Төрехан қолын бірақ қонышынан алмады.

– Бетіңізге келдім бе, келмедім бе білмедім, төте. Келмеген шығармынау. Бірақ сөкпегейсіз, жақсы әке. Бұдан былай оңаша қап сыр айтар жағдайға зар болуымыз да бек мүмкін.

– Қай жағдай? – деді Төрехан. Етінен ет кескендей шар ете қап еді. – Жағдай танып шыға қояр ұшпағың болса, сен-ақ шық. Біздей шобырдан гөрі сендей жалғыз ішек оқымыштың, оқыған арғымақтың жаны тәтті келеді ғой.

Қолды боп емес, қонаққа келген кісілердей. Алты қанат салқын отаудың бірі төріне, бірі кіре беріс қапталына жайғасқан аталы-балалы екеу, сырт көзге мейлінше мазалы отыр еді.

Төрдегі – тырсиған домалақ ақ шал. Кешелі бері біраз ұйқы қуды қағажу көргесін бе, піскен көмештей бұлтиған бетінің қызылы сұйыла бастаған екен. Бірақ шарасы кең қой көздің ағы таза көрінді. Үкі көзденіп сөт-сөт жапақ ете қалғанда ұстараның жүзіндей алмас сұр өткірлік байқатады.

Жасыл мауыты бешпентінің сыртынан желең жамылған түйе жүн ақ шекпеннің жиегіне тықыр қара барқыттан екі елі бастырма жүгіріпті. Бір ыңғайда мойнына қара жылан асып алғандай да көрінеді екен. Жатаған орындыққа екі бүктеліп қонақтаған қағілез ақ жігітке шынтақтаған мына бетінде, қатты налу айтқандай.





Сәруардың көмейінің қайтадан бүлкілдей бастағанын байқап қалды ма, Төрехан қолтығындағы күптей жастық сырыла-сырыла іргеге қашқан ендігі тұста:

– Немене, соншама шыбыңдап, – деді. Түйеден түскендей дүңк етпе сөзіне мұң сінді қоңыр дауысы қиғаш кезікті. – Жұқа шапқа бөгелек төнгенде, құлын екеш құлын да қайрат қылмақ. Қыңқыл мен қыңсыл үшін оқып жүрсең, өзің біл, бірақ басымды қатырма, айналайын. Алла жазған ырзығым бар шығар. Біреуде артық, біреуде кем – ырзықсыз жан жоқ. Азды-көпті өмір кештік, татып, талмап келе жатқаным сол ырзық, ешкімнің садақасы емес, сенің ақылың емес, жүдө. Енді бүгін кеп саба түбі сарқынды жасым қалғанда, ақ патшаның ауыздығын қарш-қарш шайнаған күдері желке төресі дікектер екен деп құрақ ұшар жайым жоқ. Ұшпадым, ұша алмадым, уа, сақалымды секеңдетіп ұша алмаймын, жүдө. Енді менің ауызымды қыздырма, – деді Төрехан.

Ерінді ме, байқамады ма, жастықты да іздемеді.

Сәруар үндеген жоқ. Кешеден бері пышақ кесті тыйылып қалған әкесі кенет тасып жүре бергенде мұның іле шабуы керек еді; сәл-пәл уәждесу үшін де жамбастаған ақ шалмен біразға дейін қатар текіректеуі керек-ақ еді – үндей алмады. Қоя тастап жай тапқан кәрі қабыланмен – әкесімен қабақ астынан қарасқан да жоқ.

Үкім күткен күнәкар боп, екі шынтақ тізеде, екі бүктеліп отырып қалды.

«Жетім қозы тас бауыр, жетім қозы тас бауыр, жетім қозы тас бауыр...»

Көкірегіндегі жатталып қалған екі жол өлең бар-ды. Сол екі жол өлеңнің таңдайына жабысқан бірінші жолын үш қайтарды, екінші жолды сыбырлап үш қайтара шақырды, екінші жол бірақ ұлудың ауыл үстіндегі заузасынан, ат осқырып, оқ ысқырған қалың мұнардан бұлқынып шыға алған жоқ, Қараладай оқыранып келген жоқ.

Сәруар өсте өлең жаттамайтын. Солықтаған жол-тармақ, сұрып қапқан күйе боп, жадында өзі қалар еді. Ұзын-ырға кей толғаудың басы бір сыр-мұңдарды бауырына басқан жұмыр шумақ не шумақтың жартысы екшеліп өзі кеп, қыл шылбырдың түйініндей бүйіріне батар еді. Ондай кісінеп табысқан тармақ-жолдарын, керегінде шарқ ұрып іздегені есінде жоқ.

Бүгін, міне, алғаш рет абдырап отыр.

Әкесі қаптатып айдаған бір үйір қыраулы сөздің сызы табанынан өткенде егіз жолдың маңыраған сыңарын ғана көрді.

«Жетім қозы тас бауыр...»

Өлде егіздің сыңарын болса да, тапқанына шүкіршілік ететін заман ба?

«Жетім қозы тас бауыр, жетім қозы тас бауыр...»

Осы жаңа ғана «жетім қозыны» әрі қарай кідірмей күбірлеп кеткенде, бейне қарта асағандай тоғайып қалмақшы еді; енді төтесінің ине іздеген қалыпта текемет шұқып қалған мына тұсында зайыр байқады: бүгінгі абдырауы мен алақтауының жөні бөлек екен. Күн тұтылды, ай қаштының ар жақ-бер жағынан ойнап табылатын, қазып ойласаң, отырғызам деп қазыққа, омақастырам деп орға сүйрейтін алапат бір жағдайға келгендей.

Жағдаят сұрамайтын жағдай ма деп тіксінеді.

Елдің жарлық жайлы құлақтанғанына бүгін оныншы-ақ күн. Сорға туған байтақ даланың басқа түкпірлерінен өзирге хабар жоқ, ал бұл өңір болса от тиген қалың қаудай жанып барады.

Шаңырақ қаусап, от шалқыған бір шалғай өз ауылы екенін естігенде алдыңғы күні түнделетіп Шымкенттен шықты. Жолай ат тұяғына тыныс беріп екі-үш бекетке аялдағаны бар еді. Шоқтығына қол жуытар ел көрген жоқ. Қазақтың өз арасында күн аралатпай шаң беріп жататын алып қашпа, бас асау ашудан гөрі қылбұрау түскен намыстың бұлқынысына келе ме? Әйтеуір боспалап тамыр басайын дегенде шалқалап шыңғырған мінез көрді.

Қос аяқтап аспан тепкен асаудың мертігері мол болар еді – Сәруардың бір зерен ұды осы ойдың ауылынан төңкеріп алғаны рас.

Елге құлыбының майы кеппеген бердеңке асынып жиырма-жиырма, отыз-отыздан жазалаушы кетті дегенді Шымкенттен шықпай жатып-ақ естіп еді. Ауылына кеп көзі жетті. Рас екен. Әкесін әкетіпті.

Сол қолды болған әкесінің жатысы мынау. Тамырының төрінде жантайғандай манаурап, бейқам жатыр. Сытылып іргеге қашқан көпшікті бауырына қайта басыпты.

Сәруардың есіне манағы өзінің айтқан сөзі оралды – оқ алды. Қыңыр шалды қорқытып алмақ мақсатта әдейі қадап айтып еді. Енді байқаса, ойнап айтқан от сөзден шын қатер түтін түтетердей байқалды. Жайласқандары жанға жайлы, салқын, алты қанат ақ үй болғанмен, жаңбыр сінді қыл арқандай ширатылған төренің есік ашып өзі кіргізген мына отауы, аталы-балалы екеуіне табан астынан басқадай қабақ танытуы кәдік екен.

Сарша тамыздың шыжи бастаған сары күніне алақайлап ысқырынған көк шегірткенің дауысы Сәруарды мына тұста қамсыздықтың қойнынан оңай суырып ап, көр салқын бір қылтаға жетеледі.

Бұдан хабардар, бірақ әкесі жоқ. Сөз әлпетіне қарасаң, түсінем дерлік құлқы да жоқ сияқты.

Тізе бүгіп су ішетін түз мінезіне бағып айылын жиір емес.

Заманың тазы болса, түлкі боп шал дер еді. Осы шалдың аузынан өз құлағымен талай естіген. Осыдан алты жыл бұрын бір таныстан бір

таныс шығып, Ташкентке оқуға барар жағдай туғанда осы тақылеттес мәмілелерді, әсіресе көп айтқан. Заманның жараған буралығын, заманмен әлін білмей алысқан жігіттің көкжал тірсектеген бөкендей тұралап қаларын көп күйттеген еді. Сол төтесі бүгін кеп, құрқол басымен бес қаруы түгел өкіметтің, өкімет адамының шабын түрткілейді. Басқа түгіл таң еткізіп қатты сіңбіргеннің өзін басбұзарлыққа жоритын өкімет пен өкімет адамына ашу айтады. Өзірге айта қойған жоқ, бірақ әзірге әке қабағын, әке мінезін шұнаң-шұнаң кішкентайынан бағып өскен жігіт мына шалдың төреге сақтап отырған құқайы мен қоқан-лоқысын, шоқпаршыл ашуы мен запыран ащысын ой көзімен-ақ шамалап отыр. Мынадай қысылшаң шақта жалғыз баласымен кең отырып кеңесуді артық санайтын адамның қамшыға жүгіргіш, тізеге жүгінгіш төремен төжікелесе қоярына зәредей де сенімі жоқ. Сыз өткен төреге ойынды мұз боп дөңкие ме деп шырылдайды.

Көмейіне біраздан бері қайта-қайта лықылдап, тұтқын деген сөз ұрып еді. Оған бірақ әкесі айтқандай жан төттілігіне бағып, құлап құлақ асқан жоқ. Бұл сөздің және де іскек бір ызыңы бар екен. Осы ызың сәт-сәт үйіліп кеп құлағы шаншады. Ондай сәттерде Сәруар кеңе шаншуға қыңбаған ыңғай танытады.

Әкесімен кетісіп мына шаншумен табысқан Сәруар сонсоң қару асынған бала солдаттың төтесі екеуін түні бойы күзетіп шыққанын есіне алды. Ат қора абақтының ішіне кіріп отырған бала солдатты; өзінің осыдан үш-ақ күн бұрын Шымкенттегі переслуправлениенің ағаш үйінде – ат теуіп өлтірген мегежіннің дауымен отырғанда әкесінің каратель отрядтан кісі әкетіп араға күн салмай өзінің қолды болғанын; тез ерттелген Қараламен қан сасыған осы қыстауға сүйінші сұрағандай шапқанын; елдің жілік майы дерліктей азаматына қырғын боп тиген жарлықты... бәр-бәрін кітап парақтағандай адалап шықты. Бәрін бір жүйеге түсіріп, кейін төремен кездескенде, төре тұщынар ой тізейін деп еді. Тізе алмады. Өлгі шаншу шүйлігіп тағы келді де, үй сыртынан ат пысқырды.

Мана сырттан демесең, көз тоқтатып қарай алмап еді – кірген бетте, жұлдыз іздегендей түндікке ұлып тұрып алған ақ төре жарау аттай ширақы кісі екен. Сәруар ұшып орнынан тұрды. Крейгель белін жазғаны ма, қос қолын мықынына таянып, оңды-солды теңселіп кетті. Тәрбиесінде кішіден алдымен иба, үлкеннен алдымен салиқалық күтіп үйренген жас жігіт бұтынан бұзау өткендей ұзын сирақ офицердің мына қылығынан қатты ыңғайсызданып қалып еді.

Ерсі қылығын естілікке жеңдірген төре сөйткенше болмай:

– Ассалаумағалайкүм, – деді. Ұзақ сөзді буынын жұтып қысқартпай, аузын толтырып, созып айтты.

Беліне салаңдатып бесатар асынған, діні бөтен, тілі бөтен офицердің су таза қазақшасы, қазақша қарихаты сондайлық тосын екен. Сәруар бір сәтке, сүтпен тершіген тас көргендей аңырып қалды. Ұсынған қолының төреге жетпей ауада қаңтарылғанын да байқаған жоқ. Төренің көзі төрде екен. Сәруар оның марғау жанарын бойлап барып, әкесін тапты – төтесінің айылы жиылып, қабағы жылымапты.

Сәруар қос қолын сылқ жанына алды, сонсоң отырар-отырмасын біле алмай дал боп қалған ендігі сәтте қабақ астынан ұрланып төреге көз жүгіртті.

Қос қолын мықынынан алмапты.

Сәруар төренің белуарынан жоғарылай алған жоқ.

\* \* \*

Қай уәжіңе де құлқым дайын деп бірі түр, қай құқайыңа да қабағым осы деп бірі жатыр. Өлі ұлтаны сөгілмеген кавалер етікті босаға алдына сықыратқан Крейгель, мына екі қазақтың екіұдай мінезіне, алайда зәредей де таңданған жоқ. Бұлардың себебі сүтпен дарыған дерліктей мінезі осы. Қазақ екеу болса оның бірі – шоқ, бірі мұз кескінде келмек. Бұлар басқа түгіл, ойнап табысатын орайдың үстінде жем көрген құзғын көзденіп шатынасып шыға келеді. Ал бұлар егер үшеу болса, анау-мынау цирктен табыла бермейтін мейрампаздықтың қилы-қырлы иіріміне қарқ болдым дей бер. Себебі, от кескін мен мұз кескін ырсылдасып-ысылдасып жатқанда, үскірік соққан үсік алмадай үшінші қазақ қаша тартар шақ іздеп жиынып-түйініп отырмақ. Кейде ояз бастықтарына, кейде приставтарға еріп болыс сайлауларына, жер дауы, жесір дауларына бой жаза барғанда талай көрген: бұлардың қаша тартар үшіншісі, ана екеуінің титықтағанына көзі әбден жеткенде, типық маңдайына айдар мен айбарды қатар жапсырып, текетіресте қалған әлгі екеуін қарауылға алыстан алады, қабат көздейді; қабат көздеп жүріп жұлысқан әлгі екеуді, кейде жалғыз оқпен-ақ жайратып салуы мүмкін.

Сонда бұларға не жетпейді екен, жеті атасының жұлынын суырғандай боп абаласқанда қонам дейтін тағы, кием дейтін тәжі қайсы екен?

Крейгельдің күлкі-мазақ үшін болса да, осындай сауалдарға андасанда беттесіп қалары болатын. Сонда тоқпаққа таласқан екі құлжаны көргендей санын шапаттап күлкіге кетер еді.

Өріске апарар соқпақ болса бір сәрі, өріске емес қылтаға, бердеңкесін кезенген аңшының иек асты алдына апаратын соқпаққа таласу үшін, әлде бөлекше тақылет керек пе?

Ішек үзді күлкі көпіршіп кеп Крейгельдің көмейіне дәл қазір тағы ұрды, бірақ апыл-ғұпыл қызықбау шалғаннан гөрі қысты дауысын әп-сәтте қажытып алды да, қажыған дауыспен қатал бұйрық айтты:

– Ақсақал, сіз бара тұрыңыз.

Қатал болғанмен зіркілі жоқ екен.

– Петрухин, – деді сонсоң іле-шала.

Крейгель аузын жабар-жаппаста кеше Қараланы жетектеп кеткен қаба сақал солдат келіп кірді.

– Ақсақалды Голоножкинге тапсыр. Жайын жасасын. Еркі білсін: қаласа бірге болар, қаламаса бөлек жай тапсын. Намазы бар ма, тамағы бар ма – қолын қақпа де. Бұлар өзiрге тұтқын емес. Ат табылса, қашан да қамыт дайын. Болам десе, тұтқындық қашпас.

Төрехан сыртқа беттегенде, Крейгель есікті өзі барып ашты.



**Мәсі** – аяқкиімнің бір түрі, оны былғарыдан, шегіреннен, құрымнан тігеді. Мәсінің сыртынан кебіс киіледі.

**Шобыр** – *мысқыл мағынада*: қараңғы.

**Бешпент** – киіп жүруге жеңіл сыртқы киім, келте шапан. Оны кейде «бешмет» деп те атайды. Шұға, мауыты төрізді матадан тігіліп, астар мен екі араға жұқалап жүн, мақта салынып, сырылады. Бешпенттің тік жағалы, қайырма жағалы түрлері бар.

## ОЙТАЛҚЫ

1. Төрехан мен оның ұлы Сәруар ақ патшаның жазалаушы отрядының командирі Крейгельдің тұтқынына қалай түседі?
2. Үзінді кейіпкері Сәруардың ойына неліктен Абайдың бір өлеңінде келтірілетін «Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» деген мақал орала береді?
3. «Бесатар» шығармасының кейіпкері Сәруардың типтік образ екеніне келісесің бе? Типтік образ қалай жасалады?
4. Крейгельдің қазақтың бойына сүтпен дарыған мінезі туралы ойы қандай? Үзіндіден тауып оқыңдар.
5. Автор Крейгельдің көзімен тұтқындағы Төрехан мен Сәруарға қандай мінездеме береді?
6. Жазушы неліктен әр кейіпкердің мінез-құлқын ашуда олардың тіліне, сөйлеу мен ойлау мәнеріне көңіл бөлген деп ойлайсыңдар?
7. Шығармада тұтқындағы Сәруар мен сырттағы Қараланың арасындағы үндестік қалай суреттелген?

## ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндідегі оқиғалар тізбегін топпен бірге анықтап, «Эмоция кестесіне» кейіпкерлердің көңіл күйін толтырыңдар.

2. 1-жүп – Төреханға, 2-жүп Сәруарға мінездеме беріңдер.

Мінездеме	Дәлелдеме	Көркемдік тәсіл

3. Үзіндіде қолданылған мақал-мәтелдер мен фразалық тіркестерді теріп жазыңдар. Олардың қалай қолданылғанын, автордың негізгі идеясын ашуға қалай қызмет көрсетіп тұрғанын талдаңдар.

4. Үзіндідегі көркемдегіш құрал түрін анықтап, автордың қолдану себебін талқылаңдар.

Көркемдегіш құрал түрі	Үзіндіден мысал	Автордың қолдану себебі

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Романнан алынған үзіндіден топпен бірге ғаламдық мәселелерге байланысты проблемалық сұрақтар шығарыңдар. Берілген үзіндіден проблемалық сұрақтарға дәйексөз келтіріңдер.
2. «Бесатар» повесіндегі оқиғалар мен тарихи фактілердің өзара сәйкестігін анықтап, ойларыңды білдіріңдер.

Негізгі оқиға	Тарихи факті

### ОЙ ТҮЙІН

«Бесатар» повесінің көркемдік ерекшелігі мен автордың сөз қолдану шеберлігін талдай отырып, шығарманың жаңашылдығына баға беріңдер.

**Кері байланыс.** «5-5-1».

Үзінді туралы 5 сөйлем жазыңдар.

5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартыңдар.

5 сөзді 1 сөзге дейін қысқартыңдар.

Түйінді сөзді сыныпқа айтыңдар.

## МУҚАҒАЛИ, ИНОЗЕМЦЕВ

(жалғасы)

### Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



**Тірек сөздер:** жеке өңгіме, ұстамдылық, мінез, қазақ болмысы, жау алдында.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

✓ автордың стильдік ерекшелігін анықтау үшін сөз қолданысына назар аудару;

✓ автор бейнесін білдіретін сөздерді анықтау;

✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын талдау.

– А-а-ал, батыр, – деді екі иығына екі кісі мінгендей қызыл бет қазақ. Иноземцев дәл мұндай, бояу атаулыдан құр алақан құрғақ дауысты бұрын естімеген сияқты – өтінгенін не бұйырғанын аңдай алмады. Бұлақтың жағасындағы дәл осы екі қойтастың жанына кеше де алдырып еді – жарты таба нан, бір зерен қымыз берген. Бірақ сөйлескен жоқ-ты. Бір жігіт аттан жығылды ма, әйтеуір шу шыққан үш үй жаққа кеткен. Көйлекшең кеп жайласып отырғанына қарағанда, бүгін жауап алатын сыңайы бар екен.

Иноземцевтің шамына мынаның батыр дегені батып еді. Аузы қалып ап кеткен сөзі болса өзі біледі, алайда шырайы қызыл жалпақ бет қазақ «а-а-ал, батыр» деп алып мұның ұйпа-тұйпасы шыққан шалбарына қадалып қалғанда Иноземцев қай күнгі жасыл төскей, танауы парылдаған ақжал айғыр, өзінің бір топ жасыл шапанның ортасына сөмиіп кіріп барғанымен тағы да беттесті, беттесті де, жүні жығылып қалды.

Қызыл бет қазақ шашын осы бір екі күннің жүзінде ғана сыпырып тастағандай екен – жуан тілген таспадай көгілдір тамыр ақ құйқаны айқұш-ұйқыш шандып апты. Баланың жұдырығындай-баланың жұдырығындай қос шекеден құлақтың үстімен қарақұсқа кетіп жатқан қос көк тамыр Иноземцевке қысқа түйген тізгіндей байқалды да, оның есіне сонсоң қылпылдаған ұстара түсті. Дөңкиген мына падланың қайратты шашын құрғақ қау орғандай ұшыртып келе жатып, тізгін тамырды кірш-кірш қырқып жіберсе, кенеп көйлектің түймесін салмай алқам-салқам отырған аю төстің қалай-қалай кекеткенін, қалай-қалай тыпыршығанын көріп алар еді. Алайда амал нешік, пышаққа жүгінген түгіл, шалқып сөйлеп, шалқалап мінез көрсетуге де жағдай жоқ. Ташкенттің ескі базар

жақ шетіндегі қызыл шамдарға барғыштап жүргенде, бұртиып қалатын кей келіншекке Крейгель «тірлік бірде бетін берер...» дейтін еді. Қазақтікі деп айтатын. Иноземцев қазір сол тірліктің бетін таба алмай қалды.

– Иә-ә, батыр, – деді аю төс қазақ тағы да. Тағы да бейне шырт түкіре салғандай-ақ енжар айтты, шекесіндегі көк тамыр тағы ісінген де, бүлкілдеген де жоқ. – Ат кісінескенше, адам сөйлескенше. Қараңғы үңгірді жайлағаннан сере шығар сүбең болса, шыққан шығар. Кеше шаруа киіп кетті. Вой сергітсін деп әдейі шақырттым. Сөйлей отыр.

Аю төс қазақ сонсоң аюлығы ұстап кетті ме, астындағы қойтасты аунатып жіберіп жалпақ жағын үстіне қаратты. Иноземцев бір сәт өңкиген мына денені көтеріп жүретін ат, бір құшақ мына құйрықты құшақтап отыратын ерді кәдуілгідей аяп қалды.

– Маған бастық керек, – деді Иноземцев аю төс қазақтың бұлшығы білем-білем күрең кеудесін шайнап тастардай боп шабынып алған ендігі сәтте. Суық тиген бе, дауысы қарлығып қапты. Менмендіктің бар салмағын үш сөздің арқасына артып-ақ жіберіп еді, ол зілді алайда көмей көмген қақырық ұстап қалды – дауысы естіп отыр, ерсі жіңішкеріп шықты. Иноземцев сонсоң жұдырығын аузына кептеп қақырынып алды. Көмейі бірақ ашылған жоқ.

– Бастықты басыңа қоямысың, – деді қызыл бет бұл жұдырығын аузынан алар-алмаста. Деді де, екі аяғын бұған қарап созып жіберіп, қос тізесін шомбал жұдырықпен алма-кезек дүңк-дүңк соққылап алды; қонышын тілерсекке жетер-жетпесте тіліп тастаған тұзу табан қара етік бұл жайғасқан тасқа кеп тірелді, Иноземцев шегініп отырды. Табиғат асылы, қара күш берген пендесіне ақыл-ойдан үлес қалдырмай ма деп еді. Ақылдан ада қара күш көктемгі бетпақ тасқындай; жөн сұрайтын, жол сұрайтын ол жоқ, қарсы кезіккенді қағып аға береді.

Қызыл бетке қарсы отырғанын Иноземцев жаңа байқады.

Қайда ағады сонда? Тазарып барып құйылар арнасы болса бір сәрі, мына қазақ екі иығын қай жетіскенінен жұлып жейді?

– Мен офицермін ғой, – деді сонсоң Иноземцев. Офицерлігіне дәлел айтқаны ма, оң қолымен сол жақ иығындағы погонын басты.

– Обал-ай, – деді қызыл бет қазақ етігін шешуге ыңғайланып, – обал-ай, қара басып тағзым етуді ұмытып кеткен екем ғой. Бірақ айыпқа бұйырма, батыр. Сенің алдыңда мына денеммен арбаңдап-қорбаңдап жатқаным сондайлық келісім болмас. Құдай басқа салғасын, амал нешік. Көнесің де.

Иноземцев өзі де байқамай жалма-жан жанын қарманды, пистолетін қай күні қап-мабымен шешіп алғандары есіне жаңа түсті, бірақ тіленіп барған қолдың бос қайтқаны жаман екен – Иноземцевтің қолы галифенің





қалтасынан жарты уыс қиыршық пен орамал алып шықты. Осы тұста қызыл бет мына қазаққа «сен» мен «сіздің» бірін еншілер сәттің желкесінен осылай төніп қалғанын тағы да сезді. Сіз деп қиылу Құдай түгіл адамның алдында да күнә, ал табан астынан кергіп ап сенге кетуге жүрегін дауалата алмай отыр. «Боже мой, – деді Иноземцев ішінен, – Боже мой, менің енді осыдан қорыққаным ба?». Ойын бірақ аяқтай алған жоқ – жалпақ бет қазақ оң аяғын мұның тізесіне салды.

– Тартып жібер, батыр. Қызынды ұрайынның шұлғауы жиырылып қалған ба, аяғымды қысып бара жатқаны.

Суырып алған дәу саптаманың бердеңкедей салмағы бар екен.

– Сен тамақ іздеп жаланып отырсың ғой, әлбетте, – деді қызыл бет, қара етіктің екіншісін аяғына сұғып жатып. – Құс төсекке керіліп үйренген сорлы, тас тақырға аунап алқам-салқамың тағы шыққан шығар. Төніңнің бабын өзің тап, батыр, ал құлқыныңды мойныма мен алайын. Жаубүйрек деген тағамды естіп көріп пе ең?

Иноземцев үндеген жоқ.

– Қойды соясың, батыр. Бұл бір. Жаңа сойған қойдың етін өзінің қарнына сап жерге көмесің – екі. Үстінен от жағасың – үш. Қызынды ұрайын, мықты болсаң, сілекейіңе ие боп көрші енді.

Иноземцев қылғынып бір қалды да, онысын жасырғысы келді ме, иегін алқымына алып ұзақ жөтелді.

– Жөтелмен ойнама, батыр, – деді қызыл бет, – ойыннан от деген. Өтірік жөтелем деп көксау боп қалсаң, келесі бір күндерде менімен кім атыспақ?

«Сіз» бен «сен» екі тарау жолдың айырығы боп Иноземцевтің желкесіне тағы төнді. Қанша кеше болғанмен енді ары қарай ысыра беруге, әрі қарай шегере беруге мүмкіндік қалмағандай екен. Иноземцевтің бірақ бір бұлтарып кетуге шамасы тағы жетті:

– Табанымда кеше жатқан қараның бүгін келіп төс соққанын ұға алмай отырған жайым бар. Атысуға шығар болса, көздесуге мен дайын. Мәселе көксаулықта ма екен? Шүріппені жөтелден ада, не жөтелге қанық өкпе емес, қалтырау білмес қол басады. Жаубүйректің дәмін татайын, пожалуйста, менің бірақ өкімет адамы екенімді ұмытпаған жөн.

Мұқағали Иноземцевтің сөзі бітер-бітпесте желке тұсынан құзғынның ішек үзбе аш дауысын естіді. Селк етуге өзер қалған ол «бір Құдай өзің сақта» деді ішінен, бет-аузын шаң қапқан тұтқын офицердің бас-аяғын тағы бір шолып шығып. Қыстан көтерем шыққан танадай көкбақа жігіт екен. Өзін және киіз көкірек пе деп қалды. Әйтпеген күнде, мұның орнында басқа болса, әлгі бірдегі нақұрыстардың тұсында от боп жанып кетуге керек емес пе еді?! Тегіне қарап шен беріп, шеніне қарап ел басқартатын бұ Құдайдың кеңдігіне не дауа бар. Міне, осы кешелері ғана көп ауылды ашса алақаны, жұмса жұдырығына ұстап жүрген шенді жайсаңның бірі алдында отыр. Тақым толтырып ат міну, ауыз толтырып сөз айтуды қашаннан бөлек санайтын Мұқағали аш қарынға төңкере салған үлкен тегене қымыз бойын балбыратқан мына тұста тұтқын офицердің осынша жүнжігеніне қатты налып еді. Орып-орып сөз айтса, атып жіберер дей ме екен, қызыңды ұрайын. Намысқа сызат түсіргенше атылып өлген артық емес пе?! «Өй, шірік», – деді Мұқағали күйіп кетіп. Кеудесі ашумен ісінгенде саусақ-саусағы тызылдап жүре беруші еді – қара санын бүріп-бүріп алды. Асылы елінен бақ тайған азаматтың аңдысары мен алысары қанжар жанар емес, көкбақа мына ұлықтай жабы боп келеді екен-ау. Ө, өкімет адамы болғаныңды ұрайын, шырпы сирақ көк шілтік. Сенің беліңе мылтық байлап өкіметің де жарыған екен. Кеудем толы қат-қат қыжыл болса, қай қыжылыма серпін боласың сен?

Құзғынның қарқылын тағы естіді. Қанның иісін зайыр сезген болды-ау. Ендігі арлы-берлі жалпылдап ұшуға да керек еді. Бала құзғын ба, әлде? Бала құзғын болмай жабағының жілігін бір-ақ қылғитын көрі шөңгенің өзі болса, жалғыз жеткен түрі бар. Мына қарқылы, әсіресе ащырақ шықты:

– Серік шақырып отырсың-ау, қара албасты. Кел, – деді Мұқағали. – Кел, кел. Бізде сен екеш сенің де өшің кетіп еді, кел, жеп қал. Тек ажалыңа қарқылдамасаң болғаны да. Қайтейін. Әбілтайдың бердеңкесі мен оң көзі аман болсын.

Қазақтың тағы тауының қай дыбыс, қай жаңғырығын түгендеп жатсын – Иноземцев құзғынның қарқылына құлақ асқан жоқ. Қарны әйтеуір, әбден ашыпты. Жаубүйректің аты-жөнін естіп алғасын ба, жүрегі талды. Өзі жаңада сойған қой болса, оны қарынға сап жерге көмсе, уылжыған жас еттің өз сөліне пісетін болғаны да. Жаубүйрек қашан келер екен деп сұрамақ та болып еді, бата алмады, аю төстің қызыл беті көрінеу көзге қабарып барады екен. Қызылы қашқан жалпақ бет алдымен лай судай күрең тартып алды да, әп-сәтте бүйрек-бүйрек боп бұлшықтанып қалды. Әскери училищеде оқып жүргенде анатомияның көрнекі құралдарынан талай көргені бар. Бұлшық-бұлшықтың арасынан балдырдың сабағындай көк жасыл тамыр жүретін. Сол балдыр сабақтар мынаның бетін бунақ-бунақ қып бөліп тастаған сияқты. Енді бір кезде жуан айғырдың бетінен қашқан мол қанның, сіңіп кетер басқа жер таппағандай, ақ құйқаға шапқанын көрген Иноземцев өзінің офицер де, өкімет адамы да, мұны аз десең, тіпті Иноземцев Александр Семенович – Крейгель еркелетіп айтатындай Шура да емес, мына астындағы қара бұжыр қой тас пен сарқырап аққан көк бұлақтың, анау ауыздығын қарш-қарш шайнап тықыршыған ұзынбел торы айғыр мен үш боз үйдің тұсында құмырсқадай құжынап жүрген көп жаулықтың тұтқыны екенін ұқты. Тұтқын болған соң, сөз бар ма, алтындап таққан погон мен көңкітіп киген картуздың құны шамалы.

Кешелі бері қара басып қорылдап жатып, осы қазір дұшпанмен арбасқан тұста оянған ой осыншалық тегеурінді екен – Иноземцев демнің арасында сүмектеп жүре берді де, қайтадан қалтасын, орамалын қарманды. «Ах», – деді ол сосын ішінен, өзінің бүкіл ахуалын осы жаңада ғана кемерлеп түсінгеніне таңданған боп. Таңданып емес, қорқып қалып еді, жүрек суылын бірақ бетіне шаптырған жоқ – ұстамдылығы қол берді. Қорыққанын таңданысқа жеңдірді. Сонсоң көзіне құйылған қара терді сұқ саусағын екі бүктеп сыпырып тастады да, ішінен тағы «ах!» деді. Бұраң белін бос тастап, әнтек шалқайып ернін ғана алып қашатын тәйтiк-тәлпiш кей келiншек дәл осындай келiсiмге бергiсiз қарсылық көрсетер еді.

– Мен кешірім өтінем, – деді Иноземцев әйелге хас аярлықты өзінен тапқан осы тұста. Сонсоң сәл кідірді де: – Сізден, – деп қосты. Маналы бері қорасаннан бетер қорқып отырған сөзінде алып бара жатқан қорлық жоқ екен. Қайта буынып отырған денесі жеңілейіп қалды.

Қиналып болса да, кешіктіріп болса да, жүгіртіп жіберген сөзінің еткен әсерін аңдамақ ойда жирен құйқаға – бұл жолы зайыр ұрланып – тағы көз тастады: бозара қояр құйқа жоқ екен.

– Кешірім, әрине, сізден де, менен де уақыт сұрауға керек еді. Алланың құлы сіз, Құдайдың құлы мен. Бірақ өмір сүріп жүрген адамның бәрі, алдымен, заманның құлы. Сіз бен біздің бірге байланар қызығымыз, алдымен, осы уақыт қой деп ойлаймын. Өкімет пен ел арасын жүгіріп қара мысық өткен екен...

– Жә, – деді Мұқағали. Иноземцевтің бет алдын көлбең етіп алақан бүркеді. – Жә, сонда маған заманмен алыс демекпісің. Кім ол заман, не ол заман? Аспан мен жер, тау менен су ол заман емес. Уақыт деп тантисың. Сонда мен шілдемен алысайын ба? Апа-қарындасыма кеп қол артқан шілде көргем жоқ. Аспан мен жер маған келіп, бесатар кезенген жоқ. Заман – ол білек. Білек сенікі. Кер шібіштей бұлтыңдама.

– Жарайды, – деді Иноземцев оп-оңай келісіп. Тек кер шібішін түсінбей қап еді. Бұлтыңдама дегеніне қарап, дәу де болсаң, торай тақылеттес бір хайуансың-ау деп отыр. Верныйда бір рет торай қуам деп көк терге түскені бар-ды. Осы тұста жаубүйрек пен үйткен торай көз алдына қатар келді, бірақ таңдап жатқан жоқ: қайсысына да кет әрі емес екен. Құймақұлақтың керегіне әбден ден қойыпты:

– Жарайды, бұлтыңдамайын, – деді. – Сонда маған не істейсіз енді?

– Мүмкін, бұйыратын жазаңды айт дегің келген шығар?

– Сізді жазаға барардай қатыгез деуге қимай отырмын, мырза.

Қағынғыр сөздің осы кезге дейін қайда жүргенін білмейді, сонда да ештен кеш жақсы: Мұқағалидың ашуына тосқын тапқанына қуанды.

– Өлбетте, – деді Мұқағали. Мана әңгіме басындағы құрғақ дауысын қайта тауыпты, – қия алмағаның жақсы. Бауырмал туған жансың ғой. Жазалап қайтейін. Өзіңнің жасағаныңды өзіңе көрсетсем, өкпелемессің.

Сауалдай айтқан жоқ, хабардай айтты.

– Мен ешкімді атқам жоқ, мырза, – деді Иноземцев жұлып алғандай.

– Сенем. Алтын иық әписердің өзі қарғанса сенбейтін не жөнім бар?! Арқардың лағының май бүйректенген шағы қазір. Лақ аулау үшін өтрет құрып жүргеніңе қайтіп қана сенбейін?! Арқар өзі аң-хайуан, әсіресе осы Қазығұрт пен Қаратаудың арқары. Қазақпен өзі және де қарға тамырланып шатысқан жұрт. Біз жайлауға шыққанда көкейлерін ерулік тескен көп арқардың ел аралап кетері және бар-ау. Жөн, батыр, жөн. Ырсылдап тау кезгенше мекіренген көп арқарды еруліктің үстінде басып қалам дегенің жөн-ақ. Сенем, сенем, – деді Мұқағали. Үлкен алақандай тайпақ, күміс

шақшасы бар екен, сауыр қалтасынан оны суырды, сосын қара етіктің сірісіне соғып-соғып жіберіп, көкбұйра насыбайды алақанына шөкітіп үйді де, шымшып алып, қос танауына бөліп тастады. Сонсоң көзін тарс жұмып, ұзақ отырып қалды.

– Сенің Рәйімнің ауылына бармағаныңа мен сенем. Рәйімнің екі інісі мен үш баласын сен емес, Рәйімнің өзінің атқанына да сенем. Бес азаматты қабаттап қойып, қаншасын тесіп өтер деп алды-артынан оқ жүгірткен сен емес, Рәйім болатын. Аш өкпенің тұсынан зымырап кетті қорғасын, алдында екі іні, артында екі ағасы – Нұрғазының ортада аман қалғанына да сенем. Тапаншаның оғын құшқан жігітте арман бар ма?! Бағы жанған жігіт қой. Рәйімнің сосын аман да қалған жалғыз Нұрғазыға тапанша кезеп, аузынан атқанына да сенем.

Отырған орнынан алға қарай сырғып-сырғып дәу қара тасты шекелеп қалған Иноземцев:

– Мен емес, мырза, Құдай ұрсын, мен емес, – деді тағы да.

– Мен, – деді Мұқағали. – Мен. Сен атты, ошаққа сен жықты деп отырған мен бар ма?! Атқан да, жыққан да мен, Рекең екеуіміз. Қара ормандай сыңсып тұрған жұртпыз ғой, бес ағашқа – бес жігітке қалтырап Құдай атты деймісің... Жігітке нелер келіп, нелер кетпес. Кей ғазапты кей жігіт, айта берсең, қуанышқа айырбастамайды – Рекең екеуіміз шынтағынан қайырып тандырға атқанда Нұрғазы қуанып кетті ме дедім. Түбіне жақыны жеткен жігіттің арманы жоқ қой, қайтсін. Өле алмай жүрген жігіт қой, қайтсін. Арқасының қышуы қанып ыңырсыды демесең, ләм-мим дыбыс та шығарған жоқ... Адамның еті күйгенде қозы құйқа сөз бе екен. Иіскегің келсе, айта ғой, айт. Айт, айт, айта ғой. Келе ме иіскегің? Шайқама басыңды. Келе ме, жоқ па? Иіскегің келе ме, жоқ па? Иіскегің кеп бара жатса, оны мойныма тағы алайын. Біздің тұқымның бір бағы атылу мен асылуға туады. Мына мойын көрәтелдің киік құмалақ жалғыз оғынан қашып құтылар деймісің. Аяп қайтейін – күйген еттің иісіне жерік болсаң, айт. Айта алмасаң – саған серт, серттен тайсам – маған серт. Қыртпышпын деп тағы қамықпа. Күйген еттің иісіне қану үшін ет кесіп алу шарт емес. Отқа қызып алабұртқан қанжарды қара санға пісіп алса жетеді...



**Галифе** – сан тұсы кеңдеу, ал балтыр тұсы жабысып тұратын әскери шалбар түрі.

**Жаубүйрек** – ұлттық тағамның бір түрі. Қойдың етін өзінің қарнына салып, аузына жіліншігінен түтік жасап, сыртын топырақпен сылап, шоққа көміп пісіреді.

**Шібіш** – ешкінің 7–8 айлық төлі.

**ОЙТАЛҚЫ**

1. Мұқағали орыс офицері Иноземцевті не үшін қамауға алады? Олардың мақсаты не еді?
2. Жазушы неліктен Иноземцевтің жауыздық әрекеттерін Мұқағали аузымен айтқызған?
3. Мұқағали монологіне сүйене отырып, Иноземцевтің қатыгез іс-әрекеттерін санамалап айтып беріңдер.
4. Мұқағали-Иноземцев диалогін оқып, тілдік-стильдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
5. Бес азаматты қабаттап қойып, қаншасын тесіп өтер деп алды-артынан оқ жүгірткен Иноземцевке қандай жаза лайықты деп ойлайсың?

**ОЙ БЕЙНЕЛЕУ**

1. Топқа бөлініп, «Кейіпке ену» әдісі бойынша жұмыс жасаңдар.
  - «Кейіпкер кестесін» толтырыңдар.

Үзіндідегі кейіпкер	Кейіпкердің өміріндегі құндылықтар

- Үзіндідегі негізгі құндылықты көрсететін кейіпкерді таңдаңдар және кейіпкер арқылы осы құндылықты баяндайтын қысқаша қойылым дайындаңдар.
2. Үзінді кейіпкерлерінің характерлері мен портреттеріне нақты мысалмен сипаттама беріңдер.
  3. Үзіндіден байқалатын жазушы тұлғасы туралы пікірлеріңді жазыңдар.
 

*Пікір.* Үзіндідегі жазушы тұлғасын бір сөйлеммен жаз.

*Дәлел.* Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

*Мысал.* Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

*Қорытынды.* Өзіңнің сыни көзқарасыңды білдір.
  4. Романдан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, «Үш жақты күнделік» толтырыңдар.

Романдағы ең маңызды үзінді	Ғаламдық тақырыппен байланысы	Менің қорытындым

**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. Үзіндідегі Мұқағали-Иноземцев диалогінен көрінетін өмір шындығы туралы түйінді ойды «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдеп жазыңдар.  
Менің ойымша, ...  
Мен оны былай түсінемін: ...  
Мен оған мынадай деректер, мысалдар келтіре аламын: ...  
Мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...
2. Үзінді кейіпкерлерінің өмірін ой елегінен өткізе отырып, жан дүниелеріңе жазушы суреттеген оқиғаның қалай әсер еткенін өңгімелеп беріңдер.
3. Үзіндіні тыңдап, жазушы шеберлігіне баға беріңдер. Автор қолданған көріктеу құралдарын тауып талдаңдар. Уақыт – 15 минут.

**ОЙ ТҮЙІН**

Үзінді идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңдар.

**Кері байланыс.** «Үш минуттық эссе».

Бүгінгі түсінгендеріңнің ішінде ең маңыздысы не?

Қай сұрақ есінде қалды?

Сен үшін ең қиын, түсініксіз болған не?

**МУҚАҒАЛИ, ИНОЗЕМЦЕВ**

(жалғасы)

**Оқу мақсаттары:**

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



**Тірек сөздер:** қандықол, күнәсін мойнына салу, жауап алу, әділ жаза.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ берілген үзіндіні толық оқу;
- ✓ тарихи және көркемдік құндылығын анықтау;
- ✓ шығармаға сыни баға беру үшін негізгі ойды табу;
- ✓ идеясын анықтау және талдау;
- ✓ көркемдігі мен эстетикалық әсеріне орай әдеби эссе жазу.

– Адамның еті күйгенде қозы құйқа сөз бе екен?! Сен оны бірақ көрген жоқсың-ау. Көрген мен айтып отырмын, нан маған: қос шынтағы ырсиып жер тандырдан осылай тұрып келе жатқан Нұрғазыны көргенде Рекең екеуіміздің төбеміз көкке жетті. Пенденің төбесі қанша тасығанда, көкке екі елі жетпейді екен ғой. Бірақ жалғыз бала, жалғыз жолдасыңды отқа күнде күйдіріп, қарауылға күнде алып жатқан жоқсың – ол көкке біздің төбе жетпей, сенің төбең жете ме... Біздің шалдардың бас жағында жайнамаз жатса, жамбасында тапанша жүреді. Қос шынтағы шоққа жидіп осылай тұрып келе жатқан Нұрғазыны мен арқасынан сүйей бергенде, Рекең жарықтық, қара тапаншаны жалғызының аузына көмейлетіп тығып жіберіп, сырт-сырт екі басты: қолтығынан қолыма асылып Нұрғазы қалды, Нұраш қалды сонда. Осынша қызықтан құр қалып, аңғалсың-ау, жас батыр. Қайран қорғасынды арқардың ерулік жеген лағына қор қылғанша, бізбен бірге азамат атысып, азамат асысып рақат-лөззаттың ұшпағына шықпаған аңғалсың-ау.

– Мен емес, мырза, Құдай ұрсын, мен емес, – деді Иноземцев, шаң қапқан ашаң бетінің айғыз-айғызын шығарған қара терді жеңімен сүртіп. – Болыс бұйырса, құлақ аспайтын қай шамаңыз бар, мырза. Қолға түссе көзінен тізіп, ат деген губернатордың бұйрығы бар, мырза, мен қайтейін енді, мырза.

Иноземцев аяғын құшардай боп жүрелеп қалған екен, Мұқағали оны алқымынан бүріп алып, сәл көтерді де, ыңқ еткізіп орнына, тасқа тастады.

– Өлбеттә, бұйрыққа құлақ астың. Бұйрық болғасын ғана аттың. Сен, жүдә, атқан жоқсың. Сен деген мен бар ма?! Қашан айттым? Қашан, қашан айттым? Қашан дейм? Мұрын боғыңды сосын сүртесің – қашан айттым?.. Атқан сен емес. Сүйеп тұрған мен, көмейлеп атқан Рекең. Сүйеп тұрғаным да Нұрғазы, оқ жұтқан да Нұрғазы. Мылтықты өркім атады, бірақ оқ жұтқызған жан көріп пе ең? Өлбеттә, көрген жоқсың. Лақ аулап жүрген жас батыр Рекеңнің ауылында не болып, не қойғанын қайдан білсін. Ол ол ма, Нұрғазыны оққа қақалтып тастай берген Рекеңді де бір жайлы қылған мен. Қан толған көзден қатер көп – жолдасымды аямағаннан кейін әкемнің жолдасы еді деп оның әкесін аяйын ба?! Кәңкиген қара шалды ақжал айғырдың құйрығына байлап ап, Керегетастың түмсығына қарай сүйрегенде, қатын-қалашқа да жан керек екен, үзеңгіме Рекеңнің кемпірі мен келінінен басқа жабысқан жан болған жоқ. Қан аңсаған көкірек қоян бүрген қырандай – шашын жайған бір кемпір мен бір қатынды өңмендетіп теппеске қандай шара бар?! Сен оны көрген жоқсың-ау... Қос қайны мен үш бірдей баладан қас пен көздің арасында айырылған кемпір, қас пен көздің арасында қос қайны мен қос қайнаға аздай-ақ, жарынан қоса айырылған жас жесірдің



ұстыны Рекеңе араша түскенін көрген жоқсың-ау, сен. Қызық қой, бұдан асқан қызық бар ма?! Дүниедегі мен білетін үш қызық: атаның баласын – Рекеңнің Нұрғазыны атқаны, жігіттің досын – менің Нұрғазыны атқаным, сосынғы қызық – жылаған қос жесірдің өңменінен тепкені ғой.

– Менің атқым келген жоқ. Құдай ұрсын, менің атқым келген жоқ. Бүлдірген өздері – қарсылық көрсеткен өздері. Бунтшылардың ұясын нұсқа дегенде, жақ ашпаған өздері. Әдейі атты деймісіз, мырза, – деді Иноземцев.

– Өлбеттө. Өлбеттө, әдейі атқан жоқсың. Рекеңді менің де атқым келген жоқ, бірақ болыс бұйырса, құлақ аспайтын не шама бар?! Сағы сынып, бағы тайған ел екен, бес жігіт, бір шалмен қашқан бақты қайыра алмас бәрібір, көзіге қалсаң, таптап кет деген бұйрық бар еді, бесеуін жайпап біткенде, қолыма Рекең ілікті – оны да аяғам жоқ. Керегетастың көк шалғын тұмсығындағы ақыр тасқа көлденең сап алдымен сақалын үйттім-ау, батыр. Көрінің сақалы да бір, қарашадағы ебелек те бір – күкірт тиер-тиместе қаулап кетеді. Қаулауға өзі, жаулауға өзі себеп таппай тұрған сақалға екі жездің дәрісін сеуіп от қойса, күлкіге мен мелдектемей, сен мелдектемекпісің. Алдымен сақал үйтілді, жетпістен асқан кәрі емес пе – үйтуге жарар шаш таппадық бірақ. Жоқ, жас батыр, дүниеде үш емес, төрт қызық бар, төртінші қызық – алқымды жапқан ақ сақалды өртеген. Қарғыстан қорыққан сөз бе екен: жігіт атып, жесір теуіп, сақал өртеп, алғысқа қалған жақсы. Көкейіңді крест тессе, жас батыр, сақал өрте, сақал өрте... Ақ сақалынан әп-сәтте айырылып көсесі шыққан Рекең атып таста деп жалынды, атып таста деп, жата кеп жалынды, атпаймын деп мен кергідім. Жылады-ау сосын Рекең, күйелеш бетін жас жуып жылады-ау сосын Рекең. Ақыры әйтеуір, Нұрғазының көмейін өпкен тапанша...

– Тапанша, – деді Мұқағали. – Тапанша, тапанша, – деді сонсоң тағы да. Қанжардың жүзіндегі суық қара сөзді үш қайталағанда кеудесіндегі көк жалын өксік сәл де болса басын тартардай көрініп еді. Өксік бірақ тапаншаны үш қайтарғанда да, үш қайтарып ап алақанымен көзін басып отырып қалғанда да, алдау-арбауға көне қояр сыңай танытпады, қайта қапелімдей сәл сәттің ішінде үрген бүйен боп ісініп кетті де, бұл етегін қармап үлгергенше – тізесінде жатқан жарты құлаш көк бәтес орамалды Мұқағали көре алған жоқ, көретіндей, орамалды іздейтіндей уақыты да болған жоқ – шарасы кең қой көзден тарам-тарам жас боп атқып-атқып кетті. Көп күннен бері шаруабасты боп, атүсті көп сабылған жігіт ішінен тығылып та жүр екен: сақалы үйтіліп көсесі шыққан Рекеңнің қарақұсына кезелген тапаншаны аттап өте алған жоқ, атан жауырынын дірілге тастап еңкілдеп жылап жіберді. – Бұйырған екен

ғой саған, бұйырған екен ғой, бұйырған екен ғой саған, – деді сонсоң иегі кемсеңдеп. – Біреуіңе бұйыртып атқызады, біреуің ойнап атасың, біреуің шындап атасың, қай әкеңнің құны қалып еді осы бізде, – деді сонсоң Мұқағали тарам-тарам жасты жұдырығымен бетіне жағып. Өксік бірақ саябырсыған жоқ; қайта кең кеудеден қат-қат шер мен азаның тағы бір көзін ашқандай екен – жас сүртем деп бетке жүгірген қос жұдырықты селтең-селтең секеңдетіп жіберді. – Бұйырған екен ғой саған, азаматын ат, ақсақалының сақалына дәрі сеуіп, өрте деген екен ғой, – деді Мұқағали. Дәл осы сәт шоққа жидіген қос шынтағын ырситып жер тандырдан тұрып келе жатқан Нұрғазы, Нұраш есіне тағы түсті; Нұрғазы, Нұрғазыны ортаға алып, екеуі алда, екеуі артта – бір-бірінің мықынын құшқан Нұрғазының екі аға, екі інісі түсті, Рекең түсті, Рекеңнің кере қарыс ақ сақалы, ақ сақалдың күкірт тиер-тиместе сытыр-сытыр қау ете қалғаны түсті. – Не жазып ек бұ Құдайға, не жазып ек?! Өз байлығым өзіме сор боп тигендей бұ Құдайға не жазып ек, не жазып ек?! – деді Мұқағали сонсоң кере қарыс маңдайын жұдырығымен періп-періп жіберіп. – Маңдайымды өзім соғып, өз бармағымды өзім шайнап, өз жер, өз байлығымды өзім қарғардай не жазып ек?! Ақылым сенен кем бе екен, қайратым сенен кем бе екен?! – деді Мұқағали өксік буған етжең денесін игере алмай қалған ендігі сәтте. Алпамсадай сары жігіт сонсоң қара тасты қақ жарып кіріп кеткісі, сіңіп кеткісі келгендей екі бүктеліп бұға берген ақ офицерді тастың үстінен жұлып алды. Обалы не керек, офицер болғанмен көнбіс екен – тақымға түскенде қарсыласқан жоқ, Мұқағалидың атан балтырынан басы салбырап сұлап қалды. – Ө, Құдай, – деді Мұқағали сонсоң, – ө, Құдай, құныкерім осы болса, мықты бол да, арашаға түсіп бақ. Өттең, Төрекең ғой қолды байлап отырған, әйтпесе мына шібіш бөксеге қайнатып ап қорғасынды құймас па ем?!

Мұқағали тұтқын офицерді тақымынан суырып алды да, бос қалған оң қолымен оның қарақұсын бүріп-бүріп, мытып-мытып жіберді. – Жат, – деді сонсоң Иноземцевті тізесінен сыпырып тастап. – Өлмейсің. Төрекеңді құтқармай, сенің обалыңа қалардай доңыздың миын жегем жоқ. Сенің тіліңді Сәруар табады. Хабар жетіп Сәруар келсін, әзірге жата түр. Жаубүйректі сосын асайсың.

Жасыл шұға шалғынға етпетінен түскен Иноземцев бірақ тұяқ серіпкен жоқ.



**Бунтшылар** – «бунт» деген орыстың «көтеріліс» деген мағынадағы сөзінен шыққан.

**Мелдектеу** – қатты тойыну, тою деген мағынадағы сөз.

**ОЙТАЛҚЫ**

1. Туындыдағы тақырыптардың идеялық тұтастығы неде?
2. «Бесатар» повесінің идеялық-философиялық шешімі қай деталь арқылы көрінеді?
3. Автор көзқарасының әдеби шешіммен байланысы қандай?
4. Сюжеттің шешімі арқылы автор оқырманына қандай ой тастайды? Повестің идеясы не?
5. Сенің ойыңша, жазушы бодан елдің намысты ұрпақтарының бостандыққа ұмтылған ұлы арманының жеңілісін қалай бейнелеген?

**ОЙ БЕЙНЕЛЕУ**

1. Шығармадағы жазушы ұстанымдарын, ұлттық таным мен ұлттық мінезді топпен бірге анықтаңдар.

Жазушының азаматтық ұстанымы	Жазушының идеялық ұстанымы	Шығармадағы ұлттық таным	Шығармадағы ұлттық мінез

2. Кейіпкерлерге үзіндіде көрінетін іс-әрекеттеріне сүйене отырып, «Портреттік мінездеме кестесін» толтырыңдар. Жинақтау мен даралау арқылы жасалған өмір шындығын анықтаңдар.

Салыстыру аймағы	Үндестік	Ерекшелік	Қорытынды пікір
Мұқағали			
Иноземцев			

3. «Бесатар» шығармасындағы жазушының тілдік құралдарды қолдану тәсілі мен стильдік мақсатын топпен бірге зерделеңдер.  
*1-топ:* шығарма тақырыбына сәйкес әскери атаулар, шен, қару-жарақ атауларын; *2-топ:* көлік атауларына байланысты сөздер мен заман, дүние атауларына тән сөздерді; *3-топ:* жазушы шығармасындағы фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерді теріп жазыңдар.
4. Үзіндіні тыңдап, өз ойларыңды шағын эссе түрінде жазыңдар. Уақыт – 15 минут.

**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. Тарихи туындының танымдық-тәрбиелік қуатының күштілігі мен көркем шығарма ретіндегі эстетикалық пәрменінің қуаттылығы туралы қосымша дереккөздерден ақпараттар жинақтап, таныстырылым жасаңдар.

2. Рәбиға Сыздықтың «Бесатардағы» ой-сана тартысы – зиялылардың өзара пікір таласы емес, ұлттық намыс пен империялық өктемдік арасындағы арпалыс» деген пікіріне түсіндірме жазыңдар.

Пікір	Түсіндірме
«Бесатардағы» ой-сана тартысы – зиялылардың өзара пікір таласы емес, ұлттық намыс пен империялық өктемдік арасындағы арпалыс».	

### ОЙ ТҮЙІН

«Бесатар» повесі – айтар ойы терең шығарма» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

Кері байланыс. «Борт журналы».

Шығарма бойынша маған не белгілі?	Шығармадан қандай жаңалық туралы білдім?

### «Тарихтың шертін пернесін» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

**1-тапсырма.** «Сыр сандық» өлеңінен берілген үзіндіні өуезбен оқып, қарындашпен тыныс белгілерін қойып шығыңдар. Достық туралы толғанып, өздерің өлең шығарып көріңдер.

«Сыр сандық» өлеңінен үзінді	Өз өлеңім
Өр адамның ішкі сыры Берік қойма сақталған Сол қойманың бір түкпірін Достың досы-ақ ақтарған Кейде ашуға сол түкпірді Іздейді жан жақынын Шертеді жан сырлы жырды Сырлас жанын шақырып	

**2-тапсырма.** «Қаһар» романынан берілген үзіндіге сүйене отырып, сұрақтарға жазбаша жауап жазыңдар.

Жүсіп енді Кенесарыдан шын шошынды. Кенет оның алдына осыдан үш жыл бұрын Сыздықты қалай сынағаны елестеп кетті. Жүсіп балажан болатын. Бірақ о жолы Сыздықты пышаққа түседі деп аяған жоқ. Аяған болса, бұлай сынамаңыз деп Кенесарыға жалынар еді. Жүсіп оны істемеді ғой. Өзінің осы қылығын ол артынан сан рет ойлады. «Неге мен сонда Сыздыққа ара түспедім, әлде Сыздықты мен бірдеңеден жек көрдім бе немесе онда адамның ішін жылытпас бір мінез бар ма еді?» – деп шешуін таба алмай, сан басы қатқан. Сол сұрағына кенет Жүсіп шешім тапқандай. «Ие, ие, дүниеде осы сұлтандар тәрізді қасқыр тектес жандар аз емес шығар. Адам олардың тірі жүргенінен өлгенін тілейтін болар. Жұрт тегі қасқырды немесе бөлтірігін өлтірдім деп опық жемейді. Менің де жүрегімді төре тұқымына деген өзім әлі аңғара қоймаған сондай бір сезім билеген екен... Сол күні Сыздық туралы соншалық қиналмауыма әлгі жасырын сезім себепкер болғандай ғой. Ал қасқыр тектес тұқымның Кенесары – шын арланы. Арланы болмаса, әлгі жан түршігерлік сөздерді айтпас еді?».

*Сұрақтар:*

1. Үзіндідегі қай сөз тіркесі ұнады? Себепін түсіндіріңдер.
2. Жүсіптің Сыздыққа ара түспегені дұрыс деп ойлайсыңдар ма? Жүсіптің орнында болсаңдар, Сыздыққа ара түсер ме едіңдер?
3. Кенесарының Сыздықты сынағанына қалай қарайсыңдар? Кенесарыны қолдайсыңдар ма?
4. Кейіпкерлердің іс-әрекетін қалай бағалайсыңдар?
5. Үзінді кейіпкерлеріне қандай ақыл айтар едіңдер?

**3-тапсырма.** «Бесатар» повесінен берілген үзінділердегі кімнің сөзі не портреті екенін анықтаңдар.

1) \_\_\_\_\_ аузын жабар-жаппаста кеше Қараланы жетектеп кеткен қаба сақал солдат келіп кірді.

– Ақсақалды Голоножкинге тапсыр. Жайын жасасын. Еркі білсін: қаласа бірге болар, қаламаса бөлек жай тапсын. Намазы бар ма, тамағы бар ма – қолын қақпа де. Бұлар өзiрге тұтқын емес. Ат табылса, қашан да қамыт дайын. Болам десе, тұтқындық қашпас.

2) – Мұныңыз бекер, төте, – деді \_\_\_\_\_ сонсоң, – мұныңыз бекер. Құдай басқа салмасын ғой, бірақ жаман айтпай, жақсы жоқ. Оқ алдында иман шақырып алдансаңыз бір сәрі. Көп мәсіңіздің бірі шығар. Жаңада көрген жоқсыз ғой.

**3) Бұл кімнің портреті?**

Тәрдегі – тырсиған домалақ ақ шал. Кешелі бері біраз ұйқы қуды қағажу көргесін бе, піскен көмештей бұлтиған бетінің қызылы сұйыла бастаған екен. Бірақ шарасы кең қой көздің ағы таза көрінді. Үкі көзденіп, сәт-сәт жапақ ете қалғанда ұстараның жүзінде алмас сұр өткірлік байқатады.

**4) Бұл кімнің портреті?**

– А-а-ал, батыр, – деді екі иығына екі кісі мінгендей қызыл бет қазақ. Иноземцев дәл мұндай, бояу атаулыдан құр алақан құрғақ дауысты бұрын естімеген сияқты – өтінгенін не бұйырғанын аңдай алмады.

**4-тапсырма.** Шығарма кейіпкерлерінің көңіл күйін білдіретін сөздерді анықтап, кестені толтырыңдар.

Үзінді	Көңіл күйін білдіретін сөздер	Көңіл күйіне әсер еткен жағдай
Кеше ме, әлде алдыңғы күні ме екен, жердің астынан шыққандай боп қапыда кезіккен қазақтар кезеніп келе жатқан бердеңкенің шүріппесін басуға мұрша бермей тым-тырақай қуғанда, өлген жерім осы шығар деп еді.		
Крейгель селк ете қалды. Өзі «Үкі» деп ат қойған, жапалақ сары Голоножкин – атұстары екен.		
Көмейіне біраздан бері қайта-қайта лықылдап, тұтқын деген сөз ұрып еді. Оған бірақ әкесі айтқандай жан тәттілігіне бағып, құлап құлақ асқан жоқ.		

## ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ

Пайым мен парасат – адам баласының ерекше дарыған қасиеттері. Парасат – адам жанының ізгілігі мен биік болмысының бейнесі. Ал сол парасатқа жету үшін адам жаны көркем әлемді өз болмысынан өткізіп, сол әлемдегі адамгершілік құндылықтарын пайымдай алуы керек. Осы бөлімде оқитын екі шығарманың да өзіндік ерекшеліктері мен жанрлық түрлері, мазмұны мен идеялары әдебиеттегі адам жанының эстетикалық болмысын даралап көрсетуге бағытталған. Көркемдік ойлау адам санасын ізгі бастамаларға бастауы үшін әдебиет асқақтық пен құлдыраушылықты қатар алып бейнелейді. Бұл – оқырман жанындағы ізгілік дәнін оятып, биік парасатты ұрпақ тәрбиелеу кепілі.



## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ (1911–1955)



Ақын Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Өке-шешеден жастай жетім қалған. Ауылда ашылған мектепте оқып, сауатын ашады. 1924 жылы Семей қаласындағы интернатта білімін жалғастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленіп, одан әрі үш жыл Семей малдәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жаза бастаған. Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады.

Осында жүріп, 1933 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге барады.

Қасым Аманжолов 30-жылдары А. Пушкин, М. Лермонтов, Т. Шевченко, Дж. Байрон, В. Маяковский шығармаларын аударып бастайды. 1939–1940 жылдары «Нар тәуекел», «Бурабай толқындары», «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Сұлтанмахмұт туралы баллада», «Өз елім», «Ғашық едім, қайтейін» сияқты туындылары дүниеге келді. Бұл кезеңдегі ақын өлеңдерінде тұр, дыбыстық үндестік, ырғақ жағынан да жаңалықтар көрініс берді. Сондай-ақ Қасым лирикалық өлеңдермен қатар «Құпия қыз», «Бикеш» секілді алғашқы поэмаларын жазады.

Ақын 1941 жылы тағы әскер қатарына шақырылады. Осы кезде «Мазасыз музыка», «Қоштасу», «Бейсекештің бес ұлы» секілді өлеңдерін жазады. 1941–1943 жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым Аманжолов 1943 жылы батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін майданда болады. Сол кездерде «Орал», «Сарыарқа», «Байкал», «Өтіп бара жатырмын» өлеңдері дүниеге келеді. «Елге хат» (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), «Ұлы күтіс», «Үстімде сұр шинелім», «Подполковник Өлпинге», «Қапанға», «Сәбитке», «Ғалиға жауап», «Қызғалдақ», «Сен фашистің, мен қазақпын», «Дарига, сол қыз» сияқты өлеңдері мен әйгілі «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы соғыс тақырыбында жазылған.



## Қаламгер пікірі

Поэзия халықтың рухын көрсетеді. Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын көреміз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында. Қасымның мейлінше жалынды, лепті, күйлі, сыршыл поэзиясы – әр ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия. Қасым халықтың жанына үңіліп, оның шаттығына бірге шаттанады, мұңына бірге мұңаяды.

*Тәкен Әлімқұлов*

## Теория

**КӨРКЕМ ҚИЯЛ** – көркем ойлау ерекшелігі, суреткердің дүниеде, өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді, жай-жағдайларды қиял арқылы елестету қабілеті, бейнелеп көрсету тәсілі.

Көркем қиял шындық пен шарттылықтың бірлестік-тұтастығына негізделеді.

Көркемөнерде тақырып таңдау, оның тереңіне бойлау, өмір құбылыстарының ішкі қабаттарына барлау жасау, солардың әлеуметтік-эстетикалық мәнін ұғыну, сан алуан кейіпкерлердің бейнесін, жан дүниесін, жүріс-тұрысын суреттеу көркем қиялға байланысты. Сайып келгенде, «неғұрлым жазушы қиялға бай болса, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарма сөзі пікірлі, әсерлі болып шықпақ» (*Байтұрсынов А. Шығармалары. – А., 1989, 149-бет*).

Көркем қиял екі түрлі мағынада айтылатынын байқаймыз. Бірінші, кең мағынасында, қандай да болсын, өмірде кездесетін, кездесуі мүмкін құбылыстарды ойша елестетіп бейнелеп көрсету деген ұғымды білдіреді. Бұл тұрғыдан қарағанда, көркем әдебиеттегі адам бейнелері, өмір суреттері түгелдей ойдан шығару, шындық пен көркем қиялды ұштастыру арқылы жасалады. Екінші, тура мағынасында, тек ғажайып сипаты бар, болмыста дәл сол қалпында кездеспейтін қиялдан туған көркем бейне, көріністер ғана ажыратылып алынады. Мұндай таза көркем қиялдан туған бейнелер де қалайда белгілі, өмірде кездесетін нәрселердің нақтылы сипат-белгілерін негізге алып, соларды ойдан шығарылған бейнеге телу арқылы пішінделеді. Бұл орайда Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегіндегі қиял-ғажайып бейнелердің жасалу жолдарын айқындайтын мына пікірлерін еске алуға болады:

- «1. «Заттардың өздерін яки олардың бір мүшелерін зорайту, яки кішірейтумен (*бойы бір тұтам, төбесі көкке тиіп жүретін алып*).  
2. Өр заттың түрлі мүшелерін алып қосумен. Мысалы: *адам басты, ит кеуделі, жылан құйрықты бір жануар болады-мыс* деп қиялдау сықылды.  
3. Реті келгенде өздері де жиыла алатын көріністерді бір суретке жиюмен, түрлі адам мінездерін бір адамға жиюмен».

*Серік Негимов*

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

### **Оқу мақсаттары:**

- 11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну.  
11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.  
11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.  
11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



**Тірек сөздер:** лирика, өн-өлең, лирикалық қаһарман, лирикадағы ақын бейнесі.

### **Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ өлеңді толық оқып шығу;
- ✓ өлеңнің композициялық құрылымын талдау;
- ✓ өлең идеясы мен автор бейнесін байланыстыра саралау;
- ✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтауларды тауып талдау;
- ✓ автордың стиліне тән ерекшеліктер туралы ой-пікір білдіру.

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол Рақымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын,  
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,  
Көрінер көлеңкесі келбетімде.  
Қай жерде үзіледі қайран сапар,  
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,  
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ.  
Немесе бастармын ба екінші өмір,  
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап.

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,  
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.  
Арпалыс ала құйын заманалар  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,  
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.  
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,  
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,  
Қараймын елесіңе мен таңырқап.  
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Жүзінде көрі жердің өжімі көп,  
Ізімді табарсыңдар өзер іздеп.  
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды,  
«Досың да, туысың да біздерміз» деп.

Ризамын туғанымға адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарының мейманымыз,  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз – екі жұлдыз маңдайдағы,  
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.  
Япырм-ай, сен де бір күн сөнермісің,  
Қап-қара түнек болып маңдайдағы.



Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Барым да, бақытым да осы өлеңім,  
Жақыным, жүрегімнің досы – өлеңім.  
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,  
Мен қайтып, босқа жасап, босқа өлемін.

Гүрілдеп жалын атқан кеудем – көрік,  
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.  
Суарып шынықтырам күйге малып,  
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік.

Құя алман үгітілген балшық өлең,  
Көңілімде көл жасамаң тамшыменен.  
Серінің семсеріндей сертке таққан  
Өлеңнің өткірін бір алшы менен.

Ежелден ерке бұлан Қасым едім,  
 Бұлқына тасып едім, басып едім.  
 Жүзім – жаз, көңілім – көктем кеңпейілді,  
 Жақсының жүрегіне ғашық едім.

Сөзім – жыр, лебізім – күй, ерке едім,  
 Өз жерім, өз елімде еркеледім.  
 Өмірдің алтын сарай аспанына  
 Қиялым қақты қанат ерте менің.

Кең жайдым құлашымды дүниеге,  
 Білдім мен қайғыра да, сүйіне де.  
 Өйтеуір әрі-сәрі болғаным жоқ,  
 Ұқтым мен, көңілімнің күйі неде...

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,  
 Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.  
 Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,  
 Айырылсам ала көңіл он досымнан.

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,  
 Бақытын ойламаймын құр басымның.  
 Тымырсық түнек болсаң – дұшпаныңмын,  
 Ақкөңіл, адал болсаң – сырласыңмын.

Боламын ақын Қасым әлі де мен,  
 Өлеңін бөбегіндей әлдилеген.  
 Қанатын қағып жылдам келер жылдар,  
 Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен.

Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
 Қайран ел, туған жерден кетпес көшіп.  
 Торқадай жамылып ап топырағын,  
 Жатармын өз жерімде бір төмпешік.

Дариға, о, дариға, шіркін, дәурен,  
 Басымнан таярмысың бір күн дәурен.  
 Жалт беріп жоғалар ма нажағайдай,  
 Жүзінде шалқып тұрған күлкім, дәурен.

Тоқтамас өмірімнің сағатындай,  
Жүрегім енді қанша соғар тынбай.  
Тыншыр ма ақтық рет бір талпынып,  
Мерт болған балапанның қанатындай.

Түсірген ой сәулесін шартарапқа,  
Ақылдың алтын оты сөнген шақта.  
Бұл күнде саңқылдаған сұңқар үнім.  
Кетерсің судай сіңіп табиғатқа.

Сондықтан ап кел бері домбырамды,  
Кеудеме күй қанатты қондыр өнді.  
Берейін өмірімнен өлең жасап,  
Шашайын оңды-солды мол мұрамды.

Дүниеге келер өлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.  
Дауылдай өртке тиген өлеңімді  
Қасымның өзі емес деп кім айтасың!



**Жасық** – жігерсіз, ынжық.

**Сүрлеу-соқпақ** – мал, адам жүріп, әбден тапталған жалғыз аяқ жол.

*Ауыспалы мағынада:* бағыт, бағдар, өмірдің, тағдырдың қиын жолы.

**Көрік** – ұста дүкеніндегі былғарыдан немесе теріден жасалған үрлеуіш.

**Семсер** – болаттан жасалған екі жүзді өткір қару.

## ОЙТАЛҚЫ

1. Өлеңді түсініп оқып, қысқаша сипаттама жазыңдар.
2. Шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеясын, көтерген мәселесін анықтаңдар.
3. Туындыда басты тұлға кім деп ойлайсыңдар?
4. Өлеңнен байқалатын ақынның мақсаты туралы не айтар едің?
5. Ақын болашақты қалай болжайды және келер ұрпақтан не күтеді?
6. Шығармада ақын болашақ ұрпаққа не айтқысы келді деп ойлайсыңдар?
7. Лирикалық кейіпкерге қандай мінездеме беруге болады?

## ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Топқа бөлініп, өлең шумақтарындағы негізгі ойларды топтап жазып, мазмұнын ашыңдар.

№	Негізгі ойлар	Шумақтар
1	Өз тағдыры туралы ойлары	
2	Аға ұрпақ аманаты, келер ұрпақ парызы	
3	Адам тіршілігінің мәні, адамгершілік жайы	
4	Адамзат тіршілігіндегі жеке тұлғаның мән-мұраты, адамның болмыстағы орны	
5	Өткінші өмір, уақыт мәселесі	
6	Өшпес өнер табиғаты	
7	Ұрпақ пен дәстүр жалғастығы, ақынның келер ұрпаққа аманаты	

2. Өлеңдегі көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тауып, қызметін талдаңдар. Ақын стиліне баға беріңдер.
3. Абай Құнанбайұлының «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», А.С. Пушкиннің «Ескерткіш», Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңдерінің өзектестігі мен үндестігін топпен бірге салыстыра отырып, өз ғұмырында өзіне өлеңнен ескерткіш қойған ақындар туралы жоба жазыңдар.

Абай. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»	Пушкин. «Ескерткіш»	Қасым Аманжолов. «Өзім туралы»
Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес... Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.	Жоқ, өлмен, жаным жасар өлеңімде, Шірімей, жасаңғырар денем мүлде. Бар болса жалғыз ақын ай астында, Ардақтап қасиеттер мені әр күнде. (Аударған: <i>Фали Орманов</i> )	Барым да, бақытым да осы өлеңім, Жақыным, жүрегімнің досы – өлеңім. Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа, Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін.

4. Хрестоматиядан ақынның басқа да өлеңдерін жұптаса оқып, өздеріңе ұнаған өлеңге талдау жасаңдар. Талдауда өлең тақырыбы, идеясы, көркемдік ерекшелігі мен құрылымына назар аударыңдар.

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Жәнібек Кәрменовтің орындауындағы Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» әнін тыңдап, ойларыңмен бөлісіңдер.

- «Өзім туралы» деген әнді тыңдағанда қандай әсер алдың?
- Әнде қандай құнды ой айтылған?

2. «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,  
Қараймын елесіңе мен таңырқап.  
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап», –

деген үзіндінің бірінші тармағында айтылған ойға креативті ой қосып, «Біз неткен бақытты едік, бүгінгі ұрпақ» тақырыбында шығармашылық жұмыс жазыңдар.

### ОЙ ТҮЙІН

1. Қасым Аманжоловтың ән-өлеңдері туралы дереккөздерді пайдаланып, шағын зерттеу жүргізіңдер. Ән-өлеңдерін орындаушылар туралы деректік мәлімет жинаңдар.
2. Өлеңді тыңдап, көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан баға беріңдер. Уақыт – 15 минут.
3. «Өзім туралы» өлеңінің тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

**Кері байланыс.** «Көп нұсқалы жауап талап ететін сұрақтар».

Тақырып неліктен қиын болды?	Тақырыптан не білдің?	Тақырыптан сенің күткенің расталды ма?	Сен бүгінгі тақырыптан не алдың?	Тақырып ненің төңірегінде ойлануға мәжбүр етті?



## СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙ

Жазушы, драматург, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Смағұл Елубай 1947 жылы 9 наурызда Түрікменстанда Шаржоу облысында дүниеге келген. 1961 жылы Қазақстанға қоныс аударған. Алматыдағы №12 мектепте оқыған. 1971 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. 1975 жылы Мәскеудегі сценаристер дайындайтын жоғарғы курсты тамамдаған.



Жазушы өзінің бір сұхбаттарында «Ақ боз үй» романының жазылу тарихы туралы: «Университеттің 1-курсында оқып жүргенімде мен «Қашқын ауыл» деген романды жоспарладым. Бұл «Ақ боз үйдің» алғашқы эскизі болатын. Кейіпкерлері кім, тарихы қалай? Бірақ әлі жазушы болып үлгермеген студентке ондай ауыр тақырыпты көтеру мүмкін емес еді. Сондықтан оны доғарып қойдық, пісіп-жетілгенде жазармыз дедік», – дейді. С. Елубай өзінің «Ақ боз үй» романында қазақ халқының басына түскен қасіретті жылдардың реалистік көріністерін береді.

Жазушының «Ойсылқара», «Саттар соқпағы», «Білте шамның жарығы», «Жарық дүние» хикаялар жинағы және «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» романдары бар. «Қызыл отау», «Өтелмеген парыз», «Ай астындағы үй», «Сұрапыл Сүржекей», «Батыр Баян», «Кек» көркемсуретті фильмдер сценарийінің авторы.

«Ақ боз үй», «Мінәжат» романдары ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін жылдарын қамтыса, трилогияның үшінші кітабы – «Жалған дүние» романы (2001) «тоқырау заманы» дейтін кезеңге арналған. «Құрмет» орденімен марапатталған.

«Жалған дүние» романы – Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясының үшінші кітабы. Трилогияға кеңестік кезеңдегі қазақ халқының жазылмаған шындығы, айтылмаған тарихы арқау болған. «Ақ боз үй» романына өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық зардаптары, «Мінәжат» романына қуғын-сүргін оқиғалары өзек болса, «Жалған дүние» 80-жылдардағы рухани тоқырау дәуірінен сыр шертеді. Роман-

трилогияның басынан соңына дейін жүретін кейіпкер Хансұлудың өмір жолы арқылы барлық оқиға баяндалады. «Ақ боз үй» мен «Мінәжат» романдарында реалистік суреттер басым болса, «Жалған дүние» романында автор экзистенциалистік бейнелер арқылы өмірдің мәнін түсіндіреді.

### Теория

**ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ** (лат. *eksistentia* – өмір сүру) – ХХ ғасырдың бас кезінде пайда болған және болмысты субъект пен объектінің тікелей бөлінбес тұтастығы ретінде түсіндіруге тырысқан қазіргі заманғы философиядағы бағыт. Адам өмірінің мәні, оның тұлғалық болмысы жайлы.

Әдебиетте экзистенциализм кейіпкердің өзіндік «менін» тануы, өмір мен өлімнің мәні, адамгершілік, еркіндік, сұлулық, әділдік, ақиқат, асқақтық, адамның дүниеге келудегі мақсаты сияқты мәселелерді қарастырады. Кейіпкерлер арасындағы негізгі тартыс өзге біреудің басты кейіпкердің бостандығына қол сұққанынан болады. Автор бейнесі экзистенциалистік суреттеуде үнемі кейіпкерімен біртұтас болып көрінеді. Негізгі мәселе өз жан дүниесіндегі қорқынышты жеңуімен байланысты қарастырылады.

### Қаламгер пікірі

Сөз арқауы – «Ақ боз үй».

Менің ғана емес, жалпы сөз танып, ой сараптап, үлкен әдебиеттің қырсырына бойлап, жүрекжарды бағасын әділ, адал айтар кез келген оқырман үшін бұл туындының жолы, жөні бөлек деп ойлаймын. Өйткені, аталмыш роман – ұлттық прозамыздағы шоқтығы биік, шыңдары тәу алыстан көз тартатын ақбас таулардай менмұндалап тұратын ерекше дүние. Суреткер көкірегін тербеткен ақ боз үй түтінінің ақбоз ғалам төрінде әркез түзу ұшатынына сенеміз.

Өйткені ...

Смағұлдың ақ боз үйі – Алаштың ақ боз ғаламы...

*Нұрлан Оразалин*

## ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

(романнан үзінді)

### Оқу мақсаттары:

- 11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну.
- 11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.
- 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.
- 11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану.
- 11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.
- 11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.
- 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас өлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.



**Тірек сөздер:** роман-трилогия, экзистенциализм, трилогия, реалистік суреттер, адам жанының тоқырауы.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндіні толық оқып шығу;
- ✓ шығармада көтерілген мәселелерді ел тарихындағы оқиғалармен байланыстыру;
- ✓ жинақтау мен даралау арқылы жасалған кейіпкер бейнелерін талдау;
- ✓ автор қолданған тұрақты оралымдарды шығармашылық жұмыстарда пайдалану;
- ✓ үзіндіде бейнеленетін уақыт пен кеңістікті анықтау.

## 1

Терезеден ішке құйылып тұрған Ай сәулесі ысырыла келе, ұйқысыз жатқан Хансұлудың бетіне де түсті. Хансұлу жүзін ашық терезеден сығалаған Айға бұрды. Жарықтық, Ай. Бір өзгерсеңші... сол баяғы қалпы. Осындай айлы түндерде Сарыбайдың құмында ауыл балалары шуылдасып ақсүйек ойнаушы еді-ау. Айлы түні ауаны тіліп, ысқырып барып алысқа түсетін ақсүйекті іздеп, балалар дуылдап кеп жүгіретін. Солардың ішінде тұлымшағы желбіреп, жалаңаяқ Хансұлу да бара жататын. Беу, дүние-ай! Шын бақытты күндері екен-ау! Соны кезінде неге ұқпаған?! Ұқса ғой, есеюге, ересек болуға асықпас еді-ау! Балалық шағында

қашан бойым өседі, қашан үлкен қыздарша жиын-тойларда сылаң қағып жүремін деп асықты. Алайда Хансұлу қылтиып қыз бола бастасымен қыр тірлігі қымырандай іріді. Көкесі тәрізді билер, аяқты балпаң-балпаң басқан байлар Хансұлудың көз алдында бордай тозып, қоңыз теріп кетті.

1932 жылдың жазғытұры өлі көз алдында. Қарақалпақтың түстік тұсы. Өнеки, құм арасында томпып-томпып, жетімсіреп қалып бара жатқан киіз үйлер. Бү күнді Хансұлу өлсе ұмытпас. Бір тілім нан үшін, өз үйі – өлең төсегін құм арасында тастап, сонау Өмудария жағасындағы Қоңырат деген қалаға қарай шұбырғанын, сірә, екі дүниеде ұмыта қоймас. Қызыл қия құм арасында иесіз қалып бара жатқан үлкен ақ боз үйіне қарап, шешесі екеуі қыр үстінде көз жасын сығып тұрды-ау. Ертесіне жаяу-жалпы шұбырған жұртқа ере алмай, сырқаттанып, жолда бұйрат басында әкесі мен шешесі қалды. Соның бәрі өлі күнге көз алдында сайрап тұр. Өнеки, көкесі құм басында ұзынынан түсіп жатыр. Оның басын сүйеп, жанында шешесі отыр, шошайып. Бұлар – Дәу апа екеуі осы Едіге мен Түгелханның бірін жетелеп, бірін арқалап, арттарына қарай-қарай жалтақтап, көз жастарын тыя алмай, ұзап барады. Кетпеске, лаж жоқ. Әкесі «Сіздер жүре беріңіздер! Біз сондарыңыздан жетерміз» деп бұйырған еді. Бірақ тағдыр бұларға енді қайтып кездесуге жазбапты. Ең болмаса, бір-бірлерінің өлі не тірі екенін де білуге жазбапты... О, жалған-ай!!!

Хансұлу қалқып басын көтерді. Түннің бір уағы болса да, көзінде ұйқы жоқ. Үй іші тымырсық, тар қапас тәрізденді. Өкпесі қысылатындай. Сыртқа, кең дүниеге шыққысы келді. Айлы түн астында кең дүниені көріп жатқысы келді.

– Апа! – деді кенет оянып кеткен Үміт. – Не болды?

Ойы сайрап тұрса да, Хансұлу сөйлей алмады. Тек иегімен сыртты нұсқап ишара етті. Үміт:

– Қазір... – деп елп етті. Бұны түзге шыққысы келді деп ұқса керек. Хансұлу ымдап, төсекті сыртқа салу керек екенін түсіндірді. Ауладағы жалғыз тақтаға Едіге мен Түгелханға төсек салынған болатын.

Үміт аулаға матрас жазып, аздасын шешесі екеуі сыртқа жатты.


Өлгінде қапас бөлмеде тұншыққандай болған Хансұлудың тынысы сыртқа шыққаннан кейін кеңейіп сала берді. «Уh!» деп, көкірек кере ауа жұтты. Жұлдызды, айлы түнгі аспан келбетіне шола бір қарап еді, тойымсыз жанарына тұңғиық ғалам түгел сыйып кетті. Аспанды қақ жарып, белдеулей шаңытып Құс жолы жатыр. Бү несі, өмірінде істемеген қылығын істеп, көз ілмей түн аспанына қарап жатқаны несі?! Және күнде көріп жүрген түн өлемінің осы сәт Хансұлудың көзінде ерекше сұлуланып, ерекше жұмбақ тұңғиық сыр ашқаны несі? Аспанның сол

тұрысы тұрыс қой, өзгерістің сыры өзінде болар. Тұла бойы қауырсындай жеңілдеп, көңілі оқыс өрекіп, әлдеқайда талпып ұшады. Астапыралла! Хансұлу ұзақ ғұмырында кезікпеген бір соны сезімді сезінумен жатыр. Өзінің дені сау болса игі! Әйтпесе, мына түн ортасы бейуақта дені сау адам шырт ұйқыда жатпас па?! Ұйқы құшағында жатыр емес пе, мінеки, ауыл біткен! Тырс еткен көлденең дыбыс жоқ. Оқта-текте ауыл шетінде сұңқ ете қалар ит үні де естілмейді. Ұйыған сүттей қою, қоймалжың тыныштық. Жым-жырт тыныштық. Жаны қыдырып, жалғыз ғана байыз таба алмай Хансұлу жатыр. Ұзақ сапарға шығар алдында дегбірі қашқан жолаушыдай. Түнгі аспанмен бетпе-бет қазір жалпақ дүниеде жападан-жалғыз қалғандай... Бірақ бүгінгі түні ұйқысыз Ай баққан жан жалғыз Хансұлу емес еді...

Бүгінгі түні Ай астында көз ілмей отырған Хансұлудан да басқа бір жан бар еді...

Ол Маусымжан еді. Едігенің Құдай қосқан қосағы. Алматыдағы бесінші қабаттағы өз үйінің балконында отырып, осынау жасы елуді алқымдап қалған, ашаң жүзді, аққұбаша әйел Едігемен өткен ширек ғасырлық ғұмырын ой елегінен өткізеді.

Өмір туралы Маусымжан бұрын да ойлайтын. Бірақ бүгінгі ойланысы бөлектеу.



Маусымжан, жасыратыны жоқ, өзін бұл өмірге тек бақ-береке үшін келген жан деп есептейтін. Олай ойлауына негіз де жоқ емес. Маусымжан қаршадайынан жоқшылық көрмей, ағыл-тегіл молшылықтың ортасында өсті. Республика шығысында біресе кеңшар, біресе аудан басқарып, өмір бойы аттан түспеген әке арқасында Маусымжанның миына, сірә, «мына тіршілікте таршылық болады-ау» деген ой кіріп те шықпады. Өзі қалаған жігітіне бас қосса, одан кейінгі өмірде сол бұрынғы қалпымен мұңсыз-қамсыз, сән-салтанатымен аға беретін сияқты көрінген. «Ең бастысы – махаббат» деп білетін Маусымжан. Ол оқыған әдебиет, көрген кино, дәріс алған мектеп қай-қайсысы болмасын, Маусымжанның осы көзқарасын растайтын да, нақтылайтын да отыратын. Бірақ өмір Маусымжан күткендей болмай шықты...

Рас, жар таңдауға келгенде Маусымжанның қолын қаққан ешкім болған жоқ. Ауданды билеп тұрған арыстандай әкесінің өзі Маусымжан тұлдыр жетім Едігені жетектеп үйге алып келгенде, «Бұның не?» деп беттен қақпады. Тек «Бақытты бол!» деді. Бірақ той өтер-өтпестен Едігеден көңілі қалды әкесінің. Той өткесін көп ұзамай, әкесі Едігені оңаша шығарып алып, ауыл шетінде сөйлескен еді. Әкесі университетті кеше бітіріп, республикалық бір газетте жұмысқа енді орналасқан Едігеге екі өтінішін айтады. Бірінші өтініші – Едіге желкесіне таман түсіңкіреген шашын дереу қысқартуы керек.

– ...Ел-жұрттан ұят. Мына шашыңды реттесең қайтеді?! – дейді. Қайын атасының бұл өтінішіне Едіге үн қатпайды. Сыпайылық сақтайды. Екінші өтініші – Едігенің мамандығына қатысты болады.

– Екінші өтінішім – Жоғары партия мектебіне түссең! Мына қызметіңді тастасаң! – дейді әкесі қабақ шытып, үйреншікті билеп-төстеп сөйлейтін әдетіне басып.

– Неге? – дейді, Едіге үркіп кетіп.

– Ертеңді ойлау керек!.. Тіршілікті ойлау керек, тілшілікті емес.

– Рақмет! – дейді бұндайды күтпеген Едіге, бұ жолы дауысы жарықшақтанып.

Қайын ата ажырайып, Едігеге қарайды:

– ...Бұны қалай түсіндік?

– Ұсынысыңызға рақмет! – дейді Едіге.

Содан кейін-ақ, қайын ата мен күйеу бала әңгімесі жараспай-ақ қояды. Орман шетінде екеуі біршама үнсіз жүреді. О кезде жасы алпысты алқымдап қалған әкесі Едігеден оның болашақ жоспары туралы да сыр тартады. Едіге алдағы жылы тұңғыш әңгімелер жинағының шығатынын, одан кейін де бірдемелер жазуды жоспарлап жүргенін айтады.

– Дұрыс екен... – дейді қайын ата біраз үнсіз қалып. – Жарайды, мамандығыңды өзгертпесең, өзгертпей-ақ қой. Бірақ онда... партия қатарына өруді тездет! Редакторыңа құлаққағыс етейін!..

– Жо-оқ, рақмет!!! – деп ыршып түседі Едіге. – Рақмет...

Ақ басты қайын ата бұ жолы беті шалбарланып, іркіліп, «мінез көрсете бастаған» күйеу бала бетіне тіп-тіке шақшиып қарайды. Өзі өз болып, «Айтан Таңжарықович» атанып, ат жалын тартып мінгелі бері бетін бүйтіп ешкім қағып көрмеп еді.

Бүкіл ауданды бір шыбықпен айдап отырған «біріншінің» сөзін аяқасты еткеніне Едігенің өзі де кәдімгідей абыржып қалады. Бірақ сырт көзге ол «қасарысып қалған» болып көрінеді. Арада тағы үнсіздік орнайды. Қайын ата біраз үнсіздіктен кейін:

– ...Сонда саған... партбилеттің керегі жоқ па? – дейді, дауысы мүлдем өзгеріп, біртүрлі бәсеңси қалып, түнгі көкжиекке қабағы шытыла қарап тұрып.

Едіге күрсінеді, бірақ жауап қатпайды. Қайын ата сонда ғана, әлденені ұққандай болып:

– ...Ымм... – деп ыңылдап бір нәрсеге көзі жеткендей болып, бас шұлғи береді.

Едігенің болашағы туралы әңгіме осымен бітеді. Қайын ата бұдан былай Едігенің жұмысы, болашағы туралы әңгіме қозғамайтын болады.

Әкесі сол түні-ақ, шешесіне «Мынау – болмайтын бала» дегенді айтады. Той өтер-өтпестен, күйеу бала мен қайын ата арасына жарықшақ түскеніне қайғырған байғұс анасы бұл әңгімені қинала отырып, күрсіне отырып Маусымжанға жеткізді. Оны есіткен Маусымжан ауылдан Алматыға көңілсіз қайтқан еді. Пойыз үстінде Едігенің өзі-ақ қайын атасымен болған әңгімені Маусымжанға түп-түгел мөлдіретіп айтып берді. Табиғатында біртоға Едіге шабыты келгенде әңгімешіл болып кететін. Сол қасиеті ғой о баста Маусымжанның басын айналдырып жіберген... Едігемен алғаш кездесіп жүргенде осы Маусымжан бір нәрсеге таңғалатын. Жас жігіттің өмірде көрмегені жоқ тағдыр талайына таңғалатын. Сөзіне жас бойжеткеннің елтуі де Едігеге қанат бітіретін тәрізді еді.

Едіге өмірге келмей жатып, әкесі мен шешесі – Бұлыш мерген мен Балқия сұлу тағдыр тәлкегіне ұшырайды. Қылышын сүйретіп қырға келген Кеңес өкіметі Едігенің әке-шешесін «банды» деп, «баспашы» деп қудалай бастайды. Қудалағанда да тура жапан түзде киік қуғандай өкшелеп ізіне түседі. Бірақ «қызыл жағалылар» қанша құнтыып қуғанымен, Бұлыш пен Балқия қолға түспейді. Бұлыш мерген Атырау, Арал арасындағы ел ішінде аты аңызға айналған аңшы екен. Едігенің

әжесі Дәу апа да осал жан болмапты. Қапсағай ұзын, ермінезді Бұлыштың шешесін жұрт пошымына қарап, «Дәу апа» дейді екен. Әжесінің шын атын тіптен Едігенің өзі де білмейді. Едіге үш жасқа толғанда әкесі баспашылардың қолынан қаза тауып, шешесі бұл қазаны көтере алмай, жынданып кетеді. Бұлардың ауылы Қарақалпақстанның құмында көшіп-қонып жүріп, 32-жылдың аштығына ұшырайды. Қырылғандары қырылып, қалғаны Жем бойындағы елге оралады. Сонда елге оралғандардың ішінде Едіге мен әжесі де болады. Бірақ сұм тағдыр бұған жанашырдан қалған жалғыз әжесін де қимайды. 1937 жылы НКВД әжесін «Кеңес өкіметіне тіл тигіздің» деп, апарып абақтыға жабады. Бұл қорлыққа шыдай алмаған қайсар мінезді Дәу апа абақтыда дәм сызбай, бір апта жатып, көз жұмады. Өстіп, Едіге жасы 8-ден аса бере, не әкешесі жоқ, не қамқор әже жоқ бір шаңырақта шошайып жалғыз қалады.

Маусымжан бұндай өмір жолы шырғалаң жанды кітап, киноларда кездестірмесе, өмірде кездестіре қоямын деп ойламап еді. Сондықтан Едігенің өмір тарихына құлақ түрген сайын Маусымжан өзін бір роман кейіпкерімен қатар жүргендей сезінді. Маусымжанның көзінде Едігенің осындай романтикалық бейнесі сомдала түсті. Едігеде зерде десе, зерде, алдына қойған мақсат десе, мақсат бар. Қаламгер ретінде Едігенің арманы – 30-жылдардағы қазақ басына түскен зобалаң-ашаршылық жылдар туралы көлемді шығарма жазу. Бірақ Едігенің бұл жолында күндіз-түні қалғымай, қылышын қынаптан суырып цензура тұрды. Едіге қырыққа шейін ұсақ-түйек шығармалар жазып жүрді де, қырықтан аса, өзіне арман болған өлгі кітапқа кірісті. Одан бұрын ол өз ауылының отызыншы жылдары кәмпескеден қашып, Жем бойынан үдере көшіп, сонау Қарақалпаққа шұбырып, Үстірт асқан жолымен жүріп өтті. Осы жылдар дүрбелеңін көзбен көрген көнекөз қариялармен жолықты. Сондай сапардан келген сайын Едіге үйге өзінше бір жаңалық аша келетін. Отызыншы жылдар ашаршылығы туралы «Ол ашаршылық, оқулықтар жазғандай «кездейсоқ қуаңшылықтан» немесе «жергілікті белсенділер жіберген кейбір қателіктерден» емес, түп-тура сол кездегі Кремльден бастап Қазақстанға дейін партия жүргізген саясаттан болған дегенді айта бастады. Оның бұл сөзінен Маусымжанның төбе шашы тік тұрды. Зәре-иманы ұшты. Мына сөзі КГБ құлағына жетсе не болды? Өз жолын өзі кеспей ме Едіге?! Маусымжан «антисоветшіктің әйелі» атанып, партиядан да, институтпен де қоштаспай ма?!

Өстіп, қорқып-үркумен 3–4 жыл өтті. Алматының батыс тұсындағы бір сайға киіз үй тігіп алып, Едіге содан ойға алған кітабын жазуға отырды. «Кедейлік құрығынан... қашан құтыламыз!» деп Маусымжан қыңқылдай бастаса, Едіге «Сәл шыда!» дейді шырығып.



– Қашанғы шыдаймыз!!! – дейді, бұл шытынап.

– Сәл... Сәл шыда!!! – дейді Едіге. Дауысы нығыз шығып. Өз бастаған ісіне деген сенімі берік жанның үні. «Үмітсіз – шайтан» деген. Қайтеді, шыдады Маусымжан. Бірақ бұл шыдағанмен, өмір шыдап тұра ма?! Соның алғашқы соққысы шекелеріне өткен жылы тиді. Бұлардың жоспары бойынша Едігенің үш жыл жазып аяқтаған кітабы өткен жылы баспадан шығып, Бағдагүлдің тойы мен жасауының шығынын көтеруге тиіс еді. Соған бейімдеп той болатын күнді құдалармен келісіп те қойған. Кенет, күтпеген жерден Едігенің кітабы тақырыптық жоспардан шығып қалды. Жандары мұрын ұшына тақалды. Осындай қаржыдан қысылғанда, салып ұрып, жетіп барып, ақша ала қоятын Маусымжанның әкесі де жоқ бұ кезде. Өліп кеткен. Едігенің қазір бір чехпен қосылып жазып жүрген сценарийінен түскен алғашқы қаламақысын есептеп кеп жіберсе, алдағы тойдың шығынына өрең-өрең жетеді екен. Өй, бүрді-ау кеп Едігені. «Қалай тапсаң, олай тап, мына қызыңның тойына, жасауына, құдалардың китіне жететін ақша тап!!!» деп. Едіге үндемеді. Алматыны аралап, таныс-жуықтардан жырымдап жүріп, 2 мың сом жинады. Бұл өткен жылдың оқиғасы ғой. Содан бері, мінеки, жыл өтті. Қарызды қайтаратын мезгіл жетті. Осы арада үйге Бағдагүл қайтып келді. Қызының қайтып келгенін шетелде жүрген Едіге естімеген еді. Қызының жағдайын Едіге үйге келгесін естіді. Пақыр қатты қиналды. Тіпті көз жасын сүртіп те алды. Жол сапардан жаңа келген Едігені үйде тосып тұрған жаңалықтың сорақысы жалғыз ол емес болатын. Едігенің өткен жылдан қалған «Отыз екінші жылы» биылғы жылдың жоспарынан тағы да түсіп қалды. Жұрттан алған қарызды осы кітап қаламақысынан қайтарамыз деп жүрген. Қарыз берген жұрт Едігені іздеп, үйге телефон шалып, мазалай бастады. Масқара-ай! Масқара! Жер ортасы жасқа келгенде ел-жұрт, жора-жолдас алдында бүйтіп масқара болармыз деп кім ойлаған?!



**Тұлымшақ** – өруге келмейтін әдейі қалдырылған шаш, тұлым.  
**Қымыран** – түйе сүтінен жасалған тағам әрі шипалы сусын; шұбат.  
**Құс жолы** – шоқжұлдыз, аспандары ұзыннан-ұзақ созылып жатқан ақшыл жолақ.

## ОЙТАЛҚЫ

1. «Жалған дүние» романының үзіндісін оқыңдар.
2. Роман неліктен «Жалған дүние» деп аталған?

3. Романға қай кезеңдегі қандай оқиғалар арқау болған?
4. Роман кейіпкерлері кімдер?
5. Айлы түнде неліктен Хансұлу балалық шағын еске алады?
6. Жазушы кейіпкердің өткенге шолуы арқылы ашаршылықты қалай суреттеген?
7. Маусымжан да неліктен айлы түнде Едігемен өткен ширек ғасырлық ғұмырын ой елегінен өткізеді?
8. Бас кейіпкер Едіге бойыннан автордың «мені» қалай байқалады?

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндінің мазмұны бойынша топпен бірге «Хикая картасын» жасаңдар.
2. Үзіндідегі авторлық, лирикалық шегіністерді анықтап, олардың шығармадағы ролі туралы пайымдауларыңды жазыңдар.
3. Романның негізгі кейіпкерлеріне романда көрінетін іс-әрекеттеріне сүйене отырып, «Портреттік мінездеме кестесін» толтырыңдар. Жинақтау мен даралау арқылы жасалған өмір шындығын анықтаңдар.

Салыстыру аймағы	Үндестік	Ерекшелік	Қорытынды пікір
Хансұлу			
Едіге			
Маусымжан			
Айтан			

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. «Тырс еткен көлденең дыбыс жоқ. Оқта-текте ауыл шетінде сұңқ ете қалар ит үні де естілмейді. Ұйыған сүттей қою, қоймалжың тыныштық. Жымжырт тыныштық...» деген үзіндідегі пейзаждың автор психологиясы мен қаһарманның жан дүниесін, ішкі өмірін бейнелеудегі қызметі туралы пайымдауларыңды жазыңдар.
2. «Автор адам тағдыры арқылы ғалам сырына, адамзат тағдырына көз тігіп, терең философиялық ой түйеді» деген ойды дамытып жазыңдар.

### ОЙ ТҮЙІН

«Жалған дүние» романындағы жазушының портрет пен пейзаж жасаудағы шеберлігі туралы сыни хабарлама жазыңдар.

Кері байланыс. «Борт журналы».

Тақырыптың түйінді ұғымдары	Тақырып бойынша маңызды сұрақтар

### Тарихыңды зерделей біл

1930–1932 жылдары Қазақстан халқының саны 6,2 миллион болса, соның 2,1 миллионы аштықтан қырылды. 1 миллион 700 мың адам Қазақстаннан тыс аймақтарға көшіп кетті. 1930 жылдары болған аштықты «геноцид» деп атады.

## ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

(жалғасы)

### Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану.

11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.

11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



**Тірек сөздер:** Едіге мен Маусымжан, қыз ұзату, отбасы мәселесі, түсінісу.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндінің сюжетіне мән бере отырып оқу;
- ✓ композициялық құрылымын талдау;
- ✓ үзіндіде көтерілген ғаламдық мәселені тауып, мағынасын ашу;
- ✓ кейіпкерлеріне мінездеме беру;
- ✓ үзіндідегі уақыт пен кеңістікті анықтау.

Бұл жаңалықты, яғни кітабының тағы да жоспардан түсіп қалғанын естігенде, Едігенің түсі сүп-сүр болып, не істерін білмей аласұрып кетті. Сонымен, жолдан келген күні Едіге таңды «аһілеп-уһілеп» атырып, ертесінен бастап «жар құлағы жастыққа тимей» баспа, комитет, ЦК арасында үш күн бойы шапқылады. Үш күннің соңғы күні, яғни шешуші күні соңғы инстанция ЦК-да болуға тиіс еді. Со күні Маусымжан кештетіп, институттан асығып үйге жетсе, Едіге диван үстінде шалқасынан түсіп, әлдебір нүктеге қадала қарап, сұлық жатыр. Маусымжан ерінің түрінен көз айырмай, залдың есігінде үнсіз біраз тұрды. Едіге Маусымжан жаққа қарамады. Маусымжан тіс жармай, өз бөлмесіне бұрылды. Тас төбесінен түскен бір найзағай бүкіл іші-бауырын жарып өртеп өтіп, табанынан шыққандай болды. Өз бөлмесіне аяғының буыны әлсіреп әрең жетті. Сылқ түсіп, кереуетке отыра кетті. Қарыз! 2 мың сом! 2 мың! Не істемек енді?

Кереует үстінде бүк түсіп, басқа ұрған балықтай есеңгіреп отырды. Қарыз ғана емес, ол кітап шықса, Маусымжан үйге шетелдік жиһаз, хрусталь ыдыс-аяқ, кілем алам ба деген арманы да күл-талқан болды. «Жиһаз, ыдыс-аяқ» дегенде, Маусымжанның есіне Aidаның үйі түседі. Aidаның үйіндегі жиһаз, ыдыс-аяқ Маусымжанның маңдайына бұл өмірде бітпейтін шығар! Бітпейтін шығар. Ондай байлық бұл үйге біту үшін, мына Едіге басқа адам болып тууы керек. Бұны қарай көр, Едігені айтады, бір жері жылтылдап жүріп, о тоба, байлық, билік дегендерді менсінбейді. «Байлық», «билік» дегендерге мұрын шүйіре қарайды. О, тоба! Бұндай да адам болады екен! Бұған осы төрт қабырға тұрса болды! Басқа еш нәрсенің керегі жоқ. «Неге керек?» дейді. «Ол шоқпыт, сол тас-табақ. Оның аты тоғышарлық, дүниеқоңыздық!» дейді.

Жастау кезінде өзі дәулетті үйде өскен Маусымжанға Едігенің «байлық», «мансапқорлық», «тоғышарлық» дегеннің бәрін ит жемге апарып тастайтын философиясы бұған қызық, ерекше көрінетін. Құлағына тосын естілетін. Ол философия «мансап», «дүниеқоңыздық» дегендерді мансұқ еткен, жоғары идеалдарды төбесіне көтерген, өршіл жас ұрпақ үніндей естілетін. Жаңа заман лебіндей есетін. Маусымжан о кезде сондай тоғышарлар тобырынан оқшау тұрған, дүниеге соны, өз көзқарасы бар ұрпақ өкілінің қолтығында келе жатқанына мәз болатын. Кедей жігіт, жетім жігіт, бірақ заманының жаңашыл тұлғасы, қаламгер Едігемен қол ұстасып, қиындықпен күресіп өмір кешу, өзінше бір ғанибет шығар деп сенетін. Өзінің «тоғышарлар» тобында жоқтығына іштей шүкіршілік етер еді. Бірақ есейе келе, Маусымжанның көзқарасы өзгере берді. Бұрын

өнер адамымен өмір сүрудің өзі бір романтика шығар деп келсе, ендігі жерде сол сенімінің күлі көкке ұша бастады. Күндіз-түні шұқынып, ақ қағазды шимайлағаннан басқа, Едігенің қолынан түк келмейтін, бейшара жан екендігіне көзі жетті. Айналасына қараса, бұлардан басқа жұрттың бәрі тырбанып жүріп, өз үй жағдайын, бала-шағасының жағдайын дөңгелентіп жасап алыпты. Бірі – бастық, бірі – балпаң, бірі – бай. Кей-біреулері ыңыранып сенімен әрең сөйлеседі. Демек, өмір кімнің «дұрыс», кімнің «бұрыс» екенін дәлелдеп, соған лайықты әркімге өз бағасын бергендей. Ал өнерден басқа ештеңені мойындамайтын Едігенің де кім екенін өмір көрсеткендей. Яғни «ешкім емес» екенін дәлелдегендей. «Қырық адамның бір жақ, қыңыр адамның бір жақ» екенін дәлелдегендей. Рас, Едіге – қыңыр адам. Осы тұла бойғы тұңғышы Бағдагүлді мектепке беретін жылы екеуінің бір мықтап сілкісіп алғаны бар. «Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты» демекші, «Бағдагүлді қазақ мектебіне берем» деп қасарысқаны Едігенің. Қалжыңы ма десе, жоқ, шыны. «Әй, есің дұрыс па?» деді бұл. «Осы Алматыда бір қазақ бар ма, баласын қазақ мектебіне берген! Болса, айтшы!» Жазық маңдай, шикіл сары, қоңыр көз Едіге, бұған қарсы дәлел айта алмай бір бозарып, бір қызарды. «Болмаса, ондай қазақ біз боламыз!» деді, ақыры, қисықтығын тағы дәлелдеп. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деген дәл сенсің!» деді, Маусымжан көзін шұқып. Өзі мектепті орысша бітірген солтүстіктің қызы емес пе?! Орыс мектебінің пайдасына шешілетін деректерді екі тілде бірдей көсілтті. Едігенің аузын аштырмады, алды-артын орап алып. Күйеуінің бір беткей, сыңар езу мінезін Маусымжан осыған шейін кешіріп келген ғой, бірақ бұ жолы мәселе бала тағдырына тірелгенде кешіре алмады.

Едіге айтқан патриоттық уәжге пысқырып та қарамады. «Не десең о де, мен қызымды қор қыла алмаймын!» деді Маусымжан, тас-талқаны шығып. «Адам деген алдымен ана тілін білуі керек қой!» деді, Едіге жан дауысы шығып. «Ау, оған кім қарсы, қазақшаңды үйде отыр да, үйрете бер!» деді, бұл. Едігені ақыры жеңді. Бірақ Қамбарды мектепке беретін кезде, Маусымжанның күші күйеуіне жетпеді. Едіге ұлын өзі жетелеп апарып, қазақ класына отырғызды.

– Егер... қазақ мектебіне қазақ жазушысы өз баласын бермесе, онда бұ қазақтың шаруасы біткен шығар! – деді Едіге.

– Қойшы! – деді Маусымжан. – Сен-ақ осы қара аспанды жерге төндіреді де отырады екенсің. Бүкіл жұрт ақымақ па, сонда? Сенен де ақылды жұрт, сенен де атақты жұрт бар емес пе? Солардың қайсысы балаларын қазақша оқытып жатыр? Сенікі не осы, «бүйректен сирақ шығарып!». Қазір қалаңда да, далаңда да бүкіл жұрт баласын орыс

мектебінде оқытады. Одан олардың еш нәрсесі кеміген жоқ. Тіл де құрыған жоқ, ел де құрыған жоқ!

Балаларын мектепке берер тұста, осындай айтыс болған бұл үйде.

Бұрынырақ Маусымжан осы Едігенің «байлық», «мансапқорлық», «тоғышарлық» дегендеріне жаны қас болып, бар зейінін кітапқа, қағаз-қаламға қоюын оның озғандығы шығар деп ойлап келсе, бүгіндері көзі бір нәрсеге жетті. Едігенің жаңашыл жан емес, нағыз ескішіл, кертартпа жан екендігіне көзі жетті. Өйтпесе, ол бүкіл еңбекші халық көсемі Лениннің халық үшін қан кешіп жүріп құрған Коммунистік партиясына тіл тигізер ме еді? Партиядан басқа тиісетін бұ дүниеде еш нәрсе қалмағандай. «Коммунистік партия 30-жылдары қазаққа зорлық-зомбылық жасады» дейді. Жарайды, партия тарапынан кейбір асырасілтеушіліктер болған шығар. Бірақ Едіге дәлелдегісі келгендей «Кеңес өкіметі түгел бір халыққа қиянат жасады» дегенге кім сенер?! Маусымжан өлсе сенбес ондай сандыраққа. Жо-жоқ! Керісінше, қазақты қазақ қылған, қой соңында жүрген қараңғы елді, небары 10–20 жыл ішінде түгел сауатты елге айналдырған кім? Білсең, Коммунистік партия! Білсең, Кеңес өкіметі, Едіге жолдас! Едіге, сен неге, Кеңес өкіметі мен Компартияның халық үшін жасаған қыруар еңбегін көргің келмейді? «Көрмес түйені де көрмес» дегендей... Егер Кеңес өкіметі болмаса, тұлдыр жетім Едіге сенің өзің кім болар едің?! Жоғары білім алып, жазушы бола алар ма едің? Қолыңа қалам ұстар ма едің? Жоқ, таяғыңды ғана құшақтап қала берер едің! Дұрыс емес, Едіге бұның сенің! Дұрыс емес, көпке, партияға, заман ағымына топырақ шашқаның! Дұрыс емес, өзіңді адам еткен Кеңес өкіметіне тіл тигізуің! Оны қаралайтын деректерді жинап-теріп кітап жазғаның! Шын әділетшіл адам болсаң, өйтпес едің! Талай кітабың, киноң шықты. Соның бәрі біле-білсең кімнің арқасы? Кеңес өкіметінің арқасы! Просто сен қыңыр адамсың! Өмір сүре білмейтін қыңырсың! Егер сен өмір сүре білетін жан болсаң, кинодағы бастығың «Үлкен кісі туралы сценарий жаз!» дегенде тартынар ма едің! Жармаса кетпес пе едің! Өзге жұрт Үлкен кісінің жолында өлуге даяр жүргенде, осы сенікі не шалқақ?! Бас иіп келген бақытты басқа тептің сен! Есі дұрыс жанның ісі ме осы? Осы қыңыр мінезіңмен жалғыз өзіңнің ғана емес, мына біздің, өз бала-шағаңның бағын байладың! Енді, бар өміріміз жалтақтаумен, жоқшылықпен, қарызданумен өтер, енді...

Маусымжан өз бөлмесінде осындай ойға шомып қанша отырғанын білмейді, бір кезде басын көтерсе, сыртта қараңғы түсіпті. Орнынан тұрды. Ауырып қалған белін жазды. Содан кейін Едіге жатқан залдың табалдырығын аттады. Едіге сол жоғары қарап самсоз жатқан күйі әлі қозғалмаған екен.

– Ие!.. – деді бұл. Диванда шалқасынан түсіп, созылып жатқан Едіге селк етті. Басын көтеріп, түзеліп отырды. Бірақ Маусымжанның бетіне қарамады. Несіне қарайды. Қарауға бет жоқ болса. Ақша таппаған еркек еркек пе? Үйде қызы мен ұлы жоқта Едігені жақсылап бір сілкіп алуға оқталды Маусымжан.

– Ие, не болды? – деді, не болғанын іші сезіп тұрса да.

– ...Болары болды... – деді Едіге, сол күйі Маусымжанға жүзін бұрмастан. Бұл, шикіл сары Едігенің осы сәттегі әнтек бозарған бетіне, кең маңдайына, ірі қоңқақ мұрнына, желкесіне жетіп шоғырланған қоңыр бұйра шашына тыжырына қарады. Дәл осы сәтте, Жер бетінде Едігеден сорлы, Едігеден дәрменсіз, Едігеден қырсыз еркек жоқ еді. Осындай жанды әкеліп, бұның маңдайына жазып қойған бұ Құдайдың шеберін қайтерсің?!

– Жұрт қарызын сұрай бастады...

– Білемін... – деді Едіге.

Маусымжан оны сұғымен атып жіберердей, аз-кем үнсіз шақшырайып тұрды да:

– ...Білерсің... атаңның басын! – деді.

Едіге үндемеді. Бетіне лып етіп қаны ойнап шыққандай болды да, іле қайта сұрланды. Күйеуінің кең маңдайы жіпсіп, бусанып кеткенін Маусымжан байқап тұр.

Қатты қиналғанда Едігенің өстіп, тілден айырылып, түйіліп қалатын әдеті. Өзі онсыз да соққы жеп келіп отырған адамды одан бетер қажамайын деді Маусымжан. Арындап келген ашуын өзер ірікті. Сабыр сақтап, сабасына түсті.

Ақырын ғана:

– Баяғыда әкем марқұм сені көрген бетте-ақ, «Бұл адам болмайды» дегенде, көңіліме алып едім... Жасы үлкен кісі неге ұшқары сөйлейді екен деп. ...Сөйтсем, байғұс әкем... бір нәрсені біліп айтқан екен ғой... – деді көкірегі қарс айырыла күрсініп.

Едіге үндемеді. Аздасын орнынан сүйретіле тұрып, балконға беттеді. Сөйткенше, телефон шыр етті. Түгелхан екен. Телефон арқылы Едігеге қысқаша ғана бір жаңалық айтты. Едіге шошып:

– Қой! Не айтып тұрсың?! – деді түршіккен үнмен. Сол арада байланыс үзіліп кетсе керек, Едіге телефон құлақшасын қолында ұстап, абыржып сәл-кем тұрды да, қайтадан орнына қойды. Қабағы шытылып, бас шайқап, балконға беттеді.

Маусымжан оның жанына бармады. «Түгелхан не айтты?» деп сұрамады. Жұрттың жаңалығын қайтеді, өз жаңалықтары өздеріне жетіп жатқанда.

Ай астында отырған Маусымжан бүгін сол күні болған әңгімені тәптіштеп, осылайша ой елегінен өткізді. Сол жүз шайысудан кейін, ерлі-зайыпты екеуінің әңгімелері жараспай-ақ қойды. Таңертең ерте тұрады да, Маусымжан институтына тартады. Едіге де кетеді бір жаққа. Ошақ басында болған жоғарыдағы әңгімеден кейін Едіге көп ұзамай, қызыл «Жигулиіне» отырды да, ауылға тартып берген.



**ЦК** – басшылық орган. Орыс тіліндегі «Центральный комитет» деген сөздің қысқартылып аталуы.

**Мансапқорлық** – жоғары қызметке ұмтылушылық, билікке тұруға қызығушылық.

**Ленин** – Ленин Владимир Ильич, Кеңестер өкіметін құрған, коммунистік большевиктер партиясының басшысы, негізгі тегі – Ульянов.

**Коммунистік партия** – Кеңес өкіметінің басқарушы партиясы.

### ОЙТАЛҚЫ

1. Едіге қоғамнан қандай қысым көрді?
2. Едіге мен Маусымжанның арасындағы отбасылық қарым-қатынас тартысы неден басталды?
3. Маусымжанның ішкі ойына қарап, Едігені жаңашыл жан емес, нағыз ескішіл, кертартпа жан деп бағалауға бола ма? Пікірлеріңді дәлелдендер.

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Топқа бөлініп, «Кейіпке ену» әдісі бойынша жұмыс жасаңдар.
  - 1) «Кейіпкер кестесін» толтырыңдар.

Шығармадағы кейіпкер	Кейіпкердің өміріндегі құндылықтар

- 2) Шығармадағы негізгі құндылықты көрсететін кейіпкерді таңдаңдар және кейіпкер арқылы осы құндылықты баяндайтын қысқаша қойылым дайындаңдар.
2. Үзіндідегі өздеріңе ерекше әсер еткен эпизод бойынша «Үш жақты күнделік» толтырыңдар.

Ерекше әсер еткен эпизод	Түйіні	Үзіндіге сай келетін мақал-мәтел



**ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ**

1. Екі топқа бөлініп, «Кубизм» әдісімен үзіндідегі уақыт пен кеңістік көрінісін талдаңдар. Талқылауға берілетін шығарма нысандары: *сюжеттің бір кезеңі, уақыт, оқиға, мекен, тақырып, идея*.
2. Едіге мен Маусымжанның өмірлік ұстанымдары туралы өз ойларыңды «Төрт сөйлем» әдісімен білдіріңдер.
  1. *Пікір*. Екі кейіпкердің өмірлік ұстанымдары туралы бір ой жаз.
  2. *Дәлел*. Үзіндіден бір мысал келтір.
  3. *Мысал*. Ойыңды өмірмен байланыстыр.
  4. *Қорытынды*. Ойыңды бір сөйлеммен қорытындыла.

**ОЙ ТҮЙІН**

1. «Жалған дүние» романына арқау болған адам өмірінің мәні мен мақсатын, адам баласына қажетті рухани құндылықтар туралы өзекті де ауқымды мәселелерді ғаламдық тақырыптармен салыстырыңдар.
2. Туындының тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

**Кері байланыс.** «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы игерген білімге жеке пікір білдіріңдер.

Бүгін қандай сұрақтарға көңіл аудардыңдар?	Игерген тақырыптың негізгі түсініктемелері

**ЖАЛҒАН ДҮНИЕ***(жалғасы)***Оқу мақсаттары:**

- 11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.
- 11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.
- 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.
- 11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*эссе, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма*) жазу.
- 11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



**Тірек сөздер:** елес бейне, Хансұлудың ойы, өмір кезеңдері.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін:**

- ✓ автор бейнесін көрсететін негізгі ойды анықтау;
- ✓ көркемдегіш құралдарды ерекше қолдану арқылы автор стилін саралау;
- ✓ уақыт пен кеңістікті оқиға желісі бойынша анықтау.

### 3

Төсек тартып әл үстінде жатқан Хансұлудың дүниені шарлап сарсылған санасы түн ортасы ауа бере, шалдығып, сансырап, саябыр тапқандай болды. Сабылған ойы өстіп шаршаған төрізденгенімен, сезім-түйсігі әлі сергек жатыр. Жібек орамалдай үлбіреген түн лебін сезеді. Таң алды суырылған қоңырсалқын еспеге төс керген шөл өлкесінің ұйқылы-ою маужырауын сезеді. Көз алдында далиған айлы-жұлдызды түпсіз тұңғық көк аспан көгі. Соны көріп жатыр. Өзінің әлі жарық дүниеде жатқанын сезеді.



Хансұлу, кенет, жанына келіп сүмендеп отыра берген бір шалдың елесін байқады. Тарғыл бет, басында жапырайған қарасұр тақиясы бар, иығына көнетоз шапан ілген, төртбақ, көкшіл көзді шал. Ждақай. Ждақайдың неге келгенін іші сезе қойды. Тағы да кешірім сұрау ниеті. О, жөдігөй! Шегенің басын жұтқан көззап. Сібірге Шегені бір емес, бірнеше рет айдатқан көззап осы. Хансұлудың өмірін дозақ еткен жөдігөй. Баяғыда 43-жылдың күзінде осы Ждақай соғысқа аттанғанда, Хансұлу бұл көззапқа сол қаптаған жау оғы да дарымас деп топшылап еді. Ойлағаны келді. «Жаңа жолдан» соғысқа аттанған ер-азаматтардың ішінде ауылға жеті мүшесі сау оралған жалғыз осы Ждақай болды. НКВД-ға домалақ қағаздарды боратып, талайдың басын допша домалатқан бұл кісәпірге, сөйтіп, немістің оғы да дарымады. Бірақ Ждақай соғыстан өзгеріп оралды. Басына тақия, үстіне шапан киіп, қолына Құран ұстап, мүләйімсіген молда кейіпке түсіп келді. Молда атаулыны кешегі отызыншы жылдары өз қолымен отаған Ждақайдың бұл тақуалығына жұрт сенсе де, Хансұлу сенбеді. Хансұлуды көрсе, Ждақайдың құты қашатын. Именшектеп не істерін білмей, өзінен-өзі абдырайтын. Бұл тақуа Ждақай, баяғы жылдары басқа шауып, төске өрлеген, белсенді Ждақайдың көлеңкесі іспетті еді. Елуінші жылдардың ортасында «Жаңа жолды» тастап, Хансұлу осы Жетісуға көшкелі жатқанда ойламаған жерден сап етіп, осы Ждақай жетіп келді. Есік ашылып, шоқша сақал, шапанының өңірін қаусыра қымтаған Ждақай үн-түнсіз, сүметіліп, табалдырықтан аттай берді. Бұл үйдің табалдырығын Ждақай аттар деп күтпеген Хансұлу оның бұл келісінен жаман тіксінді. О, ұқсамасаң тумағыр! Хансұлу дәл осы сәт есік алдында Ждақайды емес, Ждақайдың әкесі – баяғы Жорға Күреңді көріп тұрғандай болды. Шақырылмаған қонақ бүгежектеп келіп, төрге домалаң етіп отыра кетті. Төмен қарап тұқшиып, шоқша сақалын тұтамдап, біраз үнсіз қалды. Содан кейін:

– ...Хансұлу! – деді, жүзін көтермеген күйі. – ...Сенің алдында кінәм Қаптың тауындай... Енді қайтып... бұл фәниде көрісе аламыз ба... жоқ па... Кешіре алсаң... кеш! – деді.

Хансұлу не айтарын білмей, біразға шейін ашуға тығылып, тырсыып отырды да:

– Ждақай! – деді сазарып, қаздыып қалған қалпы. – Мен кештім не, кешпедім не, болар іс болған соң... Жауабыңды енді... Алланың алдында берерсің! Бөріміздің де барар жеріміз... сол ғой!..

Осыны айтып, Хансұлу қаздыып отыра берді. Орнынан тұрып, қонақ алдына дастарқан жайып, қызмет жасамады. Өңгіме осымен біткен еді. «Халық жауының әйелі» Хансұлу, сөйтіп, атажұртты артқа тастап, сонау жер арқасы қияндағы Жетісуға жалғыз үй көшті де кетті. Одан бері де,

мінеки, жүйткіп 30 жыл өтіпті. Бірақ Хансұлу өткен күндердің елесінен әлі де құтыла алмай келеді. «Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде» жатқан Хансұлудың жанына Ждақайдың елесі сүметіліп тағы келді, мінеки. Жерге қарап, шоқша сақалын тұтамдай береді. Тіс жарып ештеме демейді. Айтпаса да, неге келіп отырғаны түсінікті. Кешірім сұрайды. Істеген зұлымдығы үшін енді Құдай бетін көруге қорқады. Бұл ұзынды-қысқалы өмірінде Хансұлу талайды кешірген. Бірақ... Ждақай сенің... кішкентайдан құлын-тайдай тебісіп қатар өскен Шеге мен Хансұлуға жасағаныңды кешіре алмас! Екі дүниеде кешіре алмас! Аулақ! Аулақ! Өзәзіл!

Елес ғайып болды. Содан Хансұлудың тынысы кеңейіп сала берді.

Бірақ тұла бойын басып, жаншып жатқан бір зіл батпан бар. Енді қайтып жаздырмас бір шойын шеңгел бар. Бұрын-соңды қанша ауырса да, бүкіл денесін жер суыра тартып көрмеп еді. Аяқ, қолы өзінікі емес, бір ауыр кеспелтекке айналған. Басы да қозғалар емес, қорғасын құйып қойғандай. Бар бойында жандыдан тірі қалған тек, сансыраған санасы ғана, қалжыраған жүрегі ғана тәрізді. Иә, тағы да жылтырап жатқан жанары еді. Кең дүние келбетіне қарауын қояр емес. Шығыс етегі қылаңыта бастаған таңғы аспанды шарлауын тыяр емес назары. Көкті тесіп, әр тұстан сирек жұлдыздар сығыраяды. Өңі солғын тарта бастаған Ай төбеден әлдеқашан ауып кеткен. Бір кезде байқаса, көзі жұмылып барады екен. Өң мен түстің арасындағыдай бір баянсыз күйді бастан кешіп жатқанда, жанына жақындап Шеге келді. Үстінде үшінші рет ұсталарда болған ескі күпісі, шыбықтай аурушаң Шеге. Қабағында кірбің. Жалаңаяқ. Тек құр сұлдері. Жүзін көтермей ілбіп келеді. «Ойпыр-ай, тірі екен ғой!» деп, жүрегі лүпілдеп қоя берді Хансұлудың. Шеге неге қуанбайды? Үйіне осынша жылдан кейін оралып тұрғанда, неге жүзін көтермейді? «Шеге!» деді Хансұлу ерні күбірлеп. Дыбысы шықпады. Астапыралла! Шегенің теріс айналып кеткені не болғаны? Бұның шақырғанына келмегені несі?! Өңі ме, түсі ме осы көріп тұрғаны? Хансұлу дал болды ештеңе ұға алмай...

Ауладан шығып, Ай астына қарай жылжып кете берген әлгі сұлба ақырындап көзден ғайып болды.

Таң қараңғысын жамылып, Ай астына қарай алыстай берген ол жұмбақ сұлба Едіге болатын. Тақта үстіне салынған кең төсектің астынан су шыққандай дөңбекшіп-дөңбекшіп ұйықтай алмай, ақыры таң алдында киініп тұрып кеткен еді. Жанындағы Түгелхан әлдеқашан ұйықтап қалған. Жатардың алдында Едіге ұйықтататын дәрі ішті. Бір емес, ерегісіп екі түйірін ішті. Жобалауынша әрі кетсе, 15 минуттың ішінде тырапай асуға тиіс еді. Бірақ олай болмады. Санасын сары масадай талап сапырылысқан ойдан сонда да құтыла алмады. Іші иттей

ұлып, көз іле алмай түн ауғанша жатты да, ақыры, түрегеп кетті. Көз алдынан сол бір көрініс кетер емес. ЦК-ға барғаны, қалың бет Хатшы даладай кең үстеліне қос білегін төсеп, иегін көтеріп, қазық жұтқандай қаздиып отырды. Салтанатты мәжілістердің төрінде Хатшының өстіп, қаздиып отырғанын талай көргені бар-ды. Шаршы топтың алдында Республиканың идеологиялық сарбазы өзін-өзі осылай ұстауы керек шығар деп ойлайтын, партияның оң көзі болғандықтан да... оң көз қалғымауға тиіс қой. Партия қырағылығын көрсету үшін әдейі істейтін шығар деп ойлайтын. Сөйтсе, «Қалың бет» өз кабинетінде де дәл сол күйі отырады екен. Алдындағы Едігеге емес, сонау маңдайшадан көз алмай ойланады. Өлден уақытта:

– Балқаш комбинатының тарихы туралы бір фильмге госзаказ бар. Сіздердің бастықтарыңызға тапсырылды... – деді.

Едігенің есіне түсті. Рас, бастығы Едігеге негізгі кейіпкері Үлкен кісі болуға тиіс Балқаш комбинатының тарихы туралы сценарий жазуды ұсынған еді.

– Ие. Айтқан... – деді Едіге, Хатшының әңгіме тақырыбын өзгертіп жібергенінен секем алып. Хатшы бұ тұста толық денесімен бұған қарай бұрылғандай болды.

– Ендеше сол... кезек күттірмейтін тақырып! Сценарийді тездету керек, – деді бұ жолы Хатшы Едігеге кішкентай түйме көзін қадап. Сұғы тікенектей өткір екен.

– ...Тездету керек! – деді тағы да жұмсақ қоңыр үнмен. Едіге тамағын кенеп қозғалақтай берген. Хатшы:

– Түсініп отырмын. Кітабыңыздың жайы ғой!.. – деді.

Едіге болмашы бас изеді.

Хатшы тіктеліп отырып, тағы да маңдайшаға қарап қаздиды. Осы бір үнсіздік... жылдай созылған тоңторыс... Едігенің үмітін біржола үзіп тынды. Маңдайы жіпсіп сала берді.

– ...Қолжазбаңыз туралы... естігем... Ол бір... Халық басына түскен қасіретті жылдар ғой... Оны айтар мезгіл... емес қой!.. – деді, әрбір сөзі ернінен әрең үзіліп. Маңдайшаға қадалған Хатшы қасын керіп, тағы үнсіз қалды. Әңгіме осымен біткен еді.

– Рақмет! – деп Едіге серпіліп орнынан тұра берді.

Хатшы бұған жалпақ алақанын ұсынды.

Едігенің күн-түн қатып, 4–5 жыл жүріп жазған кітабының тағдыры осылай бірер минутта біржолата шешілді.

Бұл кітабының тағдыры шамамен осылай болатын шығар деп жобалайтын өзі де. Бірақ кітап цензурадан өтіп кетер деген үміті де жоқ емес-ті. Сол үшін, яғни сауысқандай сақ редакторларды шатастыру

үшін, кітапта біраз түлкібұлтақтар жасаған. Тіптен цензорлар мен редакторлардың құлағына майдай жағатын Ленин есімін де бір кейіпкерінің аузына салып, марапаттап қойған. Ленинге малданған редакторлар мен цензорлар кітаптың қалған кінәсін кешер деп ойлаған. Ондай «башна-башқа» бармаса, ашаршылық туралы кітаптың бүгінде еш жерден өтпейтіні белгілі еді. Оны білмейтіндей Едіге бала емес. Бірақ кітапты оқыған редакторлар Едіге күткендей аңқау болмай шықты.

Жұмсақ ұйыған таң қараңғысын жамылып, баяу аяңдап, ауылдан шығып барады Едіге. Болмашы қылаңыта бастаған шығыс аспан етегінде семсердей сүйірленіп, қарауытқан бұлт көрінеді. Мөлдір тұз ауасы, аспан астын жайлаған жайбарақат тыныштық қазір адам жанын әлдилеп, риясыз рақатқа бөлесе керек еді. Бірақ Едіге жаны тыншым таба алар емес. Бір үлкен майданда, бүкіл ғұмырын бәйгеге тіккен әдебиеттегі күрес майданында тағдыр бұны оңдырмай омақастырып, шалқасынан түсірді. Қайдан қателескенін білмейді. Қолдан келмейтін шоқпарды беліне қыстырған бұның қателігі ме, әлде бұның қолындағы шоқпарды қағып түсірген партияның қателігі ме? Білмейді. «Отыз екінші жылдың оқыған азын-аулақ қаламдастары» кітапты түгелдей саяси қателіктен тұратынын да айтқан. Бетіне басып-басып айтқан. «Бекер шаршап қайтесің, бұдан да басқа тақырып толып жатыр емес пе?» деп, мүсіркеп кеңес берген. Едіге кезінде айтылған сондай ақыл-кеңестерді алмады. 4–5 жыл өмірін сарп етіп, ойға алған шығармасын жазып шықты. Енді бүгін сол жанашыр қаламдастарының айтқаны келді. «Шаршайсың!» дегендері расқа шықты. Жұрттың көзінде, әсіресе әйелінің көзінде бұл бір бас пайдасын білмейтін, құрғақ қиял қуып, өзін де, өзгені де босқа әурелеп жүрген әпенді көрінді. Жай әпенді емес, қашан маңдайы тасқа тигенше ақылы кірмейтін тоңмойын әпенді көрінді. «Маңдайың ақыры тасқа тиді ме, бәлем! Саған керегі де сол» деушілер де аз болмас. Соның бірі – өз әйелі. Жұрт сияқты қопыратып ақша тауып, алдымен отбасының жағдайын жасап алмай тұрып, шықпайтын кітапқа 4–5 жыл жұмсағанына күйінеді әйелі.

Күйінбегенде қайтсін, қуансын ба, Құдай қосқан қосағының бар үміт артқан еңбегінің еш болғанына. Өмір шындығы Едігенің «қырық кісі ақылын тыңдамаған қыңыр кісі» екенін дәлелдеді. Сонымен, «қырық кісі» жеңді. Қыңыр кісі жеңілді. Едіге жеңілді. Аяқасты болды. Езілді. Тапталды. Тапталғаны сол, Едіге енді жақын болашақта жазушы ретінде ес жиып, еңсе көтере алмақ емес. Қайта қалам ұстай алмақ емес. Ол анық. Осыны ойлағанда қараптан-қарап тұрып тынысы бітеледі. Жағаға шығып қалған балықтай аласұрады. Аузымен ауа қармайды. Қазір де солай болды. Бусанып маңдайынан тері шықты.

Жүзін көтеріп, алға көз жіберіп еді... тік жар төрізді ұйып, тұтасып тұрған қараңғыдан өзге түк көре алмады.

...Хансұлу таң алдында талықсып жатып ұйықтап кетті. Түс көрді. Түсінде студент болған Бөпенайын көрді. Түн екен дейді. Қала екен дейді. Той ма, ойын-сауық па, әйтеуір, қаланың қарақұрым халық жиналған бір алаңында салтанат өтіп жатыр. Шуылдасып ойын-сауық құрып жатқан өңшең қылқандай жастар. Арасында Бөпенай жүр. Өрімтал қыз-бозбала қол ұстаса жүгіріп, дөңгелене билейді. Хансұлудың жүрегі жарылардай қуанды. «О, Жасаған! Қызының қатарға қосылғанын көретін де күн бар екен ғой! Жаным-ай! Күнім-ай! Құлыным-ай! Енді өліп кетсем де, арманым жоқ!».

Ет-бауыры езіліп кетті Хансұлудың. Көзден аққан бақыт жасы омырауын жуды. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмады. Алаңда ойын-сауық құрып жатқан жастар салтанатының, кенет, табан астында тас-талқаны шықты. Солдат па, мелиса ма, әйтеуір, бір қара шоғыр қарулы топ, әлгі жастар құрамын бықпырт тигендей қылды. Шетінен ұстап жатыр. Қолдарын қайырып жатыр. Сүйрелеп әлдеқайда әкетіп жатыр. Осы ойдан жаны мұрын ұшына бір-ақ тақалды Хансұлудың. Көз алдында өнеки солдаттар қашқан жастарды қым-қиғаш қуалап жүр. Хансұлу Бөпенайын ойлап иманы тас төбесінен шықты. «Ойбай!», «Ойбай!» деп сарнады. Жаны қыдырып бебеулеп кетті. Сөйтсе, Бөпенай аласапыран жұрттың арасында аңырып, жан-жағына жалтақтап қарап тұр. Үстінде ақ көйлегі. Осы биыл мектеп бітірерде киген ақ көйлегі. Жай тұрған жоқ, екі езуі екі құлағында, мез болып тұр. «О, сорлы болған аңқау балам-ай! Ойбай, қашсайшы!» Жан ұшырып ұмтылды Хансұлу, өз аяғына өзі сүрініп мұрттай ұшты.

– Ойбай, қаш! – деп айғайлады. Дауысы да шықпады тұншығып. Көз алдында, сөйткенше, екі мелиса қызының екі қолтығынан шап беріп ұстап алып, дырылдатып сүйрей жөнелді. Бөпенай сонда ғана бұлқынды. Қызының:

– Әже!!! – деп шырқыраған үні шыққанда Хансұлу:

– Ай! Ай-и!!! – деп жанпәре ышқына ұмтылды. Бірақ Хансұлудың үні шықпай, болмашы ғана қорқырады. Екі қолын ербеңдетіп алға созған қалпы, төсегінен жартылай шығып барып «дүрс» етіп етпетінен түсті. Сол-ақ екен, көз алды лап етіп аппақ жалын шашты. Не болып, не қойғанын түсіне алмады. Жаны балдай шырын ләззат күйін татқандай болды. Ащы ішектей шұбатылған қараңғы қуысқа зымырап түсіп алып, өзінің бір шоқ сәулеге айналып ағып бара жатқанын байқады. Ін-үңгірдің арғы тұсында теңгедей жарқырап дөңгеленген шығар ауыз көрінеді. Солай қарай сынапша сырғып құйыла зымғайды. Бірақ қараңғы қуыс

таусылар емес. Бір кезде жарық ауыздан зымғап шыққан пәруана жаны далиған жайқын аспанға көтерілді.

Ауру-сырқат, қайғы-қасірет мүжіп, кеміріп, әбден ит жыртқан терідей тозығы жеткен байғұс денесі, әнеки төменде, кішкентай үй ауласында қанатын жайып, жер құшып жатыр.

Шыбын жаны шымшықша құлдырап, азат кеңістікті бойлай ұшып, әуелеп барады. Жер бетінің бұйығы таң қараңғысын артқа салған шыбын жан, қырмызы шапақ керелеген таңғажайып нұр мұхитын шарлап кезеді.

Бұрын-соңды болмаған бір мамыра-жай ләззат күй кешеді. Рас, бұндай жеңілдікті, бұндай жан толған шаттықты Хансұлу Хансұлу болғалы Жер бетінде бастан кешкен емес. Адам жанының бұншалықты тазарып, бұншалықты фәни дүние тауқыметінен ада болып, қиялдай құйқылжып, ғалам кезіп кетерін білмеп еді. «Бү неткен құдірет!» деп таңғалу Хансұлуда жоқ. Осылай болуы керек тәрізді. Адам жанының өстіп сұңғыла сұлу сезімге бөленіп, мәңгі тыншым табуы табиғи да заңды құбылыс тәрізді.



**НКВД** – «Народный комиссариат внутренних дел» деген орыс тіліндегі анықтаманың қысқартылып алынуы. Халықты бақылаушы орган.

**Фәни дүние** – өткінші, жалған мағынасында қолданылып, бұл дүниенің мәңгі еместігін анықтайтын ұғым.

### ОЙТАЛҚЫ

1. Хансұлу өмірінің соңғы күндерінде түсінде кімді көрді?
2. Хансұлудың жанына елес болып келген Ждақай кім? Қандай бейне?
3. Неліктен Едігенің көз алдынан ЦК-ға барғандағы және қалың бет Хатшымен даладай кең кабинетте кездескендегі көрініс кетер емес?
4. Едіге мен Хатшы арасында өңгіме қалай өрбіді?
5. Хатшы бейнесі арқылы жазушы өмірде кездесетін қандай адамдарды бейнелеген деп ойлайсыңдар?
6. Едігенің күн-түн қатып, 4–5 жыл жүріп жазған кітабының тағдыры не болды?

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндідегі Ждақай бейнесін топпен бірге талдаңдар.

Кейіпкер портретіне сипаттама	Кейіпкердің іс-әрекетіне 1 дәлел	Кейіпкер образына 2 сөйлем



- «...Қолжазбаңыз туралы... естігем... Ол бір... Халық басына түскен қасіретті жылдар ғой... Оны айтар мезгіл... емес қой!.. – деді, әрбір сөзі ернінен әрең үзіліп. Маңдайшаға қадалған Хатшы қасын керіп, тағы үнсіз қалды» деген үзіндіден көрінетін автор бейнесіне қатысты ойларыңды бүгінгі күнмен байланыстырып жазыңдар.
- Үзіндіні тыңдап, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметіне талдау жасаңдар. Уақыт – 10 минут.

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Хансұлудың көрген түсі қандай тарихи оқиғадан хабар беріп тұр деп ойлайсыңдар?

Хансұлудың көрген түсі	Тарихи оқиға
...Алаңда ойын-сауық құрып жатқан жастар салтанатының, кенет, табан астында тас-талқаны шықты. Солдат па, мелиса ма, әйтеуір, бір қара шоғыр қарулы топ, әлгі жастар құрамын бықырт тигендей қылды. Шетінен ұстап жатыр. Қолдарын қайырып жатыр. Сүйрелеп әлдеқайда әкетіп жатыр...	

- Үзіндідегі ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс жазыңдар.

### ОЙ ТҮЙІН

- Романның тарихи және көркемдік құндылығы неде деп ойлайсыңдар?
- Романда көтерілген мәселенің қазіргі замандағы өзектілігіне баға беріңдер.

Тарихи құндылығы	
Көркемдік құндылығы	
Көтерілген мәселенің қазіргі замандағы өзектілігі	

**Кері байланыс.** «Жинақтау парақшасының индексі» (Екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар парақтар таратылады).

**1-беті:** бүгінгі тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шық.

**2-беті:** бүгінгі тақырыптан нені түсінбегеніңді анықта.

## ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

(жалғасы)

### Оқу мақсаттары:

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*эссе, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма*) жазу.

11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас өлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.



**Тірек сөздер:** Едігенің ойы, ауыл тынысы, Хансұлу туралы ой.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ романның тарихилығын білдіретін сюжеттерді айту;
- ✓ көркемдік құндылығын анықтау;
- ✓ идеясы мен көтерген тақырыбын саралау;
- ✓ сыни бағалау үшін жаңашылдығын анықтау.

## 4

Төңіректі аққұйрық сәуле кезе бастағанда ауыл шетінде әлі ұйқысыз жүрген Едіге баяу басып, үйге қайтып келе жатты. Ауыл әлі шырт ұйқыда. Маңайды қою тыныштық басып тұр. Дыбыс атаулыдан қора тұстан сиырдың ыңырсығаны ғана естіледі. Өзге дыбыс жоқ. Қоңыр төбе тірлік кешіп жатқан ауылдың осы бір қаннен-қаперсіз мамыра-жай қалпына қызығады Едіге. Миын масадай талаған ойдан аулақ мезгілінде ұйықтайтын жан шынында бақытты-ау. Егер де кезінде оқу қуып қалаға кетпегенде, бұ кезде Едіге де осы ауылдың бір бұрышында, шүпірлеген бала-шағасының ортасында жатар ма еді, кім білсін?! Жазушы Едігемен салыстырғанда, әрине, тракторист Едігенің бақыттырақ болары анық. Күні бойы маңдайы терлеп жер жыртқан тракторист Едіге кешке таман шаршап-шалдығып, «өз үйі – өлең төсегіне» жетпес пе?! Шүпірлеген бала-шағасының ортасында отырып, маңдайы жіпсіп шай ішіп, опырып ас жемес пе?! Дүние тауқыметін ойлап шаршаудың оған не қажеті бар? Тек, төсекке басы тиді болды, «қорр» ете түспес пе?!

Аула есігіне жеткенде, кенет, үрпиіп тоқтай қалды. Назары төсегінен жартылай шығып, алаша үстінде етпетінен түсіп жатқан Хансұлуға

түсті. Тіксініп, шапшаң басып аулаға кірді. Хансұлудың жанына жетіп, тізерлей қалып, қолын ұстап көрді. Салқын тартып қалыпты. Шіміркеніп кетті. Тақта үстіндегі Түгелханға көзі түсті де, дереу соны барып иықтан сілікті. Түгелхан ыңырсыды, бірақ оянбады.

– Түгелхан! – деді Едіге ақырын. Түгелхан ыңырсып, теріс аударылып жаты.

Үміт оянды. Алаша үстінде етпетінен түсіп жатқан шешесін көріп жан дауысы шығып кетті.

– Апа! Апа! – деп тұра ұмтылды шешесіне қарай. Едіге оның жолын кес-кестеп:

– ...Үміт! – деді. – Сәл... Сәл сабыр ет!.. Алдымен орнына жатқыжайық! Кел, көтер!

Едіге марқұм Хансұлуды оң қолтығынан ұстады. Көз жасы сорғалаған Үміт шешесінің екінші қолтығына жармасты. Марқұмның қол буындары сіресіңкіреп қалған екен. Төсегіне жатқызғаннан кейін қолдарын жазып, бетін ақ шүберекпен бүркеді. Содан кейін ішкі бөлменің еденін жалаңаштап, Хансұлудың денесін ақ кебінге орап, екеулеп жүріп сонда апарып қойды...

Осының бәріне үнсіз көз тастап, шеткеріректе Едіге мен Түгелхан отыр. Түгелханның беті қалқып іскен. Көзі қызарған. Аздап жылап алса керек.

– Марқұм иманды екен... – деді Едіге Хансұлудың қиналмай көз жұмғанын еске алып. Түгелхан бас изеген болды.

Үй түбінде қатар отырған бұларға келіп, қол беріп амандасып, көңіл айтушы ауыл кісілерінің қатары жиілей бастады.

Осының бәріне үнсіз қарап отырған сияқтанғанмен, Едігенің ойы өзге бір толқында еді. «Жұрт ұйықтап жатқан кезде, тып-тыныш жүріп кеткен Хансұлу неткен иманды жан еді!!!» – дейді іші. «Тек, бір ғана нәрсе, Хансұлудың төсегінен шығып, ұмтылып барып құлағаны несі екен?». Сол ғана жұмбақ. Бетіне ақ шүберек жабар алдында марқұмның сарғыш тартқан жүзіне назар іріккен еді. Хансұлу қабағын шытып, көз жұмған екен. Қабағын шытып, не нәрсеге ренжіді екен? Бұ пәнидегі соңғы демін жұтар алдында неге налыды екен Хансұлудай ғазиз жан? Бірақ неге ренжіді деуге бола ма?.. Бар тірегі, азамат болған жалғыз ұлының түрі мынау болса! Оның арғы жағында «халық жауының әйелі» атанып, өмір бойы көрген азабы тағы бар. Едігенің көз алдынан кезінде жалпақ елге «кербез келіншек» деген аты шыққан, қазір ішкі үйде ақ кебін оранып жатқан Хансұлудың қым-қиғаш өмір жолы жүйткіп өтті. Отызыншы жылдар басында «бай» делініп, әкесі қуғын-сүргінге ұшыраса, одан кейінгі жылдары Құдай қосқан қосағы

Шеге «халық жауы» атанып, қудаланудан көз ашпады. Соғыс тұсында тірі жесір Хансұлудың мойнында Шегенің кәрі шешесі мен шиедтей жас балалары қалды. Соларды аш-жалаңаш қылмаймын деп, Хансұлу қолына ақ таяқ алып, қысы-жазы қой соңында салпақтады. Шолақ белсенді Ждақай Шегенің басын түрмеге тығып тастап, енді оның панасыз қалған жас жары Хансұлуға қол салғысы келді. «Жаңа жол» ауылын «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстаған Ждақайға Едіге ол жылдары қыз-келіншектерге хат таситын почтальон болғаны бар. Сол қызметін жөнді атқармағаны үшін емес пе, Ждақайдан өлімші болып таяқ жегені. 14-ке енді ғана толған бала Едігенің түйемен сонау қияндағы Қарақалпаққа қашуы да содан басталды емес пе?! Бү жарық дүниеде сондай сұрқия заманның табанында иленіп, дозағында қақталған жанның бірі Хансұлу болса, ол байғұс неге бұл ит тірліктен оп-оңай құтылғанына шүкіршілік етпеуге тиіс? Марқұмның өмір бойы шырыл қаққан шыбын жаны жай тапса, о дүниеде енді ғана жай тапқан шығар. Мәңгілік тапқан шығар...



**Пәни, фәни дүние** – өткінші, жалған мағынасында қолданылып, бұл дүниенің мәңгі еместігін анықтайтын ұғым.

**Шолақ белсенді** – асыра сілтеуші, шаш ал десе, бас алатын адам.

### ОЙТАЛҚЫ

1. Хансұлу қалай қайтыс болады? *«...Марқұмның қол буындары сіресіңкіреп қалған екен. Төсегіне жатқызғаннан кейін қолдарын жазып, бетін ақ шүберекпен бүркеді. Содан кейін ішкі бөлменің еденін жалаңаштап, Хансұлудың денесін ақ кебінге орап, екеулеп жүріп сонда апарып қойды...»* деген үзіндіде автор Едігенің бойындағы қандай мінез-құлықтарды ашып отыр деп ойлайсыңдар?
2. Жазушы романда символдық бейне ретінде нені қолданған? Оның қандай мәнісі бар?
3. Романдағы аспанның келбетін өмір туралы толғамдармен астастыра беруде қандай мағына бар деп ойлайсыңдар?
4. Едігенің тағдыры не болады деп ойлайсыңдар? Автордың шешімімен келісесіңдер ме?
5. Романның әсері тілінде ме, оқиға өрбітуінде ме?
6. Романдан қандай өмірлік қорытынды шығаруға болады?

### ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Хансұлудың трагедиясын күшейткен жағдайларды топпен бірге санамалап жазып шығыңдар.

Үзінді	Хансұлудың трагедиясын күшейткен жағдайлар
...Бетіне ақ шүберек жабар алдында марқұмның сарғыш тартқан жүзіне назар іріккен еді. Хансұлу қабағын шытып, көз жұмған екен. Қабағын шытып, не нәрсеге ренжіді екен? Бү пәнидегі соңғы демін жұтар алдында неге налыды екен Хансұлудай ғазиз жан? Бірақ неге ренжіді деуге бола ма?..	1.
	2.
	3.
	4.
	5.
	6.

2. «Концептуалды кесте» әдісімен үзіндідегі кейіпкерлердің өмірге қызығушылықтары мен адами қасиеттеріне талдау жасаңдар.

Кейіпкер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеттері	Кейіпкерге беретін баға
Едіге			
Хансұлу			

3. Үзіндіні тыңдап, автор стилін анықтаңдар. Авторлық стиль ерекшеліктері туралы өз пікірлеріңді шағын талдау жұмысы түрінде жазыңдар. Уақыт – 10 минут.

### ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

Топқа бөлініп, бір-біріңе «Жалған дүние» романы бойынша 3 түрлі сұрақ қойыңдар. Сұрақты талқылаңдар. Романда көтерілген мәселені анықтаңдар.

**Анықтау.** Романдағы тарихи және көркемдік құндылықтарды анықтаңдар.

**Салыстыру.** Романдағы құндылықтарды заманауи тұрғыда бағалап, салыстырыңдар.

**Бағалау.** Романдағы тарихи және көркемдік құндылықтарды өзіндік көз-қарас тұрғысынан қорытып, жаңашылдығына баға беріңдер.

### ОЙ ТҮЙІН

«Жалған дүние» романымен идеялық жағынан мазмұндас қандай көркем шығармаларды білесіңдер? Салыстыра талдап, әдеби сын жазыңдар.

**Кері байланыс.** «Бағалаушы сұхбат».

- 1) Роман бойынша алған біліміңді қай жерде қолдануға болады?
- 2) Роман бойынша қандай қосымша ақпарат алғың келеді?
- 3) Бұл романның не үйрендім?

**«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша қорытынды  
сұрақтар мен тапсырмалар**

**1-тапсырма.** Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңіндегі ақынның бейнесіне талдау жасаңдар.

Адамгершілік келбеті: \_\_\_\_\_

Ақындық келбеті: \_\_\_\_\_

Азаматтық келбеті: \_\_\_\_\_

**2-тапсырма.** Кесте бойынша «Өзім туралы» өлеңіндегі ақын ойы мен өз ойларыңды айтып, тұжырым жасаңдар.

Шумақтар	Ақынның айтар ойы	Менің ойым	Тұжырым
Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға, Көп күттім, көп тіледім құмарлана. Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім, Алыстан көрінгенмен мұнарлана.			
Құя алман үгітілген балшық өлең, Көңлімді көл жасамаң тамшыменен, Серінің семсеріндей сертке таққан Өлеңнің өткірін бір алшы менен.			
Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан, Сый көрді небір сараң мол Қасымнан. Жолдастың жүзін қайта алдым жинап, Айырылсам ала көңіл он досымнан.			

**3-тапсырма.** Үзіндіні оқып, кейіпкердің көз алдынан өткен ел тарихындағы оқиғалар туралы айтып беріңдер.

Едігенің көз алдынан кезінде жалпақ елге «кербез келіншек» деген аты шыққан, қазір ішкі үйде ақ кебін оранып жатқан Хансұлудың қым-қиғаш өмір жолы жүйткіп өтті. Отызыншы жылдар басында «бай» делініп, әкесі қуғын-сүргінге ұшыраса, одан кейінгі жылдары Құдай қосқан қосағы Шеге «халық жауы» атанып, қудаланудан көз ашпады. Соғыс тұсында тірі жесір Хансұлудың мойнында Шегенің

көрі шешесі мен шиеттей жас балалары қалды. Соларды аш-жалаңаш қылмаймын деп, Хансұлу қолына ақ таяқ алып, қысы-жазы қой соңында салпақтады.

**4-тапсырма.** Автор суреттеуіндегі жеке сөздерге мән бере отырып, кестені толтырыңдар.

Үзінді	Көркемдегіш құрал
Терезеден ішке құйылып тұрған Ай сәулесі ысырыла келе, ұйқысыз жатқан Хансұлудың бетіне де түсті. Хансұлу жүзін ашық терезеден сығалаған Айға бұрды. Жарықтық, Ай. Бір өзгерсеші... сол баяғы қалпы.	
Кереует үстінде бүк түсіп, басқа ұрған балықтай есеңгіреп отырды. Қарыз ғана емес, ол кітап шықса, Маусымжан үйге шетелдік жиһаз, хрусталь ыдыс-аяқ, кілем алам ба деген арманы да күл-талқан болды.	
Сабылған ойы өстіп шаршаған тәрізденгенімен, сезім-түйсігі әлі сергек жатыр. Жібек орамалдай үлбіреген түн лебін сезеді.	

## Эссе жазу үлгісі

Эссе – белгілі бір тақырыпта автордың субъективті көзқарасын білдіруге бағытталған жазбаша жұмыс. Эссе сипаттамалық, анықтамалық, хабарламалық, салыстырмалы, дәлелдеме, аргументтік, әдеби болып бөлінеді. «Әдебиет» пәнінде негізінен әдеби эссе жазылады. Әдеби эссе берілген көркем шығармадағы айтылған негізгі идеяға, көркемдігіне, тарихилығы мен кейіпкерлер жүйесіне байланысты өз көзқарасын білдіруді мақсат етеді. Эссе жазу мақсаты – білім бағалау болғандықтан, оқулықтағы эсселер «академиялық эссе» деп аталады. 11-сынып үшін эссе нормасы – 250–300 сөз.

*Эссе құрылымы:*

1. *Кіріспе.* Эссенің кіріспесінде негізгі ой тұжырымдама түрінде беріледі. Кіріспеде оқырманның қызығушылығын туғызу үшін риторикалық сұрақ, дәйексөз алуға болады. Кіріспеде барлық жұмыстың 30% -ы немесе 75–80 сөз болады.

2. *Негізгі бөлім.* Эссенің негізгі бөлімінде кіріспеде айтылған ой тұжырымды дәлелденіп, сараптама жасалады. Тақырыптың ашылуы үшін талданып отырған мәселе туралы жазылған ғылыми пайымдауларды дәйексөз ретінде пайдалануға болады. Негізгі бөлім эссенің 60% -ы немесе 150–160 сөз болуы керек.

3. *Қорытынды.* Кіріспеде айтылған түйінді пікірдің негізгі бөлімде дәлелденуін өз түйінді ойыңмен қорыту. Эсседегі негізгі идеяның ашылуы, жаңаша сипатта өз пікіріңнің болуы бағаланады. Қорытынды бөлім 10% немесе 25 сөзден тұрады.



## ГЛОССАРИЙ

**АЛЛЕГОРИЯ** (грекше *allegoria* – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей, образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл.

**ДАРЛАУ** – кейіпкердің жеке мінез ерекшелігі. Кейіпкердің өзіне ғана тән қимыл-әрекеті, сөйлеуі, киінуі, жүріп-тұруы.

**ЖИНАҚТАУ** – типтік бейне жасау үшін кейіпкер бойына заманына, кәсібіне, атқарып отырған қызметіне сай іс-әрекет, мінез ерекшеліктерін беру.

**КӨРКЕМ АУДАРМА** – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы.

**КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬ** (*бөлшек, бедер-белгі*) – мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекеленген сипат-белгілері.

**КӨРКЕМ ҚИЯЛ** – көркемдік ойлау ерекшелігі, суреткердің дүниеде, өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді, жай-жағдайларды қиял арқылы елестету қабілеті, бейнелеп көрсету тәсілі.

**КӨРКЕМДІК УАҚЫТ** – шығармада суреттелетін және оқырманға көрінетін уақыт. Ол нақтылы уақытқа қарағанда, оқырманның қабылдауына байланысты әр қырлы болуы мүмкін. Көркем шығармадағы оқиғалардың байланысы және реттеліп берілген сюжет арқылы уақыт сипатталады.

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ.** Кез келген көркем шығарма оның жазылу тарихымен байланысты. Ең алдымен, автордың шығарманы қашан, немен, қалай аяқтағанын анықтау қажет.

**КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ** – өмір шындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркемдік шындық – өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, ол жазушының өз ойы мен пікірін білдіруінен туады.

**ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР** – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлғалық бейнесі. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан

сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде ғана кездеседі.

**МӨҢГІЛІК БЕЙНЕЛЕР** – белгілі бір заманда, қоғамдық ортада қалыптасқан мінез-ерекшелігі бар, сонымен бірге бойынан жалпы адамзатқа тән сипат-қасиеттер де айқын танылатын, типтік тұлға дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер. Бір халықтың әдебиеті көлемінде ғана қалмай, дүниежүзі мәдениетінде танымал бейнелер болады.

**МОДЕРНИЗМ** (латын тілінен алынған термин, *modernus*) – жаңа, қазіргі деген мағынаны білдіреді. Модернизм – ХХ ғасырдың басында пайда болған философиялық-эстетикалық ағым.

**ПОЭЗИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА** – өлең жырларда, поэзия туындыларында қолданылатын сөз қоры, тіл байлығы. Бұл тұрғыда әр сөздің мағыналылығына, мәнділігіне және бейнелілігіне, сөз сұрыптау, іріктеу, таңдаулысын тану, шебер қиюластыру, сөз інжуін жарасымды қолдану шеберлігіне айрықша назар аударылады.

**ПОЭМА** – өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлеңмен суреттеу.

**ПРОТОТИП** – әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар тұлға.

**РОМАН-ЭПОПЕЯ** (грек. *epopoeia* – тудыру, жазу) – эпостық шығарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін ортақ идея мен бір тақырыптың арнасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды.

**СИМВОЛ** (грекше *symbolon* – нысана, бейне, белгі) – бейнелеу. Айтайын дегенін ашып айтпай, астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу.

**СТИЛЬ** – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

**СЮЖЕТ** (франц. *sujet* – зат) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.

**ТАРИХИ ШЫНДЫҚ** – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі.

**ТИПТЕНДІРУ** – суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тануы, таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы.

**ТРИЛОГИЯ** (грек тілінен *tri* – үш, *logos* – сөз) – мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасқан, тұтас үш бөлімді туынды.

**ШЕГІНІС** – шығармадағы оқиға желісіне тікелей қатысы жоқ басқа бір жай-жағдайларды кенжелей кірістіріп айту. Көбінесе әңгіме желісін үзіп, кідіріс жасаған кезде бұдан бұрынырақ болған жай тілге тиек етілетіндіктен, бұл тәсіл «шегініс» деп аталады. Кейде «лирикалық шегініс» делінеді. Лирикалық шегіністе байқалып отырған жағдайға, суреттеліп отырған кейіпкерге автордың өз қатынасы, өз көңіл күйі айтылады.

**ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ** – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі.

**ІШКІ МОНОЛОГ** – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне-өзі қарата айтылған арнауы. Көңіл күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдың бір түрі.

**ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ** (лат. *eksistentia* – өмір сүру) – ХХ ғасырдың бас кезінде пайда болған және болмысты субъект пен объектінің тікелей бөлінбес тұтастығы ретінде түсіндіруге тырысқан қазіргі заманғы философиядағы бағыт.

**ЭССЕ** – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б.* Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: «Атамұра», 2008. – 544 б.
2. «Атамекен» географиялық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
3. *Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И.* Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2011. – 320 б.
4. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері. 1-том. / Оңдасынов Н.Д. – Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай. – Алматы: «Ана тілі», 1996.
6. *Бітібаева Қ.* Әдебиетті тереңдетіп оқыту: ХІХ ғасырдың ІІ жартысы, ХХ ғасыр: Оқу құралы, бағдарлама: Х, ХІ сыныптар. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті, 2000. – 274 б.
7. *Бітібаева Қ. М.* Өуезов туындыларын мектепте оқыту: Әдістемелік құрал. – Алматы: «Мектеп», 2002. – 120 б.
8. *Бітібаева Қ.* Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: «Рауан», 1997. – 288 б.
9. *Бітібаева Қ. М.* Өуезов шығармашылығын оқыту: Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 1994. – 94 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. / Құраст. Күдерінова Қ., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст. Сүйерқұлова Б., Жанұзақ Т., Жұбаева О. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст. Момынова Б., Сүйерқұлова Б., Фазылжанова А. және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
13. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
14. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 368 б.
15. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құраст. Р. Нұрғали. – Астана: Фолиант, 2004. – 426 б.
16. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998.
17. Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр. Анықтамалық. – «Ана тілі», Алматы: 2004. – 392 бет.

18. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық/Құраст. Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: «Ан арыс», 2009. – 480 бет.
19. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст. Құрманбайұлы Ш., Исақова С., Мизамхан Б. және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
20. Сейфуллин С. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2004.
21. Қирабаев С. Сәкен туралы сөз // кітапта Қирабаев С. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1992.
22. Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «Көшпенділер», 2006.
23. Аманжолов Қ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Айғаным», 2014.
24. Елубай С. Ақ боз үй. Роман-трилогия. – Алматы: «Атамұра», 2008.
25. Сүлейменов А. «Бесатар». Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Атамұра», 2009.
26. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. II том. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2003.
27. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: «Санат», 1996.
28. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
29. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құраст. Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: «Алматыкітап», 2009.
30. Эссе жазуға арналған 10 сабақ. Оқу-әдістемелік құрал/Дүсіпова Қ.С. – Алматы: «Таңбалы», 2017. – 36 бет.
31. <https://kitap.kz/books>
32. <https://kitap.kz/author/350>
33. <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/3352>
34. <https://bilimland.kz>

## М А З М У Н Ы

Алғы сөз.....	3
---------------	---

### ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН

Сәкен Сейфуллин .....	6
Сыр сандық .....	9
Ілияс Есенберлин .....	15
Қаһар (романнан үзінді) .....	17
Батыр Кене .....	18
Наурызбай (жалғасы).....	27
Кенесары хан (жалғасы).....	33
Кенесары хан мен Гербурт-Жүсіп (жалғасы) .....	39
Жүсіптің ақылы (жалғасы) .....	46
Хандық Кеңес (жалғасы).....	50
Асқар Сүлейменов .....	56
Бесатар (повестен үзінді).....	58
Иноземцев, 1916 жыл, 7 шілде, сәске .....	59
Крейгель (жалғасы) .....	63
Сәруар, Төрехан (жалғасы) .....	70
Мұқарали, Иноземцев (жалғасы) .....	78
Мұқарали, Иноземцев (жалғасы) .....	87
<i>«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар .....</i>	<i>92</i>

### ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ

Қасым Аманжолов .....	96
Өзім туралы .....	98
Смағұл Елубай .....	105
Жалған дүние (романнан үзінді).....	107
Жалған дүние (жалғасы).....	115
Жалған дүние (жалғасы).....	121
Жалған дүние (жалғасы).....	130
<i>«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар .....</i>	<i>134</i>
Эссе жазу үлгісі .....	136
Глоссарий.....	137
<i>Пайдаланылған әдебиеттер .....</i>	<i>140</i>

Оқу басылымы

**Ақтанова Айман Советқызы  
Жүндібаева Арай Қанапияқызы  
Нұрлыбаева Жанар Нұрахымқызы**

**ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ**

**Екі бөлімді**

**1-бөлім**

**Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық  
бағыттағы 11-сыныбына арналған оқулық**

*Редакторы Р. Райбаева  
Суретшісі А. Дүзелханов  
Көркемдеуші редакторы А. Бекқожанова  
Техникалық редакторы Ү. Рысалиева  
Корректоры Е. Амангелді  
Компьютерде беттегендер Е. Козлова, Г. Тасыбаева*

**ИБ №064**

Теруге 27.03.2019 берілді. Басуға 26.06.2020 қол қойылды. Пішімі 70x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Шартты баспа табағы 10,53. Есептік баспа табағы 7,55.  
Таралымы 6 000 дана. № 5186 тапсырыс.  
«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы»  
ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.





# Оглавление

page1  
page2  
page3  
page4  
page5  
page6  
page7  
page8  
page9  
page10  
page11  
page12  
page13  
page14  
page15  
page16  
page17  
page18  
page19  
page20  
page21  
page22  
page23  
page24  
page25  
page26  
page27  
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69  
page70  
page71  
page72  
page73  
page74  
page75  
page76  
page77  
page78  
page79  
page80  
page81  
page82  
page83  
page84  
page85  
page86  
page87  
page88  
page89  
page90  
page91  
page92  
page93  
page94  
page95  
page96  
page97  
page98  
page99

page104  
page105  
page106  
page107  
page108  
page109  
page110  
page111  
page112  
page113  
page114  
page115  
page116  
page117  
page118  
page119  
page120  
page121  
page122  
page123  
page124  
page125  
page126  
page127  
page128  
page129  
page130  
page131  
page132  
page133  
page134

page139

page140

page141

page142

page143

page144